

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ҒЫЛЫМИ, ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ЖУРНАЛ

АЙҚАП



Халықаралық қоғамдық-саяси, ғылыми, әдеби-көркем журнал

Жылына 4 рет шығады

Басылымның 1911 жылдың қаңтар айынан 1915 жылдың шілде айына дейін Мұхамеджан Сералиннің редакторлығымен 88 саны жарық көрді.

2012 жылдың шілде айынан бастап жазушы-қайраткер Қоғабай Сәрсекеевтің ұйымдастыруымен журналдың жалғасы ретінде тіркеліп, редакторлығымен 10 нөмірі жарық көрді.

2016 жылдың наурыз айынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылтайшылығымен қайта шығарыла бастады.

International social-political, scientific and literary-art journal

Published 4 times a year

Under the editorship of Mukhamedzhan Seralin, from January 1911 to July 1915, it was published 88 issues of the journal.

Through the writer, public figure Kogabay Sarsekeev, since the July 2012, under his editorship were published 10 issues of the journal, re-registered as a continuation of the journal.

Since March 2016 the journal is published on the basis of Al-Farabi Kazakh National University.

Международный общественно-политический, научный и литературно-художественный журнал

Выходит 4 раза в год

Редактором Мухамеджаном Сералиным с января 1911 года по июль 1915 года было издано 88 номеров журнала.

Писатель, общественный деятель Когабай Сарсеев с июля 2012 года издал 10 номеров журнала, зарегистрированного как продолжение издания Сералина.

С марта 2016 года журнал издается в Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Құрылтайшы
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Founder
Al-Farabi Kazakh National
University

Учредитель
Казахский национальный университет
имени аль-Фараби

Редакцияның мекенжайы:
050016, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғ., 71
БОК-II, журналистика факультеті, 205-каб.
Электрондық пошта: aikap145kaznu@gmail.com

Editorial address:
050016, Almaty, Al-Farabi avenue, 71
E-mail: aikap145kaznu@gmail.com

Адрес редакции:
050016, г. Алматы, проспект аль-Фараби, 71
ГУК-II, факультет журналистики, каб. 205
Электронная почта: aikap145kaznu@gmail.com

Журнал ҚР Инвестициялар және даму
министрлігінде 2016 жылдың 12 сәуірінде
тіркеліп, №15947-Ж куәлігі берілді.
Индексі: 74516

Журнал сериялық басылымдарды
тіркейтін ISSN Халықаралық орталығында
(ЮНЕСКО, Франция, Париж) тіркеліп,
халықаралық ISSN 2304-9324 нөмірі берілді

Бас редактор

Галымқайыр Мұтанов

Бас редактордың бірінші орынбасары

Өмірхан Әбдиманұлы

Бас редактордың орынбасары

Сағатбек Медеубекұлы

Жауапты редактор

Гүлнар Мұқанова

Қазақ мәтінінің редакторы

Жетпісбай Бекболатұлы

Орыс мәтінінің редакторы

Іңкәр Кәкілбаева

Ағылшын мәтінінің редакторы

Қарлыға Мысаева

Chief Editor

Galimkair Mutanov

The first deputy editor

Omirkhan Abdimanuly

Deputy Chief Editor

Sagatbek Medebekuly

Contributing editor

Gulnar Mukanova

Editor of Kazakh text

Zhetpisbay Bekbolatuly

Editor of Russian text

Enkar Kakilbaeva

Editor of English text

Karlyga Mysaeva

Главный редактор

Галимқайыр Мутанов

Первый заместитель главного редактора

Омирхан Абдиманулы

Заместитель главного редактора

Сағатбек Медеубекұлы

Ответственный редактор

Гюльнар Муканова

Редактор казахского текста

Жетписбай Бекболатұлы

Редактор русского текста

Энкар Какильбаева

Редактор английского текста

Қарлыға Мысаева

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әбжанов Хангелді

Байбек Бауыржан

Бекір Қарлыға (*Түркия*)

Берязев Владимир (*Ресей*)

Дербісәлі Әбсаттар

Жақып Бауыржан

Жұрынов Мұрат

Кибальник Сергей (*Ресей*)

Қалижанов Уәлихан

Қойгелдиев Мәмбет

Мелвилл Чарльз (*Ұлыбритания*)

Оразалин Нұрлан

Сағадиев Кенжеғали

Салихов Азат (*Башқұртстан*)

Сейсенбаев Роллан

Сәрсекеева Гаухар

Сүлейменов Олжас

Уинстон Наган (*АҚШ*)

Хамнер Аббас (*Иран*)

EDITORIAL COUNCIL

Abzhanov Khangeldy

Baibek Bauyrzhan

Bekir Karlyga (Turkey)

Beryazev Vladimir (Russia)

Derbisali Absattar

Zhakup Bauyrzhan

Zhurinov Murat

Kibalnik Sergey (Russia)

Kalizhanov Ualikhan

Koygeldiev Mambet

Charles Melville (*United Kingdom*)

Orazalin Nurlan

Sagadiyev Kenzhegali

Azat Salikhov (*Bashkortostan*)

Seisenbayev Rolland

Sarsekeeva Gauhar

Olzhas Suleimenov

Winston Nagan (USA)

Hamier Abbas (Iran)

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Абжанов Хангельды

Байбек Бауыржан

Бекир Қарлыға (*Турция*)

Берязев Владимир (*Россия*)

Дербисали Абсаттар

Жақып Бауыржан

Журинов Мурат

Кибальник Сергей (*Россия*)

Қалижанов Уәлихан

Қойгелдиев Мәмбет

Мелвилл Чарльз (*Великобритания*)

Оразалин Нұрлан

Сағадиев Кенжеғали

Салихов Азат (*Башқортостан*)

Сейсенбаев Роллан

Сәрсекеева Гаухар

Сүлейменов Олжас

Уинстон Наган (*США*)

Хамиер Аббас (*Иран*)

Мазмұны – Contents – Содержание

МІНБЕР – TRIBUNE – ТРИБУНА

<i>Әлібек АСҚАР</i> Жаңа қоғам қалыптастырсақ.....	4
---	---

АҚПАРАТ – INFORMATION – ИНФОРМАЦИЯ

«Бейбіт өмірге арналған сана» халықаралық конференция.....	10
--	----

САРАПТАМА – ANALYTICS – АНАЛИТИКА

<i>Ғалымқайыр МҰТАНОВ</i> Ұлы ұстаздан тағылым	11
---	----

<i>Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Назира ДОСАНОВА</i> Елдік пен ерлік жыршысы – ұлы жамбыл	17
--	----

<i>Diana W. WORMUTH, Gulnar MUKANOVA</i> Central Asia in EBRD focus: Covid-2019 trends and adjustments	25
---	----

<i>Жігер ЖАНӘБЛІ</i> Генетика және тарих	31
---	----

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР – LIFE OF WONDERFUL PEOPLE – ЖЗЛ

Қалижан БЕКХОЖИН.....	45
-----------------------	----

ӨРКЕНИЕТ – CIVILIZATION – ЦИВИЛИЗАЦИЯ

<i>Назгул ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА</i> Рухани жаңғыру және мәдениеттер үндестігі	46
---	----

<i>Jin NODA</i> Three perspectives for Central Asia: studies in Japan	51
--	----

ТАРИХ – ТАҒЫЛЫМ – HISTORY LESSONS – УРОКИ ИСТОРИИ

<i>Didar KASSYMOVA</i> Repatriation of kazakhs from China, 1950-1960s	60
--	----

<i>Жанымхан ОШАН</i> «Тоғыз татар»: монғолдар, тангуттар немесе ...?	72
---	----

<i>Жандос ҚҰМҒАНБАЕВ</i> «Үш жүз» партиясы және ұлттық мемлекеттілік ұстанымдар	80
--	----

РУХАНИЯТ – SPIRITUALITY – ДУХОВНОСТЬ

<i>Райхан ИМАХАНБЕТ</i> Ахметтану мәселесі: өткені, бүгінгі һәм келешегі	89
---	----

<i>Кенже КҮРКЕБАЕВ</i> Қазтуған жыраудың «Алаң да, алаң, алаң жұрт» толғауындағы көркемдік кесте ...	100
---	-----

<i>Абай САДУАҚАСОВ</i> Ұлттық өнер насихаты.....	105
---	-----

<i>Людмила ЕКШЕМБЕЕВА</i> Образы билингвизма в моей монолингвальной жизни	111
--	-----

<i>Елена ЗЕЙФЕРТ</i> Шпрук в поэзии российских и казахстанских немцев	115
--	-----

ЗАМАНСӨЗ – PUBLICISM – ПУБЛИЦИСТИКА

<i>Сәбира БАЗАРБАЙ</i> «Жусан» операциясы. оралған отандастар.....	124
---	-----

<i>Георгий ПОЧЕПЦОВ</i> От информационных войн до виртуальной реальности.....	129
--	-----

ТҮЛҒА – PERSONALITY – ЛИЧНОСТЬ

<i>Шолпанай АМАНЖОЛОВА</i> Бөкеевтер әулеті және құнды суреттер тарихы.....	135
--	-----

ПОЭЗИЯ – POETRY – ПОЭЗИЯ

<i>Жұмекен НӘЖІМЕДЕНОВ</i> Аспанда күн барда, әлемде сыр барда.....	141
--	-----

ПРОЗА – PROSE – ПРОЗА

<i>Дидар АМАНТАЙ</i> Жасыл тыныштық.....	147
---	-----

Автор туралы: жазушы. «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығының Бас директоры, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

About the author: writer. Chief Director of the Scientific and Practical Center «Til-Kazyana». Laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan.

Об авторе: писатель, Генеральный директор Научно-практического центра «Тіл-Қазына» им. Ш. Шахметова, лауреат Государственной премии РК.



Әлібек АСҚАР

ЖАҢА ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРСАҚ...

Аңдатпа. Автор бұл сырашарында Алаш қайраткерлері бастаған ұлы мұраттарды орындау ісінің бүгінгі күнмен сабақтастығына мән беріп, ҚР Президенті Қ.-Ж. К. Тоқаевтың ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру туралы идеяларын қолдайтындығын білдіреді. Алғашқы «Айқап» пен қазіргі «Айқап» журналының идеялық ұқсастықтары мен тақырыптық айырмашылықтарына тоқталады. Журналдың осы күнгі бет-бейнесіне баға береді.

**Alibek ASKAR
CREATING A NEW SOCIETY ...**

Abstract. Author in his essay reflects on the continuity of the great ideals initiated by the leaders of Alash and expresses support the President Of the Republic of Kazakhstan K.-J. K. Tokayev on the need formation of a new national identity. The author draws a comparison between the first «AIKAP» and its successor, the modern magazine «AIKAP».

**Алибек АСҚАР
СОЗДАВАЯ НОВОЕ ОБЩЕСТВО ...**

Аннотация. В интервью идет речь о продолжении в нынешнее непростое время традиций деятелей Алаш, о новых инициативах президента К.-Ж. Токаева, направленных на сохранение духовного наследия казахов, о современном «Айқапе», сохраняющем верность целям и задачам журнала 1911 года, о проблемах, освещаемых в нынешнем «Айқапе».

– Әлібек Асылбайұлы, Сіздің ойыңызша Мұхамеджан Сералин өткен ғасырдың басында «Айқап» деген журнал шығарғандағы мақсатына жете алды ма? Басқаша айтсақ, сол журнал өзінің тарихи миссиясын толық орындады ма?

– Иә, расында «Айқап» журналының шығуы ХХ ғасыр басындағы ұлттық Ояну дәуіріндегі аса ірі мәдени құбылыстардың бірі. 1911 жылдан бастап жарық көрген бұл журнал нағыз ұлттық басылымға айналғанын баршамыз білеміз. «Айқап» журналының басты мақсаты – қазақты ояту, өзінің құқығы мен теңдігін сездіру, білім мен мәдениетке үндеу дейтін болсақ, журнал шығып тұрған 5 жыл уақытта өзінің мақсатына жетті деп ойлаймын. Журналдың беттерінде қазақтың ұлы ақындары Мағжан Жұмабаевтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңдері, Жүсіпбек Аймауытовтың тырнақалды прозалық туындылары жарияланды. Яғни журнал жастардың талабын асырып, қаламын ұштады. «Айқап» бетіндегі саяси-қоғамдық мақалалар арқылы қазақ халық ретінде өзінің жағдайын ұғынды, ұлттық абыройы мен беделі туралы ойлана бастады, халықтың бойына азаттық рухы сіңіп, тәуелсіздікке ұмтылды. Осының бәрі журналдың ұлттық мүдделерді көтеріп, жалпы халыққа таратуы десек, онда «Айқап» журналы өзінің мақсатына жетті деп санауға болады. Мен осындай пікірдемін. Әрине, журнал шығуын тоқтатпай ары қарай жарық көре бергенде одан да үлкен мақсаттарға жеткен болар еді. Бірақ шығып тұрған жылдардың өзінде журнал нағыз халықтық бағыттағы ұлттық басылымға айнала алды.

– Арада ғасырдан астам уақыт жатыр, сол кездегі оқырман мен бүгінгі оқырманның арасында ұқсастық бар деп ойлайсыз ба?

– Әрине, заман өзгерді, қоғам жаңарды. Адам қоғамды өзгерте отырып, өзі де өзгерді. Одан бері неше буын алмасты. Сондықтан сол кездегі оқырман мен бүгінгі оқырманның арасында айырмашылық орасан үлкен. ХХ ғасыр басында қазақ даласында оқырман аса көп емес еді. Соған орай «Айқап» журналының да, «Қазақ» және тағы басқа газеттердің де таралымы сол оқырманның санына шақ болатын. Қазір бүкіл қоғам сауатты. «Айқап» тұсында оқырман мыңдап саналса, қазір миллиондап саналады. Бұл бірінші ерекшелік. Екінші ерекшелік, ол заманда қазақ «Айқапты» айлап күтіп отырса, бүгін сайттарда, әлеуметтік желілерде минут сайын жаңалықтар алмасып жатады. Яғни бүгінгі оқырманның таңдауы да, мүмкіндігі де шексіз. Үшіншіден, қазіргі тақырыптар аса кең. Тұрмыстық жағдаяттардан бастап жаһандық оқиғаларға дейін жаңалықтар тасқыны өте жоғары. Бүгінгі адам – ақпараттанған адам. Бұл – ерекшеліктері. Ұқсастықтарына келсек, қазақтың бірқатар мәселелері бүгінде шешілмеген. Олардың ең негізгісі – тіл. Мысалы, «Айқап» журналында Қостанайдан Уәлиолла Халили деген автордың «Тіл сақтаушылық» атты мақаласы жарық көріпті. Автор халықты сақтаудың, ұлтты біріктірудің ең басты тетігі тіл дей отырып, қазақ тілінің тағдырына байланысты алаңдаушылық білдіреді. Мақала аса өзекті, егер заманның орайына қарай стилін ескермесек, дәл бүгін жазылғандай. Бүгін де тіл тағдыры заман таразысында тұрғанын бәріміз білеміз, Уәлиолла ағамыз айтқандай, біз шама-шарқымызша де айтып жүрміз, жазып жүрміз. Бірақ қарқынымыз шабандау. Демек, кешегі оқырман мен бүгінгі оқырманды ортақтастыратын құбылыс – тілдің тағдыры, сол арқылы тұтас ұлттың тағдыры.

– Заманнан заман өтті, жұрт жаңғырды. Сіз бүгін Ахмет Байтұрсынұлының «Қазағым елім, қайқайып белің, тұр сынуға таянып, Талауда малың, қамауда жаның, аш көзіңді оянып!» деген, болмаса Мағжан Жұмабаевтың «Ұйқы басқан қабағын, бастыра киген тымағын, алдындағы малымен, бұрынғы ескі заңымен бірге тұрып бірге жүрген қазақ деген елім бар» деген өлеңін қайталап айтар ма едіңіз?

– Әрине, алдымен барымыз, тәуелсіздігіміз үшін Жаратқан Аллаға шүкіршілік етуіміз керек. Ақаңдар мен Мағжандардың заманы қазіргі заманға карағанда қазақ ұлты үшін әлдеқайда қиын заман еді ғой. Бүгін айналайын, тәуелсіздігіміз басымызда, әлемде 7 мыңға жуық халық болса, солардың 194-і Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер. Соның бірі – Қазақ елі, Қазақстан Республикасы. Бүгінгі қазақтың да шешілуге тиісті мәселелері баршылық. Бірақ бүгінгі өлеңнің мазмұны басқашарақ.

– Қазір дүниежүзіне төрелік етуге құзырлы ұйымдар «жаһандық азаматтық» идеясын алға тартып, соны жаппай санаға сіңіруге күш салауда. Яғни Сіз бен біз алматылық, я өскемендік болмаймыз, басқаша айтқанда, біз – адамдар, жерге, елге, ұлтқа, нәсілге бөлінбей, баршамыз жаһандық азамат болуымыз керек секілді... Сонда қалай...? Бұл өзі мүмкін нәрсе ме?

– Адамзат Жаһандану дәуіріне батыл еніп келеді. Оның ішінде қазақ халқы да бар. Ол біздің жеке қалауымыздан тыс ғаламдық үдеріс. Сондықтан бір жағынан жаһанданудың бізге жат жақтарымен күресе, тіресе отырып, екінші жағынан қажеттісімен үндесе отырып өмір сүруіміз керек. Жаһанданудың негізі ғаламдық экономика. Қазақстан қажетті тауарлармен, қызмет түрлерімен отандық өндіріс арқылы шыға ала ма? Әрине, шыға ал-

майды. Қазақстан тұрмақ, Ресей сияқты алпауыт мемлекеттердің өзі әлемдік экономикаға тікелей тәуелді. Өйткені, қарапайым тұрмыстық заттардан бастап ұшақтарға дейін сатып аламыз. Қолымыздағы телефон, астымыздағы көлік, тұратын үйіміздегі мүліктер барлығы шетелдікі. Ғылым мен жаңа технология шетелдікі. Ең жақсы маман дайындайтын білім жүйелері шетелдікі. Осындай күйде отырып, қалай жаһанданудан тыс боламыз? Әлбетте, оның ішінде болуға тиіспіз. Әрине, ұлтқа, нәсілге бөлінбеу дұрыс емес. Ұлттық ерекшелігіміз жоғалмауы тиіс. Жоғарыда айтқан тіл мәселесі – ұлтты сақтаудың негізгі кепілі.

– Жақында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында – ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру идеясын ұсынды. Сіздіңше осы идея қай мазмұнда жүзеге асуы керек?

– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасы өте дұрыс, қос қолымызды көтеріп қолдаймыз. Қай ұлт болсын өмірдің жаңа қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап бере алмаса, соған орай өзінің ұлттық келбетін жетілдіріп тұрмаса, ол заманауи ұлт бола алмайды. XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары көтерген мәселелер де ұлттық реформа болатын. «Айқап» журналы да сол реформаға қызмет етті. Мұхаметжан Сералин болсын, Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы болсын өз дәуірінің реформаторлары. Олардың алдында қазақ санасының, мәдениетінің ұлы реформаторы Абай тұр. Президенттің «Абай және XX ғасырдағы Қазақстан» мақаласын оқып отырсаңыз, оның қазіргі ұлт санасындағы реформалық белгілерді ұлы ойшыл шығармашылығымен байланыстырғанына көзіңіз жетеді. Менің ойымша, бұл реформаның мазмұны өмірдің өзінен өрістеуі керек. Ол дегеніміз алдымен Қазақстан мемлекеті өзінің азамат-

тарын әлеуметтік жағынан қамтамасыз ететін экономикасы қуатты мемлекет болуы тиіс. Әрбір азамат өзінің қабілеті мен біліміне орай, еңбек ете алуы тиіс. Осындай әділетті және қолжетімді еңбек нарығы толық қамтамасыз етілгенде адамдардың санасында өзінің еліне деген құрмет, ұлттық абырой мен бедел қалыптасады. Қазіргі адамдар прагматик, ісшіл. Яғни адамдарды қоғамды бейтарап идеялар арқылы емес, нағыз іс жүзіндегі әрекеттермен иландыра аламыз. Идеяның дәні соны қабылдай алатын құнарлы жерге себілгенде ғана жемісін бермек. Негізсіз идея тек сөз жүзінде ғана қалатынын сан мәрте көрдік. Сонымен қатар еліміздегі білім жүйесі дұрысталуы, жетілдірілуі керек. Әзірше, осы күнге дейін бұл салаға жасалған «реформалар» тек әрекеттердің жиынтығы болып қалған. Қазақтың баласы, жастары өз мектебінде, өз университетінде білім алуы керек. Ол патриоттық сезіммен ғана емес, сол мектептер мен университеттердегі білім беру сапасымен де тікелей өлшенуі тиіс. Қай заманда да қабілет, білім және еңбек ұштағаны үйлескен қоғам жетістікке жеткен. Қазақстанда осындай қоғамдық орта нық қалыптасуы тиіс. Сонда Президент айтқан жаңа қоғам, жаңа адам қалыптасады. Бұл Алаш баласын жаңа деңгейге, заманауи биікке көтереді.

– Қазіргі «Айқап» оқырмандарына айтар тілегіңіз?

– Журнал оқырмандарына айтар негізгі тілек – мынау жалпақ дүниені жайлаған індеттен баршамыз аман болайық. Елшіл жастарымыз көбейсін. «Айқап» журналы көтерген қай тақырып болса да өзінің тереңдігімен, интеллектуалдылығымен қалың оқырманының санасына серпіліс әкелсін.

Қазір әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығарып жатқан

халықаралық қоғамдық-саяси, ғылыми, әдеби-көркем журналды көрсек, кешегі Алаш ардақтылары бастап кеткен мұраттардың бүгінгі беталысын аңғарамыз.

Кез келген тауарды алмас бұрын сіз оның тысына, сыртқы безеніне мән бересіз. Бұл журналға да алдымен тауар деп қарасаңыз, көзге бірден жылыушырайтын жасыл мен ақ түс астасқан мұқабаның бірінші беті көңіліңізге әртүрлі ой салады. Мұқабаның түптелген жағындағы жасылтіктөртбұрыш жоғарыдан қоюланып басталып келеді де мәңгі жасыл Жерге жалғасып кетеді. Ішінде қатар-қатар түзілген ядролар мен мұндай тіктөртбұрыш өркениеттің негізі – қарапайым математикалық – геометриялық есептеулерден қазіргі дамыған ақпараттық технологиялар жүйесіне ұласқан ойлау мәдениетінен хабар беріп тұрғандай. Осы жасыл тіктөртбұрыштың дәл ортасында көзге көрінер-көрінбес кішкентай нүктеден бірте-бірте ұлғайып келе жатқан шеңбер ағараңдайды. Бір ойыңыз оны мәңгіліктің немесе тіршіліктің бастауы деп қабылдаса, келесі ойыңыз оны ақылдың немесе алыстан жылтыраған үміт пен арманның сәулесі деп ұғады. Жасыл тіктөртбұрыштың төменгі жағы мәңгі жасыл жұмыр жерге сіңіп кетеді, яғни бүкіл өркениет жерден бастау алады да жер бетіне қызмет етеді деген ойға жетелейді. Мәңгі жасыл жұмыр жердің беті аппақ түспен ұштасып кеткен. Керісінше аппақ түс жоғарыдан төмен қарай сейіле келе жер бетіндегі жасыл майсаға сіңіп жоқ болады. Егер ақылдың түсі ақ болады деп түсінсек, онда мына көрініс аспан әлемінен жерге қарай ақылдың нұры құйылып тұрғандай әсер береді. Мұқабаның жоғарғы оң жағында жиырмасыншы ғасырдың басында Алаш қайраткері Мұхаметжан Сералин шығарған алғашқы «Айқаптың»

сыртқы бетінде тұрақты түрде беріліп тұрған арап қарпімен жазылған аты мен шығарылған жылы, айы, күні тоғысқан фирмалық логотип. Мұқабаның төменгі оң жағында 2012 жылдың шілде айынан 2014 жылға дейін Қоғабай Сәрсекеев қайта шығара бастаған «Айқаптың» мұқабасындағы мәңгіліктің мағынасын беретін оюмен көмкерілген шеңбер орналасқан. Шеңбер ішінде сол журналдағыдай басылымның кезекті санының реттік нөмірі, жарық көрген айы, күні, жылы көрсетілген. Мұқабаның жоғары бөлігіне орналастырылған «АйҚАП» деген атау әріптерінің берілуі де «сөйлеп» тұрғандай. «А» әрпінен кейін тұрған «й» әрпінің кішірейтіп берілуінен «ай» деген одағайдың айтылуындағы өкінішті көзбен оқып құлақпен есгендей боласыз. «АйҚАП» деген журналдың аты қай басылымда болмасын, ендігі әрі осы тұрпатта яғни «й» әрпі кішірейтіліп, қалған әріптер үлкейтіліп берілуі керек. Сонда қай «Айқап» туралы сөз қозғалып жатқаны анық болады. Мұқабаның тысына журналдың аты да, негізгі айдарлары да ұлттық нақыштағы қаріп гарнитуралармен берілген.

Бір сөзбен, көрген адамның көзіне бірден ілініп, көңілін баурап алатын журнал мұқабасының тысында басы артық, қызмет етпей тұрған бірде-бір сызық жоқ, бәрі де үйлесімді әрі мағыналы. Журнал алдымен осы безенімен тартымды. Оның келесі тартымдылығы мазмұнында.

Қазіргі халықаралық «АйҚАП» қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде тың тақырыптарды арқау еткен жазындарды жариялайды. Жазынның мәтіні қазақ тілінде болса, алдымен сол тілде, содан соң ағылшын және орыс тілінде авторы туралы мәліметтер мен аңдатпасы беріледі.

Жақында жарық көрген санында қоғамдық өмірде, саясатта, ғылымда, өзге де руханият салаларында ай-


тылмай жүрген ақиқаттар негізінде жазылған мақалалар жарияланған. Мысалы, қоғам өміріндегі ең өзекті мәселелерді сөз ететін «Мінбер» айдарында қайраткер-жазушы Бексұлтан Нұржекеев «Қазақтың «Ай, қап!» деген кезі кемде-кем» деген сұхбатында ұлтымыздың арғы-бергі тарихын қозғай отырып, кешегісі мен бүгінгісіне және ертеңіне қатысты өз көзқарасын ашық білдірген. «Өркениет» айдарында әйгілі түрктанушы ақын Олжас Сүлейменовтың «Этимологияға кіріспе» деген зерттеуінен үзінді берілген. Мұнда орыс тілінде ғана емес әлем тілдерінде кездесетін атаулар мен аталымдардың төркіні қайдан шыққанына ғылыми сараптама жасалады. Бұрын аңғарылмай немесе қасақана мән берілмей келе жатқан түрк сөздерінің әлемнің көптеген тілдеріне жасаған ықпалын нақты мысалдармен дәлелдейді. Осы айдардан фиолософ-ғалымдар Лесхан Асқар мен Берік Аташтың Аристотель туралы тың ойларға негізделген мақаласын оқуға болады. Шет ел авторларының да қызықты мақалалары басылымның бағасын арттыра түскен. Ресей Ғылым Академиясы жанындағы Шығыстану институты Араб және ислам зерттеу орталығының Бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор Тауфик Ибрагимовтың әлем мойындаған әл-Фарабидің ғылыми жаңалықтары, оның дүниетанымының Аристотель ілімінен айырмашылығы, ғұламаның қазақ жерінде терең зерттеліп және жан-жақты наихатталып жатқандығына байланысты ойларын ортаға салады. Е. Кәрбозов пен П. Бейсенбаевтың көп айтыла бермейтін Шығыстық қайта өрлеу дәуірі жөніндегі талдамалы мақаласы да, Польшаның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі, ғылым докторы Селим Хазбиевичтің «Еуропадағы ислам және қырым татарлары» атты мақаласы да оқыған адамға көп ой сала-

ды. Журналдың «Тарих-тағылым» атты айдарында бұрын айтылмай келген тарихи тұлға, Халық комиссары Хаким Дүйсенов туралы архивтік құжаттар негізінде жазылған танымдық мақала да тарих ақтаңдағының орнын толтырары сөзсіз. Кембридж университетінің тарихшысы Калра Праджктидің Жібек жолының моңғол кезеңін бүгінгі таным биігінен қайта қарасырған зерттеуі де қызықты. «Руханиат» айдары бойынша берілген түркмендік ғалым Мұрадгелди Соеговтың Көрұғлы батырдың сәйгүлігі Гыр-атты өмірде бар бейнелер мен киелі ұғымдар арқылы тануға жол ашатын танымдық мақаласы түркілік тамырластықтың тағы бір желісін

ашып береді. Ауғандық зерттеуші Хошал Джабархилдің Ауғанстан жаңа медиасының бүгінгі мен болашағына сараптама жасаған жазыны да – оқыған адамның таным көкжиегін кеңейтер дүние. Әрине, журналды қолына алып танысқан адам бұлардан басқа да мазмұны терең жарияланымдарды көрер еді.

Қорыта келгенде, нөмір сайын мазмұндық тұрғыдан кемелденуге бет алған қазіргі халықаралық «Айқаптың» оқырмандары да көбейіп, авторлар құрамы да сапалық тұрғыдан көтеріліп келе жатқаны бізді қуантады.

Сыр ашқан С. Медеубекұлы





«БЕЙБИТ ӨМИРГЕ АРНАЛҒАН САНА»

халықаралық конференция

09.11.2020

Біріккен Ұлттар Ұйымы күні қарсаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Әл-Фарабидің 1150 жылдығына, БҰҰ-ның 75 жылдығына, БҰҰ Өркениеттер альянсының 15 жылдығына және БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының 10 жылдығына арналған ғаламдық конференция өткізді. Конференция Бас хатшы Антонио Гутерриштің БҰҰ-ның 75 жылдығына орай әлемдік қоғамдастыққа арнаған бейнеүндеуімен ашылды.

«Mind for Peace»

international conference

11/9/2020

On the eve of the United Nations Day, Al-Farabi KazNU held a global conference dedicated to the 1150th anniversary of Al-Farabi, the 75th anniversary of the UN, the 15th anniversary of the UN Alliance of Civilizations and the 10th anniversary of the UN Academic Impact program. The conference was launched with a video address to the world community made by the Secretary General António Guterres on the occasion of the 75th anniversary of the UN.

«Разум во имя мира»

международная конференция

09.11.2020

В канун Дня Организации Объединенных Наций КазНУ им. аль-Фараби провел глобальную онлайн-конференцию, посвященную 1150-летию аль-Фараби, 75-летию ООН, 15-летию Альянса цивилизаций ООН и 10-летию программы ООН «Академическое влияние». Конференция открылась видео-обращением к мировой общественности Генерального секретаря Антониу Гутерриша по случаю 75-ой годовщины ООН.



Автор туралы: ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры.

About the author: Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of the al-Farabi Kazakh National University.

Об авторе: Академик НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Ғалымқайыр МҰТАНОВ

ҰЛЫ ҰСТАЗДАН ТАҒЫЛЫМ

Андатпа. Автор бұл сараптамалық мақаласында әлемге әйгілі Әбу Насыр әл-Фарабидің есімін ұлықтау мақсатында атқарылған істерге тоқтала келе ұлы ұстаздан қандай тағылым алуымыз керектігіне тоқталады. Және алған тағылымнан қандай қорытынды шығаруымыз керек, сондай-ақ қандай істерді жүзеге асыруымыз қажет екендігіне айырықша назар аударады.

Galimkair MUTANOV

LESSONS OF THE GREAT TEACHER

Abstract. In an analytical article, the author focuses on the milestones of the return of the name and heritage of the world famous philosopher Abu Nasr al-Farabi and the lessons that are important to learn from the teachings of the Thinker. Emphasis is placed on what remains to be done for the lofty goal of achieving true virtue and happiness.

Ғалимқайыр МҰТАНОВ

УРОКИ ВЕЛИКОГО УЧИТЕЛЯ

Аннотация. В аналитической статье основное внимание уделяется результатам увековечения на современном этапе развития общества памяти Аль-Фараби, а также чему нужно учиться у великого мыслителя, какие уроки нужно усвоить нашим современникам, чтобы внести свой вклад в развитие цивилизации.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен биыл энциклопедист-ғалым, ұлы ойшыл, адамзаттың екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын мемлекеттік деңгейде атап өту туралы қаулы жарияланған және оны дайындау мен өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия ҚР Мемлекеттік хатшысы, Қырымбек Көшербаевтың басшылығымен құрылған болатын. Қабылданған жоспар бойынша халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейлерде сан алуан іс-шаралар өтті.

Мерейтойдың әлемдік деңгейде өтуіне әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қосқан үлесі зор. Біз бүгін осы университет ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтановтың ортаға салған ойларын ұсынып отырмыз.

Ұстазды ұлықтау

Әл-Фарабиді қазақ жерінің тумасы, қазақ елінің перзенті ретінде адамзаттық ауқымда дәріптеу, әлемге таныту – біз үшін үлкен мәртебе және сонымен қатар бізге үлкен жауапкершілік артуда.

ҚР тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев: «...Дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде өз мемлекеттерінің баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр», – деген болатын. Осы орайда әл-Фараби есімі қазақ елі үшін бренд болып табылады. Бұл мерейтой бізге әлемдік өркениет тарихында адамзаттың екінші Ұстазының ролін анықтауға және әл-Фараби бейнесін қазақ елінің ұлттық брэнді ретінде дәріптеуге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан, мерейтойлық шараларды халықаралық ауқымда жүзеге асыруда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті БҰҰ «Академиялық ықпалдылық» бағдарламасының Жаһандық Хабы ретінде, әлемдік қауымдасстықты тартуға ұйытқы болуда.

Әл-Фарабидің қайырымды қоғам жөніндегі идеясының негізінде «Университет 4.0.» жоғары оқу орындары (ЖОО) дамуының жаңа моделі жасалып, БҰҰ-ның Нью-Йорктегі Штабпәтерінде тұсауы кесілді. Ұсынылған үлгі бүгінде БҰҰ Өркениеттер Альянсымен бірлесе «Қайырымды қоғамды қалыптастыру. Заманауи университеттер миссиясы» жобасы қатарында ха-

лықаралық деңгейде кеңінен таратылуда. Дүние жүзінің 12 елінде әл-Фараби орталықтары ашылды. Бұл орталықтардың санын арттырып, олардың негізінде ҚазҰУ филиалдарын ашу жұмыстары қолға алынууда.

Әл-Фараби мерейтойын университетіміз БҰҰ-мен бірлесіп, осы ұйымның басшыларының қатысуымен әлемдік деңгейде атап өтті. БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерриштің үндеуіндегі «...Біз қазір орасан зор қиындықтармен бетпе-бет кездесудеміз. Жаһандық ынтымақтастық бізге оларды жеңуге көмектеседі. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәні осында..., мен адамдардан бірігуді сұраймын», – деген сөздері әл-Фараби ілімімен тікелей үндесіп жатыр.

Осы жиында сөз алған БҰҰ Бас Хатшысының орынбасары Фабрицио Хохшильд-Драммондтың: «Егер әл-Фараби қазіргі заманда өмір сүрсе, онда сөз жоқ Біріккен Ұлттар Ұйымын басқарған болар еді», – деуі әл-Фарабидің әлемдік деңгейдегі беделінің бүгінгі заманда да қандай биік екендігін дәлелдейді. Халықаралық және республикалық деңгейлерде 200-ге жуық конференция, дөңгелек үстел, алқасөз, ғылыми вебинарларды ЮНЕСКО, ИЕҰ, ТҮРКСОЙ секілді беделді халықаралық ұйымдардың және Қазақстанның шетелдердегі Елшіліктерінің қолдауымен ұйымдастырылды. Аталған барлық ғылыми-тәжірибелік шараларға дүниежүзінің 50-ден астам елінен және 100-ден астам ЖОО-нан мыңдаған адам тартылды.



Әбу Насыр Әл-Фараби

ҚазҰУ базасында ғылыми-технологиялық әл-Фараби алқабы жасалуда. Осы уақытта 1,5 млрд. доллар инвестиция тарту үшін меморандумдарға қол қойылды. Қазақстан ғылымының ірі жетістіктерінің бірі ретінде университет дайындаған «Әл-Фараби-1», «Әл-Фараби-2» наноспутниктері ғарышқа ұшырылды.

ҚазҰУ Голландия және Түркия медиакомпанияларымен бірлестікте үш деректі фильм түсірді және «Ұстаздың оралуы» деген жаңа киножоба көрермендер назарына ұсынды. Университет ғалымдары ғұламаның бұрын жарық көрмеген 3 трактатын арабшадан қазақшаға аударып, ғылыми айналымға қосты. Жаңадан 10-нан астам монография мен оқулықтар, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ұлы ойшыл нақыл сөздерінің жинағы оқырмандар қолына тиді. Әлемде тұңғыш рет «Әбу Насыр әл-Насыр» энциклопедиясы жарық көрді.

Мерейтойлық жылы халықаралық мәртебеге ие болған Әл-Фараби орталығы ойшыл мұрасын зерттеуге байланысты дүниежүзілік ақпаратты жинау және оны жүйелеу бойынша орасан

зор жұмыс атқаруда. «Invisible College» қағидаты бойынша тұрақты түрде жұмыс атқаратын халықаралық виртуалды платформаіске қосылды. Бұл платформа заманауи фарабитану саласында халықаралық деңгейде ғылыми зерттеулер мен жобалар, конференциялар мен симпозиумдар, осы тақырып бойынша жарияланымдар мен мақалалар туралы ақпаратты бір виртуалды кеңістікте жинақтап, әлемдік фарабитанушыларды бірігіп жұмыс жасауға мүмкіндік тудыруда.

Мерейтойлық жылда атқарылған ұлы ұстаз мұрасын ұлықтауға арналған шаралардың бастамасы алдағы уақытта да өз жалғасын табары сөзсіз.

Рухани мұра – сарқылмас қазына

Адамзатқа ортақ ұлы тұлға – әл-Фарабидің мерейтойы жылы әлем оның болмысын бүгінгі күннің танымы биігінен тағы бір таныды. Жаһандық деңгейде өткен мұндай рухани шара, әрине, ізсіз қалмайды. Негізгі мақсат – текіс-шара өткізуде емес, біздің Ұлы Ұстаздан қандай сабақ алып, тәлім үйренетіндігімізде, алған тағылымымызды қалай кәдеге жарата алатындығымызда. Бұл әрқайсымызды ойландыратын маңызды мәселе.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында «ұлттың жаңа болмысын» қалыптастыруға қатысты маңызды жаңа міндеттер жүктеді. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Әл-Фараби бабамыздың рухани мұрасын барлық қазақстандықтардың, әсіресе өскелең ұрпақ бойына сіңіру – аса маңызды. Ол санамызға сілкініс, дамуымызға серпіліс беруі тиіс деп ойлаймын.

Әл-Фарабидей ұлы тұлға, ғұлама дүниеге келген елде ғылым мен білімнің деңгейі қандай және қандай болмақ деген заңды сұрақ туады. Сондықтан да отандық ғылым мен білімді әлфарабилік биіктікке көтеру – страте-

гиялық мақсатымыз болуы тиіс. Әл-Фарабиді жан-жақты тану білімге және ғылымға деген көзқарасты жаңа сапаға өзгертеді. Әсіресе, жастардың бойына әл-Фарабиден жеткен таным мен тағылымды сіңіруарқылы болашақ әлфарабилерді даярлау өте маңызды.

Осы орайда әл-Фарабидің «әр адам ұстазға мұқтаж» деуі қоғам дамуындағы ұстаздың ролінің қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Ендеше, ұстаз мәртебесіне ерекше мән беруіміз керек. Өйткені, ұстаздың қоғамдағы беделін көтермей өркениетті ел болуымыз күмәнді.

Әр саналы адам өмірдің мәніне, мақсатына жауап іздейтіні хақ. Бұл тұрғыда Шәкәрімнің білімділерге қойған бес сауалына жауапты әркім ұлы ұстаз еңбектерінен таба алады.

Әл-Фарабиден алар тағылымның бірі – әр адамның өзін өзі үнемі жан-жақты жетілдіру арқылы өз бақытына жету формуласы. Адам жетілуінің негізгі бағыты – рухани кемелдену болса, кемелдену адал еңбекпен, ізденіспен, біліммен, ғылыммен толығады. Кемелдікке келудің мәні рухани толық адам деңгейіне көтерілуде.

Қазіргі рухани дамуымыздағы ерекше мән берілуі тиіс өзекті де күрделі мәселелердің бірі – дін, дінге деген көзқарас. Діни нанымнан ғылымды ажыратып алып, жеке қарастыру жолдарын түсіндірген ғұламаның Жаратушыны ақылмен тану идеясы бүгінгі заманда да өте өзекті. Әл-Фараби адамды «хайуан ақил» – «саналы жануар» ретінде анықтап, қатып қалған қағидаттармен емес, әрекетшіл ақыл, жасампаз ақыл арқылы жетілуіне, Жаратушыны ақылмен тануғашақырған. Айта кететін бір жайт – әл-Фарабиді дәріптеу кезінде ғұламаны тану арқылы соңғы жылдары көп елде Исламға деген оң көзқарас қалыптаса бастағанын байқап отырмыз.

Ғылым мен технология қарышты дамыған қазіргі заманда қоғамда



Абай (Ибраһим) Құнанбаев

әр-түрлі әлеуметтік қарама-қайшылықтар белең алып, адамзаттың рухани төмендеуі тенденциясын ескерсек, ізгілікті қоғамның құндылықтарын қайта жаңғырту мәселесі өте өзекті болып отыр.

Шындығында, қазіргі уақытта елімізде дамыған азаматтық қоғам қалыптастыру үшін Әбу Насыр әл-Фарабидің қайырымды қоғам идеяларына қажеттілік туындауда. Ойшылдың: «Қайырымды қоғам – бұл шынайы бақыт және оған жетудің жолдары туралынақты білігі мен білімі бар әрі сол білігі мен біліміне сай әрекет ететін адамдар қауымдастығы», – деген ұлағаты адамзат дамуы үшін бағдаршам болары сөзсіз.

Мемлекетті дамытушы күш қоғамда. Өйткені, кез-келген қоғамда әлеуметтік қатынастар жүйесін қолдайтын және өзін-өзі іштей ұдайы реттеу арқылы оның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жасампаз қабілет бар. Өзін өзі реттеу арқылы дамудың табиғи үрдісі ғұлама айтқан қайырымды қоғамға тән. Әл-Фарабидің пайымдауынша, «қоғам мемлекетсіз бола алса да, мемлекет

қоғамсыз бола алмайды». Қоғамның жетілуі оның басшысының және әр мүшесінің бойындағы жоғары адами құндылықтарға байланысты. Ол құндылықтарды ұлы ұстаз тарқата көрсеткен болатын.

Қазіргі уақытта 146 ел қатысқан Қайырымдылық жасаудың әлемдік рейтингінің қорытындысы бойынша, өкінішке орай, Қазақстан 96-орында. Бұл – адами құндылықтарды биік бағалайтын біздің ұлтымызға ауыр сын. Демек, бізге әл-Фарабидің қайырымды қоғам орнату туралы ілімін, жоғары адами құндылықтарды күнделікті өмірімізге енгізу, қызметімізде, тұрмыс-тіршілігімізде қолданысқа алу өте қажет.

Қайырымды қоғам адамдарының рухани жетілуі бірегейлікке бастайды. Дәл қазіргі біздің қоғамда осы ұлттық бірегейлік – өзекті мәселе. Себебі, біз бірнеше ғасыр отаршылдық бұғауында болған елміз. Отарлау саясаттары бізді төл болмысымыздан алшақтатқаны белгілі. Табиғи рухани құндылықтарымыздан ажырадық. Жерге, елге, тілге, қала берді жүзге, руға бөліну толыққанды ұлт болып ұйысуға, тұтастануға кедергі болып келе жатқаны жасырын емес. Әл-Фараби бақытқа жетудің күре жолын адамдардың бірлікте, өзара ынтымақта өмір сүруінде және достық қарым-қатынаста тіршілік етуінде екендігін айқындаған болатын. Ендеше, жоғалтып алған табиғи құндылықтарымызды жандандырып, нағыз ұлттық болмысымызды қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті тақырыбы.

Өркениетке қазақстандық үлес

Талай ғасырлардан бізге жеткен өркениет философы әл-Фарабидің ілімі ешқашан өз маңызын жоғалтқан жоқ, және жоғалтпайды да. Қазір әлемдік қоғамдастық ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде өркениеттік дамудың бесінші сатысына көтерілуде, яғни жа-

пон елі ұсынып отырған «Қоғам-5.0» стратегиясын жүзеге асыруға бет алған кезеңде тіршілік етуде. Жалпыға белгілі, жапон елі технологияның жаңа үлгілерін жасау мен пайдалануды ұлттық құндылықтармен үйлестіре жүзеге асырып келе жатыр. Соның арқасында әлемнің дамыған озық елдерінің қатарында. «Қоғам-5.0» стратегиясы суперинтеллектуалды қоғам орнатуды, цифрлы технологияны пайдалана отырып, экономиканы трансформациялау, цифрлы технологияның даму қарқынына үйлесімді рухани жетілген ізгілікті қоғам қалыптастыруды көздейді. Қазіргі таңда Қазақстанды жоғары технологиялармен биік адами құндылықтар үйлесім тапқан озық, қуатты елге айналдыру – ұлы ойшылдың жерлестері үшін ең өзекті мақсат деп санаймыз.

Ғұламаның «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деген нақыл сөзі бүгінгі таңда ерекше мәнге ие болып отыр. Қазіргі кезеңде біз ғылым мен технологияның бұрынсоңды болмаған даму биігіне көтерілуі мен рухани-адамгершілік болмыс арасындағы қарама-қайшылықтарға куә болып отырмыз. Бұл қарама-қайшылықтар бүгінгі уақытта адамзатты рухани тоқырауларға әкеп тіреуде. Осы орайда тек адами капитал ғана емес, жаңа технологияларды туындататын зерттеу университеттерінің атқаратын ролі ерекше. Әл-Фарабидің қайырымдылық идеясы негізінде жасалған университеттердің жаңа буынының «Университет4.0» даму моделінің БҰҰ-ы тарапынан қолдау табуы, ғұлама ілімін әлемдік деңгейде насихаттауға зор мүмкіндік беріп отыр. Әлемде 30 мыңнан астам жоғары оқу орны бар. Егер әр университет бәсекеге қабілетті маман даярлаумен қатар, әл-Фараби ілімінен сабақ алатын, жоғары рухани құндылықтарды бойына сіңірген азаматтарды қалыптастырса, онда сөз жоқ, келешекте жер бетінде қайырымды әлем орнары анық.



Осы мақсатта шетелдерде ашылған әл-Фараби орталықтары өзге елдерде де қолдау тауып, олардың саны жақын арада 20-ға жетпек. Бұл орталықтар ғұлама ілімін насихаттаумен бірге, ұлтымыздың тілі мен мәдениетін таратумен де айналысады. Қазірдің өзінде АҚШ, Балтық жағалауы елдері, Жапония да әл-Фараби орталықтарын ашуға қызығушылық танытып отыр. Әл-Фарабидің жерленген жері Дамаскідегі әл-Фараби кесенесі әлемге ортақ рухани орталық болуға лайық. Және де, сол жерде ұлтымыздың тағы да бір ардақты ұлы Сұлтан Бейбарыс кесенесі, кітапханасы орналасқанын ескерсек, бұл орталықтың маңызы ерекше сипатқа ие болады. Кесененің негізінде халықаралық әл-Фараби орталығын ашып, ғимаратты Қазақстан иелігіне, уни-

верситет құзырына алсақ деген жоспарымыз бар. Бұл ой жүзеге асса, ұлы ғұламаның туған жеріне де, жерленген жеріне де Қазақ елі ие болмақ. Мұнда рәміздікәрі саяси мән жатыр.

Көп елдер өздерінің осындай орталықтары арқылы «жұмсақ күштерін» пайдалана отырып, әлемге өз саясаттарын жүргізуде. Осыған орай, Германия дамытып келе жатқан Гёте, Қытай әлемге кеңіненжайған Конфуций, Испания жетілдірген Сервантес және Ресейдің Россотрудничество институттарының деңгейіне көтеру мемлекеттік маңызы бар жоба деп есептейміз.

Әр ұлт әлемде өркениет дамуына қосқан өзінің үлесімен бағаланады. Кезінде адамзат дамуына зор үлес қосқан біздің қазақ жерінің тумасы әл-Фараби өзінің рухани мұрасымен, орасан еңбегінің арқасында Шығыс пен Батысты жақындатқан өркениет философы атанды. Басты ілімі – адамзаттың өркениеттік дамуындағы адамдардың бақытты болуына, әлемде қайырымды қоғам орнатуға өз өмірін арнады.

Осы заманда әл-Фарабиді, оның ілімін әлемге тарата отырып, іске асыру – қазақ елінің өркениет дамуына қосқан төл үлесі болмақ!





Автор туралы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Жамбыл атындағы қазақ әдебиеті мен фольклорын зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

About the author: Al-Farabi KazNU, Supervisor of the Zhambyl Center for the Study of Kazakh Literature and Folklore, doctor of philological sciences, professor.

Об авторе: руководитель Центра казахской литературы и фольклора им. Жамбыла, КазНУ им. аль-Фараби, доктор филологических наук, профессор.

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ

Автор туралы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты.

About the author: al-Farabi KazNU, doctoral student.

Об авторе: докторант КазНУ им. аль-Фараби.



Назира ДОСАНОВА

ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК ЖЫРШЫСЫ – ҰЛЫ ЖАМБЫЛ

Аннотация. Мақалада ұлы Жамбыл ақын өлең-жырларының тақырыптық ерекшеліктері сарапталады. Авторлар Жамбыл шығармашылығының сан-салалық болмысын анықтап, өлең-толғаулары мен айтыстарындағы ақын шығармашылығына арқау болған басты тақырып ұлттық рухты биікке көтерер елдікті, ел бірлігін, ел азаттығын жырлау екендігін нақты мысалдар арқылы талдап көрсетеді.

Omirhan ABDIMANULY, Nazira DOSANOVA
THE GREAT ZHAMBUL - SINGER OF THE HEROIC ACTIONS OF THE KAZAKHS

Abstract. The article analyzes the thematic features of the poems of the great poet Zhambyl. The authors reveal the versatility of Zhambyl's creativity and, using specific examples and analyze that the main theme of the poet's work in his poems and aitys is the glorification of love for his people, the unity of the country, the freedom of the country, which raise the national spirit. It is known that this is a large branch of the poet's work.

Омирхан АБДИМАНУЛЫ, Назира ДОСАНОВА
ВЕЛИКИЙ ЖАМБЫЛ – ПЕВЕЦ ГЕРОИЧЕСКИХ ДЕЯНИЙ КАЗАХОВ

Аннотация. Авторы статьи рассматривают тематическое своеобразие творчества Жамбыла. Основное внимание уделено гражданским мотивам лирики ақына и айтыскера, оказавшего огромное влияние на формирование национального самосознания казахов, на возвышение их национального духа.

XIX-XX ғасырлардағы қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл ақын жырлары – ұлт-азаттығын асқақтатқан рухқа толы, болмысы бөлек дүниелер. Жамбыл жас кезінен ел тілеуін өлең сөзбен өрнектеуді мақсат тұтып, ақындық өнер жолын таңдайды. Жас талап он үш жасында әкесі Жабайдан ақындықтың ақ жолын таңдауға рұқсат сұрап:

Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын...
Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке,
Жапаның ұлы ақын боп,
Жақсы іспетті дер, әке, –

болашақ ақын өзінің мақсатын ашық айтып жеткізеді.

Қазақ халқының дәстүрінде өнер жолына түскен жас атақты адамдардан бата алуға тиіс болған. Жамбыл да сол дәстүр бойынша, Жетісу өңіріндегі атақты ақын Сүйінбайдан бата алған. Жас Жамбыл ақындығының тума таланттық болмысын алғашқы қадамынан таныған ұлы Сүйінбай талантты ақынға батасын беріп, ақ жол тілейді. Ақындық өнердегі ұлы ұстазына айналады. Жамбыл «Сенің өлеңдерің ақиқат пен әділдікті жырлайтын болсын» деген ұстаз аманатына өзінің бүкіл саналы ғұмырында адалдық танытып өтті.

«XX ғасырдың Гомері» атанған Жамбылдың кеңестік кезеңге дейінгі шығармашылығы сол змандағы Оңтүстік Қазақстан өлкесіндегі алғашында Қоқан хандығы, кейіннен Ресей патшалығы жүргізілген Отаршылдық саясаттың қанауында қасірет шеккен халқының ауыр халін жырлаған азатшыл рухтағы жырларынан көрініс табады.

Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,
Қамыққан қанды жасты жанды көрдім.
Ел көрдім – еңіреп босқан аңды көрдім,
Қойнында, Алатаудың зарды көрдім, –

дейді ақын отаршылық қасіретін шекен туған өлкесіндегі ел жағдайы туралы.

Қабан жырау, Сүйінбай, Бақтыбай сынды алдыңғы ақындар дәстүрінен үлгі алған Жамбыл жырлары елдің тарихымен тығыз байланысты.

1916 жылы Ресей отаршылдық саясатына қарсы қазақ даласындағы ұлт-азаттық күрес жылдарында Жамбыл ел басына түскен ауыр күндерде көтерілісшілерге күш беретін ұлы жыраулар дәстүріндегі азатшыл жырларымен рухтандырып отырды. «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды», «Халық кегі», «Халықтың еркі кетті басынан», т.б. жырлары осының айқын дәлелі. «Патша әмірі тарылды» дейтін өлеңінде 1916 жылы патшаның он тоғыз бен отыз бір жас аралығындағы қазақ жастарын солдатқа алу туралы жарлығына наразылық танытқан қазақ ұлтының мұңын мұндап, жоғын жоқтап, азаттықтың жырын жырлап, қарсылықты күреске үндеді:

Көген көзді қосақтап,
Қалай қиып береміз.
Көздің жасы моншақтап,
Көңіл шер боп өлерміз.

Ал «Зілді бұйрық» өлеңінде Жетісудағы көтеріліс оқиғалары, оны ұйымдастырған ел азаматтарының аттары нақты аталып, патшаның қарулы әскерімен болған ұрыстағы азаттық күресі сипатталады.

Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына.
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысында, –

деп отаршылдарға қарсы бағытталған ерлікті күрестің мақсаты суреттеледі.

Жамбыл шығармашылығындағы елшілдік пен ерлік тақырыбы оның айтыстарында ерекше орын алатындығын атап айтқан жөн.

Жамбыл айтыстарының мазмұны бай, тілі көркем болуымен бірге оларды тақырып кендігі, жыраудың елдік пен ерлік жырлау мақсаты алдыңғы қатарға шығуымен ерекшелендіреді. Ол Құлмамбет (1897), Досмағамбет (1907), Сарбас (1895), Бөлтірік (1890) сияқты көптеген атакты ақындармен айтысып және сол айтыстарда жеңімпаздық тантуының кілті отар елдің қасіретін жырлау ел үшін жан пида еткен батырларды дәріптеуінде жатса керек.

Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы – айтыс өнерінің үздік үлгісі ретінде бағаланады. Үлкен бір ұлы жиында қазақтың айтыс өнерінің өрен жүйрігі жасы үлкен аға ақын Құлмамбет тоғыз ақынды қатар жеңіп, Жамбылды айтысуға арнайы шақырады.

Өлеңші толып отыр көбелектей,
Тоғыз ақын толғанып төңіректей.
Тоғыз тұрмақ ақының он бір болса,
Немене бәрінді де басып өтпей.

Айтыста өзінен жас Жамбылды менсіне қоймайды. Көбіне өзі шыққан елдің байлығын мақтап сөз өреді. Жамбылды елің кедей деп кемсітіп отырады. Өзінің ақындықта Жамбылдан мықты екенін «болғанда мен – ақсұңқар, сен бір тауық» деген сияқты асқақтық сөздермен бейнелей жеткізеді. Жасы кіші Жамбыл Құлмамбет ақынның дауылды екпіннені тайсалмай қарсы тұрып, айтыстағы ақын жырының мәні байлықты мақтауда емес, елдің елдігін, ел ерінің ерлігін жырлауда жатқандығын алға тарту арқылы жеңіске жетеді.

Адамдықты айт, ерлікті айт,
батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт, –

деп, айтыс сапасын басқа арнаға бұрады. Жамбыл Сұраншы, Саурық сияқты елін жаудан қорғаған батырларды ардақ



Жамбыл Жабаев

тұтып, өзінің Құлмамбеттен ақындық парасатының биіктігін танытады.

Батыр Саурық, Сұраншы жауда өлген,
Халық үшін шейіт боп жанын берген...
Қалың Қазақ құрметпен соңына ерген...
Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,
Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген, –

деп елім деген ерлерді ардақ тұту қажеттігін ел есіне салып, елдіктің негізі ел қорғаған батырлар ерлігінде жатқандығын сөз майданында тұнба жырдағы көркем ойдың тұнығы арқылы жеткізеді.

Туған жер, туған елді ардақ тұтқан, ел бірлігін, елді ел етер ерлер ісін кең көлемде жыр етудің асыл нұсқасы – дана жырау шығармашылығының үлкен бір саласы – эпикалық жанрдағы дастандары. Ол өскен елін, туған жерін жаудан қорғаған Өтеген, Сұраншы, Саурық сынды батырлар туралы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ел аузында айтылып келе жатқан аңыздар негізінде «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» және т.б. дастандар шығарып, оны өзі жырлап, елдің отаншылдық санасын оятуда аянбай еңбек етті.

Мәселен, «Өтеген батыр» дастанында жұрт қамын ойлаған, елінің «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» за-

манда тыныштықты өмір сүруін аңсап, Мәңгілік елдік қоныс іздеген Өтеген батырдың ерлік істері жырланып, шет жаулардың шапқыншылығынан қысым көрген халқына жайлы қоныс іздеген ел үшін туған ердің өмір-тағылымы өсиет етіледі.

Дастанда дәстүрлі шығыстық коссаларындағы қиял-ғажайыптық көркемдік үлгілер көп кездеседі. «Жер-ұйық» деп аталар қасиетті құт мекенді іздеген Өтеген жорықты жолында кездескен түрлі аса қауіпті жыртқыштар мен жауыздық символы іспетті мифологиялық бейнелерді жеңіп талай сындардардан өтеді. Көп кедергінің бәрінен батырлығы мен ержүректілігі, ақылдылығы мен айлакерлігі арқылы өткен Өтеген «Жиделі байсын» деп аталар арманына айналған жұмақ жерді табуға ұмтылады:

Мен табамын, табамын,
Бұлақ аққан жерлерді.
Көгі көктеп, нұр жарып,
Құрақ атқан жерлерді.
Төрт түлікке ыңғайлы...
Жұт болғызбай құл қонған,
Қой үстінде бозторғай,
Жұмыртқалап бақ қонған.
Сүйікті қазақ халқына,
Ұнап жатқан жерлерді.

Алайда, дастанда Өтеген өзі іздеген жұмақ жерді тапқанымен, өзінің туған жерін солардың бәрінен артық сезініп, туған еліне біздің түсінігімізде «Жер жанаты – Жетісуына» қайта оралады. Жырда жырау ілгерідегі Асанқайғы данагөй іздеген «Жерұйықтай» жақсы қоныс, тыныш өмір аңсаған халық арманын жырлай отырып, отанына, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілікті бәрінен де алға шығарады.

Қазақ қазақ болғалы, ел болып ұйысқалы, ұлт болып орныққалы сыртқы жаудың шапқыншылығына, аласапыран замандарды әкелген жаугершілік пен үркіншілікке аз ұшыраған жоқ.

Ата жұрты бұқара,
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайраты туған ер ғаріп, –

деп Асан Қайғы «Ой түбіндегі асыл сөзді шер толқыта шығарған» небір замандар да өтті. Ой толғаудың өрісін ашып, көкейге сары уайым ұйытпай, санаға серпіліс әкеліп, туған ел, туған жер сағынышын ұран ғып көтерер, азамат намысына от жаныр бұл жолдар – кезінде ұлт боп ұйысудың, ел болып бірігудің қатығына айналған жырлар болған-ды.

Уақытының ұлы тұлғасы Асан Қайғы – болашақты болжап, келер күннің алдан шығар кесепатын кейіптей білген данагөй. «Алғашқы тар заманының құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп болжал айтқан Асан Қайғы. ... өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскен тағы да сол» дейді М. Әуезов дала данасы туралы. Ендеше қазақ хандығы дәуірінің болашағына ой жіберген Елдік жырының бастау көзі Асан Қайғы жырлары болса, оны жаңа дәуірде жалғастырып, жаңаша жырлаған Жамбыл жырау.

Жамбыл толғау-дастандары – туған ел мен туған жердің кешегісі, бүгінгісі, ертеңгісі жайлы терең пайымдаулардың, өз тұсындағы ел мен елдің ерінің жақсысын асырмай мен жаманын жасырмай шындығын ашып айтқан қатты да ащы ұстындар жиынтығы. Жыр-толғауларының қай-қайсысында болмасын ол өткеннің жайын айтып ғана қоймайды, кешегінің нәтижесін бүгіннен шығарып, ертеңіне ой жібереді. Уақытында көзбен көргенді ақылмен екшеп, келешектің келбетіне көкірек көзімен үңіледі. Соның бірі ғана емес, бірегейі – «Сұраншы батыр» жыры.

Жалпы Жамбыл жырлары – ұлт-азаттығын асқақтатқан рухқа толы кемел дүниелер. Жоғарыда айтқандай,

азатшылдық, тәуелсіздік идеяларын жырлаған шығармаларының ішінде дастандары айрықша көзге түседі.

Ұлы жыраудың «Сұраншы батыр» жырындағы Сұраншы батыр Ақынбекұлы – қазақ тарихындағы белгілі тұлға. Ол 1815 жылы Алматы жанындағы Қастек өзенінің бойында дүниеге келген. Атақты қазақ батыры Саурықтың немере інісі. Сұраншы батырлық болмысы ерте танылған, кішкене күнінен Жетісу, Оңтүстік өңірінің аты жалпақ қазаққа жақсы таныс айтулы батырлары Қарасай, Өтеген, Наурызбай, Райымбек, Сыпатай, т.б. ерлердің ерлігін өнеге тұтып өскен жас. Ол ержетіп, азамат болысымен Жетісу жерін билеп, елге озбырлық жасап, тізесін қатты батырған Қоқан бектеріне қарсы күресіп, келелі жерде сөз бастаған көсем, керекті жерде қол бастаған даңқы асқан батыр болады.

Жалпы дастанда XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қоқан хандығының езгісінде болған Қазақстанның оңтүстік аймағын Патшалық Ресейдің жаулап алып, отарына айландырған кезеңнің тарихи шындығы суреттеледі. 1853 жылы Ресей әскерінен бұрын елді жаулап алмақ болып, қоқан ханы қазақ еліне тұтқиылдан шабуыл жасап, бейбіт елді ойран-топан етеді. Сонда Сұраншы батырдың қол жасақтап шығып, Қоқан хандығымен ымыраласып, қазақ жерін шапқан, асып-тасқан қырғыз манабы Орман жасағымен ұрысы, жаулаушылардың тас-талқанын шығаруы баяндалады.

Жамбылдың осынау ел арысына айналған Сұраншы батыр тақырыбына баруы, оны дастан етіп жырлауы тегіннен-тегін емес, Сұраншы батырдың ерлігін оның атақты ұстазы Сүйінбай ақын да жырлаған-ды. Жамбыл сол ескі жыр сілемін жаңғыртып, жаңартып ғана қоймай, оған өзіндік идея жүктеп, азатшыл жырдың асыл арнасына айналдыра білді. Сөйтіп, Жамбылдың «Сұраншы батыры» ер-

лік пен елдікті жырлаудың асыл нұсқасына айналды.

«Сұраншы батыр» дастанының бастауында Жамбыл ұстаз дәстүріне адалдығын алға тартып, ұстазы Сүйінбай дәстүрін жалғастыруының нақты себебін айтып, ұстаз аманатына адалдығын білдіреді

Бата берген Сүйінбай,
Жырдың тіккен туындай.
Айтқанда маған ақылды:
Жырла! – деген, – батырды.

Ал дәстүрді жалғастырып, ел есінде мәңгілікке сақталған аңыз-жырды жаңаша жырлауының мәнін дана жырау былайша түсіндіреді

Жырламайын десем де,
Ел тілегі қоймады.
Таудан құлап тарғыл тас,
Тарығып шығып көзден жас,
Қыспақ заман кездесіп,
Қайғы басып қарындас,
Тарыққанда сүйенер
Ел батырын ойлайды,
Ойламасқа болмайды.

Осылай ақын жыр кіріспесінің рет-ретін келтіре отыра, келесі де туған жер туралы толғанысына кезек береді. Абыз жырау кіндік қаны тамған туған жердің адамға ең ыстық құт-мекен екендігін, оны жаудан, дұшпаннан қорғау, адамзат ұрпағының бас парызы екенін жырлай отыра:

Жайлағалы мұны адам,
Санап бітпес не заман...
Неше халық, неше хан,
Тапты қырғын талай жан.
Толып жатқан оқиға –
Соның бірі айтылар.
Заман, заман дегенде,
Заманға қожа – адам ғой!
Наразы болса заманға,
Бар кінәны соған ғой...

деген мәнді де маңызды ой тастайды. Заманның жақсы болмағы да, жаман болмағы да сол уақыт кезеңінде өмір сүрген адамнан, өйткені заманның болмысын танытатын уақыт иесі адамның ақыл-ойынан туындаған іс-әрекеті. Дастанда жырланатын қас-қабат тарихи оқиғалар осы ойдың дәлелі іспетті айқындалады.

Жырда Қоқан ханы Құдиярдың шапқыншылығынан зардап шеккен Жетісу өлкесін жайлап жатқан бейбітшіл қазақ халқының қайғылы, шарасыздық хал-жағдайы нақты көрініс тапқан. Жауыздық, озбырлық берекесін алған халықтың еркіндікке ұмтылысының себеп-салдары айқындалған. Ақын сонымен қатар осынау қат-қабат оқиғаларға өзінің көзқарасын

Бейқам жатқан қалың ел
Қарсы тұрмай, жалынды.
Жаудан күту жақсылық –
Зарыққанның салдары.
Байдан күту жақсылық –
Тарыққанның салдары
Шын болмаса не қылды.
Жалынғанша жауыңа
Бер де құтыл жаныңды...

Халық даналығынан жаралған асыл сөздің мәйектерін мысалға ала отырып азаттыққа ұмтылыстың рухын оятар өткір жолдар арқылы білдіреді. Жырау ескіден келе жатқан қанатты сөздерді рух қайрағы іспетті қолданып, Отанын қорғауда қасық қаны қалғанша қасқайып қарсы тұрып күресуге шақырады.

Дастанда Қоқан басқыншыларының жауыздығы мен қатыгездігін халыққа әкелген қасіретін:

Қоқаннан келген көп әскер,
Жер қайысып сыймайды.
Мал мен басты шулатып,
Қойша иіріп жинайды.
Тас қотанның сазына
Ақ шатыр мен көк шатыр,
Қосарланып тігілді.
Ала тулар желпілдеп,

Қомпаң-қомпаң шойқысып,
Төбінгілер сартылдап,
Зерлі шапан бектер де,
Шағылып күнге жалтырап,
Түйеге мінген жас әйел
Бетін жыртып, аңқылдап,
Жас өспірім, сұлу қыз
Жүрегі ұшып қалшылдап,
Жалаң қағып жасауыл
Мәз-мейрам боп, қарқылдап,
Түйеде тұрған әйелді
«Түс жылдам» деп қарқылдап,
Шабылған елде дәрмен жоқ,
Жылай берді солқылдап, –

деп жан жүректі езілте отырып суреттейді.

Дұшпанның қылған қорлығынан басына осындай қаралы күн туып, қайғыға батқан ел ежелгі жыр-дастандардағы дәстүрлі оқиға дамуының ізімен ел қорғаны батырға сұрау салады. Ол уақытта «арыстан жүрек Сұраншы» мұның бәрінен хабарсыз, алыста жатқан болатын.

Кәрібоз бен Бәуке қарт,
Атты терге жүздіріп.
Дақ түспеген жотаны,
Қопара шауып із қылып...

Жау қоршауынан сытылып Сұраншыны іздеп, жолға шығады. Қол бастар батырына тау асып, тас басып зорға жеткен қос қария қоқандықтар мен Орман жасағының елге істеген зұлымдықтарын оның алдында сақалдарынан жасы сорғалай отырып жеткізеді.

Сұраншыға жетті де,
Жығылды қарттар атынан,
Ақ сақалы су болды
Сорғалап аққан жасынан.
Арыстан мүше жас батыр
Сүйеді келіп басынан.
Мейірімді туған Сұраншы
Елі сүйген жасынан.
Жетім менен жесірді
Атына артып көшірген.
Ерегіскен жауларын
Су құйғандай өшірген.
Тарығып келген қарттарға,
Қайғырып жаны ашыған...

Ежелден үлкенін сыйлап өскен халық ұланының мейрімді жан екенін Жамбыл осындай көркемдік өрнектермен жеткізеді. Ел қарияларының жасы омырауына төгіле отырып жеткізген әңгімесінен елдің жай-күйін, ел басына күн туғанын жете сезінген Сұраншы олар көрген қорлық-зорлықты өзі көргеніндей, олардың еңсесін езген ауырпалық өз иығына түскендей күй кешеді. Қариялары еңіреп алдына келгенде, жас батырдың шамырқануы, қаны қайнап, терісіне сыймай ашулануы – ежелден тамыр тартқан жыр үлгісі. Дәстүрлік жолды сақтай отырып Жамбыл Сұраншының ашуланған сәттегі түр-тұрпатын:

Қабағынан қар жауды,
Кірпігіне мұз қатты,
Кім еді деп басынған, –

деп, біздерге бала күннен таныс эпостық жырлар дәстүрдегі батырлық кейіпте, ұлғайта, әсерлей суреттеп жеткізеді:

Дауыл соққан теңіздей,
Күш көбігін сапырды.
Алатауды қозғалта,
Қырға шығып ақырды...
Буырқанды, бұрсанды.
Мұздай темір құрсанды.
Ақ беренге оқ салды, –
Ақтұяққа ер салды...

Үзіндіден Сұраншы тұлғасынан халық қиялынан, ой-арманынан сомдалған «Алпамыс», «Қобыланды» батырлар жырындағы еліне етене жақын батырларға тән сипаттар көзіне түсіп, Сұраншының батырлық тұлғасын айбындандыра түседі. Ел басына күн туған тұста Сұраншы тұлғасы халықтың тарыққанда сүйеніш ететін бірден-бір тұғыр-тұлғасы болып көрінеді. Тар кезеңде Сұраншы тапқан ақыл мен батыл шешім оның ел үшін туған ұл екендігінің дәлеліндей.

Ел жақтамас көп жаудың,
Көптігінің себеі жоқ.
Оның аты – боркемік,
Талмасқа шыдар белі жоқ.
Озып шабар жүйрікке
Ылдиы мен өрі жоқ.
Батыр туған жігітке,
Шабатын жаудың көбі жоқ.
Уайым жауға алғызар,
Тұңғық болып түбі жоқ.
Осы қолдың несі көп?
Қурап тұрған шірік көп.
Суырып қылыш, ат қойсаң,
Қарсы тұрар бірі жоқ.

Жамбыл жырындағы Сұраншы батырдың бүкіл болмысы мінез-құлқы, түр-түсі, батырға тән бейнесі – бәрі біте қайнаса келіп ел ұғым-танымындағы нағыз қаһармандық тұлғаға айналып, өзін ерекшелей түсер сипатқа ие болып шыға келеді. Өз шығармасына азатшыл ойды ұстаным еткен Жамбыл ел қорғанына айналар Сұраншының Қоқан шапқыншыларына қарсы соғысын да үлкен ақындық шабытпен көркем де шынайы суреттейді. Соғыс қимылдары тікелей көрініс тапқан тұстарда Сұраншы ересен күш иесі, батыр ғана емес, соғыстың айла-тәсілдеріне де жүйрік, тапқыр ойлы, «Арыстан болған жау үшін түлкідей болсын әдісің» дейтін халық қағидасын еске түсірер, үлкен айла, әдіс-тәсіл иесі ретінде танылады. Жауға қай кезде, қалай шабуыл жасаудың жолын табу, таудың басынан етегіне дейін алаулатып от жағып, тұс-тұстан барабан қағып, құр дәрілеп мылтық атып, сырнай шалып сарбаз санын өте көп етіп көрсету тәрізді соғыс қулықтарын алдын ала мұқият ойластырып алуына ерекше көңіл бөле жырлау Сұраншының көзсіз батырлығын ғана емес, көшбасшы жанға тән көрегендігін де танытады.

«Сұраншы батыр» дастаны жәй қиялдан туған ақынның көркем ойының жемісі ғана емес. Жырда жырау қиялының көркемдік шындығын негіздер тарихи дерек молынан кездесіп, тарих

тағлымының қатпарлы сырларын терең тануға да мүмкіндік беретін мәлімет-деректер де жетерлік. Дастанда қырғыз ханы Орманның қанқұйлы әрекеттері, қоқанның Құдияр ханмен ымырала-сып, тыныш жатқан қазақ ауылдарын талағаны құжатқа бергісіз шындық бо-лып табылады.

Қоқанды құртқан Құдияр,
Патшаға қарсы тұратын
Қуаты жоқ бойында.
Қырғызды қанға батырған,
Әркімге бір сатылған,
Орман хан бар қолында:
Қазақты барып талайық,
Патшадан бұрын алайық,
Деген мақсат ойында...

дейтін жолдар бұған дәлел.

Жырдың екінші бөлігінде Сұраншыны өлтірмек боп, балағаттап хат жазып, соғысқа шақыратын да осы Орман хан.

Дастанның соңы дәстүрлі эпикалық аңыздардың сарындарымен үндес болып келеді. Тарихи тұлға Сұраншының дастандағы көркем бейне Сұраншыға ұқсайтын да, мүлде алшақ кететін жерлер бар. Ең ғажабы сол – өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыру мақсатындағы «әсерленген» жерлер Жамбыл жырының көркемдігі төгіліп түскен тұстары болып табылады.

Дастанның бітер тұсында жырау әлдінің – әлсізге, көптің – азға зорлығы «ерге еркіндік, кемге кендік» болмаған, әділетсіздік белең алған замана алпаты туралы толғана жырлай келіп, Сұраншы батырдың азаттық үшін, елдің еркіндігі, ұлт тәуелсіздігі жолында өмірін құрбан еткен ерлігіне арналған «Жоқтау-Мадақ» жырын

жырлайды. Бұл бүтін түркі жұртының ежелгі жыр-дастандарынан келе жатқан дәстүрлік үлгі.

Жырбаянда XIX ғасырдағы қазақ елінің өмір тіршілігін Жетісуда өмір кешкен жұрттың тарихи-әлеуметтік хал-ахуалын кең көлемде суреттеп, деректі оқиғалар арқылы бейнелі түрде жеткізеді. Тарихи деректердің молынан кездесуі – жырдың көркемдік шындығының ажарын аша түседі. Әсіресе, отаршылдық пиғылы астам, жаулаған елін өз қарауына алу үшін Ресей империясының да, Орта Азия хандықтарының да жанталаса әрекеттенгені шындыққа сай көрсетілген.

Лек-лек солдат айдатып,
Мойнына шекпен байлатып,
Оралдан өрлеп Алтайға,
Алуға патша ынтықты.
Садақ тартқан қазаққа,
Түтіндетті мылтықты.
Ертісті өтіп оралтып,
Жетісуға қол сұқты.

Онда Жетісу елінің сол тұста қуғын көрген қасіретті жайттар нақты дерек арқылы ашылып, бір жағы Қоқан, бір жағы Ресей қанқұйлылары екі жақтап тоз-тозын шығарған қазақ ауылдарының паналаған жерлеріне дейін дастан-жырда дәлме-дәл көрсетілген.

XX ғасырдың бірінші жартысы қазақ халқының тарихында орасан оқиғалар, түбегейлі өзгерістерге толы болды. Жамбыл соның бәрін халық мұраты тұрғысынан замана биігінен көрінген шығармашылығы арқылы жырлады.

Өз дастандары негізінде Ел тағдырын Елім деп еңіреген ерлер тағдырымен бірлікте алып жырлаған Жамбыл Жабаев Ерлік пен Елдіктің XX ғасырдағы ұлы жыршысына айналды.



Diana W. WORMUTH

About the author: Candidate of Historical Sciences, professor of al-Farabi KazNU.

Автор туралы: тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Об авторе: кандидат исторических наук, профессор КазНУ им. аль-Фараби.

About the author: PhD in French, former analyst of EBRD, Stockholm.

Автор туралы: филология ғылымдарының докторы, Еуропалық Реконструкция және Даму Банкінің талдаушысы, Стокгольм қ.

Об авторе: доктор филологических наук, аналитик ЕБРР, Стокгольм.



Gulnar MUKANOVA

CENTRAL ASIA IN EBRD FOCUS: COVID-2019 TRENDS AND ADJUSTMENTS

Abstract. The article analyzes the problem of monitoring the activities of banks to prevent the financing of international terrorism. Despite the official position of international financial organizations of absolute rejection of international terrorism, it is obvious that current banking procedures around the world must be improved in order to prevent money laundering for terrorist activities. The article also examines trends in the field of EBRD financial regulation and legislative measurements, due to the pandemic, introduced in Russia, Kazakhstan, the United States and the EU countries.

Диана ВОРМУТ, Гюльнар МУКАНОВА
ЕБРР – ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: COVID-2019

Аннотация. Бұл мақалада банктер арқылы халықаралық терроризмді қаржыландыратын негізгі мәселелер қарастырылады. Халықаралық терроризмді абсолютті қабылдамау жағдайында халықаралық қаржы ұйымдарының ресми ұстанымына қарамастан, террористік қызметті ақшаны жылыстатуға жол бермеу үшін бүкіл әлемде қолданыстағы банктік рәсімдер мен практиканы күн сайын жақсарту керек. Бұл мақалада сондай-ақ Ресей Федерациясында, Қазақстан, Америка Құрама Штаттарында және ЕО елдерінде енгізілген қаржылық реттеу және заңнамалық шаралар саласындағы соңғы өзгерістер қарастырылған.

Диана ВОРМУТ, Гюльнар МУКАНОВА
ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ В ФОКУСЕ ЕБРР: ТЕНДЕНЦИИ И КОРРЕК-ТИРОВКИ COVID-2019

Аннотация. В статье анализируется проблема мониторинга деятельности банков по недопущению финансирования международного терроризма. Несмотря на официальную позицию международных финансовых организаций абсолютного неприятия международного терроризма, очевидно, что текущие банковские процедуры во всем мире должны совершенствоваться с целью предотвращения отмывания денег для экстремистской деятельности. В статье также рассматриваются тренды в области финансового регулирования ЕБРР и законодательных изменений, вводимые из-за пандемии в России, Казахстане, США и странах Евросоюза.

The European Bank for Reconstruction and Development (EBRD, English European Bank for Reconstruction and Development, EBRD) is an investment vehicle created in 1991 by 40 countries and two international organizations to support market economies and democracy in 34 countries – from Central Europe to Central Asia. As an international organization, the EBRD enjoys several privileges, such as the legal immunity of its employees.

Like the IBRD, the EBRD attracts funds through the issuance of bonds. A feature of the EBRD’s operations is the widespread attraction of funds in the national currencies of Eastern European countries.

The peculiarity of the EBRD’s activities and powers is that of all development banks, only the EBRD has a political mandate to provide assistance to countries “committed to and enforcing the principles of multi-party democracy, pluralism and a market economy”. Environmental principles and a commitment to sustainable energy are also critical to the Bank’s operations.

The EBRD acts in the interests of all its shareholders – 69 countries, as well as the European Union and the European Investment Bank.

President of the Bank from 2012 to the present: Sir Suma Chakrabarti.

On May 20-21, 2011, the annual meeting of the bank took place in Astana (now Nur-Sultan). Kazakhstan and the European Bank for Reconstruction and Development are developing a relationship despite the pandemic. In Kazakhstan EBRD focus on diversification, balancing the role of state and market and sustainable energy. Recently we signed a comprehensive Partnership Agreement with Kazakhstan under which EBRD will co-invest in the economy together with the government.

Mr. Daniyal Akhmetov expressed the opinion (2019) that it is planned to start construction of new landfills with integrated waste treatment complexes,



which will reduce the volume of solid waste disposal in Ust-Kamenogorsk and Semey. The East Kazakhstan region plans to build a factory for the processing of solid waste. Financing of the project will be carried out at the expense of attracted funds if the regional akimat signs an agreement with the EBRD on this issue.

In September 2020, amid a pandemic, the EBRD launched the Green Economy Financing Facility in Kazakhstan. Thanks to her, green technologies will be available not only to large enterprises, but also to small businesses and households. In practice, this means that both private business and citizens of the Republic of Kazakhstan will be able to significantly increase the level of comfort in living and working conditions, as well as to save money and resources by introducing modern technological solutions.

Kazakhstan became the 27th country where the EBRD is implementing its global GEF program to support a green economy, as well as the first country where the program was launched in the difficult conditions of the global COVID-19 pandemic.

The decline in hydrocarbon prices has had a tangible impact on the economies of the Central Asian states. The EBRD, for example, has offered Kyrgyzstan concessional financing measures for SMEs and emergency financing mechanisms to protect banks’ liquidity.

In addition, China became a member of the European Bank for Reconstruction and Development in 2016. China’s interests in Europe extend to major projects in transportation, natural resource

development, industrial development, and financial cooperation. Kazakhstan and other Central Asian states have a strong partner in the face of their eastern neighbor and an example of strong will to join international development banks.

Large financial flows are fraught with all sorts of risks. International terrorism cannot exist without financial injections. Money infusions are made by both cash and bank transfers. In the noble confrontation of the good half of humanity with the evil called Terror, the banks have a specific role. It is obvious that the connection between international terrorist organizations and those who finance them is greatly concealed.

While determination of all links in this chain and termination of terrorist attacks are the main tasks of the state security agencies, the international financial organizations, including banks such as World Bank, EBRD, ABRD and others in their statutory documents officially declare their zero tolerance towards the international terrorism by introduction of a number of procedures and practices to prevent money laundering.

Nonetheless, the terrorist organizations resort to different tricks, involve fraudsters and recruit software experts for finding sources of income for the terrorist activity.

In order to receive funds international terrorists conduct well-coordinated work: a) they generate threats and risks for the banks to be hacked internally and at a distance; (b) they reduce the banks' ability to identify operations conducted for terrorists, which mainly include transfers of funds from their sponsoring organizations or individuals. In this regard, it is worth noting that there are different groups of terrorists threatening the banks: hackers refer to the computer terrorism and religious extremists that refer to Islamic terrorism.

Nonetheless, these two groups contribute to the international terrorism and might collaborate with each other. For



instance, there were messages in media about ISIS attempting to receive an access to cyber technologies and recruiting software experts for this.

Security measures, which are aimed to identify sources of financing of the international terrorism and to restrain the flow of funds masked as ordinary transfers and received by terrorists, are introduced in the Russian Federation. Rosfinmonitoring (Russian Financial Supervising Agency) provides banks with the names of “black-listed” organizations and individuals proved to be or suspected in engaging in the international terrorist activity.

Russian bank employees have to check all transactions and transmitters of substantial sums of money in the foreign currency and if a transmitter is “black-listed”, they shall immediately report to Rosfinmonitoring, which further contacts special governmental bodies. So far, there are over 4 thousand entities in this “black-list”.

On the one hand, in this scheme the banks only play the role of an intermediary or link in this chain, though it is obvious that without the banks the scale of international terrorism would be

much smaller due to the lack of funds. Therefore, the world community and banks themselves greatly focus on the aspects of security and integrity of the bank operations and internal control procedures.

Moreover, potentially a large bank might become a target of the international terrorists. At the same time, international terrorist organizations and their leaders clearly understand the importance of the banks in supporting their harmful activity. They somehow manage to continue transferring, withdrawing, and storing money and other valuables in the banks.

The banks in return treat them as the clients and continue rendering services to the international “evil” due to the ineffective procedures for tracking money laundering transactions and failure to find out how clients actually spend the transmitted funds.

Each nation has its own structure for enforcement or compulsory execution of obligations but there are transnational issues related with this as well. Following a long tradition but particularly after September 11, 2001, numerous lawsuits have been prosecuted in US courts regarding activities by both local banks and banks outside the US for the possible facilitation of terrorism.

In this context, among other things, the issue of bank liability for negligence regarding terrorism has been disputed in court. The even greater question of what constitutes a terrorist organization is of course the background to any such discussion.

This is a political question and obviously not all governments agree on the nature of certain organizations, including financial organizations. This fact consequently complicates actual bank supervision practice locally and by extension the international cooperation.

There are other aspects that can be tangential to the financing of terrorism through banks. In EU contexts these

financial organizations are going through a supervision standardization process regarding issues such as solvency, tax evasion, money-laundering, and financing of terrorism.

In practice, this means there are still some loopholes. In the case of tax evasion EU institutions appear to have adopted much of the structure set in place by the US. Individual EU members or other states sign an agreement with the US. Bank clients, both private and corporate, must declare the origin of their funds by completing a number of documents, including a FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) form, which is officially designed to prevent US taxpayers from evading taxes.

However, in practice this form procedure can reveal many other facts of interest such as relations between account holders, major beneficiaries of trusts or companies or monetary flows. Under the Agreement, a European entity which is considered a FFI (foreign financial institution) or a NFFE (non-financial foreign entity) will generally be required to register with the US Internal Revenue Service (IRS), and undertake certain documentation, due diligence, withholding and information reporting obligations in respect of the financial accounts it maintains.

Such required documentation should be provided to the country’s Tax Agency, which should exchange the information with the IRS. For example, Sweden signed this agreement in 2014, in practice incorporating US legal provisions into their own set of laws.

The whole issue of institutions and financing of terrorism is under discussion in the European Union and it is likely that criteria for blacklisting will change. The EU Commission has a blacklist of countries deemed at risk of money laundering and terrorist financing. In January 2017, the EU Parliament sent the list back for reworking with the remark



that the list is too limited and should be expanded, for instance, it should include territories that facilitate tax crimes.

The Commission currently lists eleven countries, which it judges to be deficient in countering money laundering and terrorist financing. People and legal entities from blacklisted countries face tougher than usual checks when doing business in the EU. There is also a grey list with fewer checks as compared to the blacklist.

The deficiency of comprehensive international supervision creates a vicious circle, where banks fulfill their mission, as a result, money freely flows worldwide, and only the relatively few suspicious entities reported to the competent authorities are revealed and their transactions are terminated.

Considering this situation, special destructive structures are likely to operate under the guise of banks or credit organizations or involve shady banks in different jurisdictions to finance international terrorists. It is, of course, the task of Interpol and other specialized security agencies to find out and remediate such structures and terrorists themselves.

However, the role of the government and mass media is also critical in the process of informing the society via all sources of information delivery about such developments, actions, and possibilities of international terrorists.

Only well-coordinated measurements taken by the governments, security agencies and strong public attention to this

issue, usage of accumulated antiterrorism experience and best practices may result in prevention of terrorist attacks in future and decrease the number of innocent victims worldwide.

Given the pandemic, the European Bank for Reconstruction and Development has rightly lowered its forecasts of economic development, including for the countries of Central Asia. According to experts from a reputable bank, the business sector and consumer demand were suppressed by quarantine measures within countries, as well as due to border closures. For the same reason, a sharp decline in international trade and tourism links is due. The economies of Central Asian countries in the first half of 2020 contracted by an average of 0.6% on an annualized basis. Kazakhstan is in the category of countries that are experiencing deformation in the economic sphere.

Economic fluctuations in the region can negatively affect the state of the social sphere provoke the migration of part of the population and unemployed youth into the ranks of terrorist organizations.

EBRD experts on Kazakhstan and Central Asia made encouraging forecasts. Along with the negative impact, the coronavirus epidemic will give an impetus to the development of the pharmaceutical industry and the health care system. Agriculture and the food industry were least affected during the crisis, and the course towards achieving food security (within a single country or the EAEU) will provide an additional incentive for their development.

A breakthrough is expected in the IT sector, in telecommunications services, for the modernization of the entire education system, its transition to distance technologies. In general, the gradual reduction in the cost of energy carriers, metals, etc. and the devaluation of the tenge associated with this process creates excellent preconditions for the development of the entire spectrum of

non-resource industries – from agriculture to auto and mechanical engineering.

It is also clear where the recovery process will drag on for months – air travel, tourism, the service sector in general. Demand for offices and commercial real estate will revive for a long time. The transition to a remote mode of work, and the increased tendency to work through online orders and delivery, may play a role here.

Of course, trends in the economic and social situation in the Central Asian region during a pandemic should be closely studied, and in this it is important for an interstate collaboration of scientists and practitioners from Europe and Asia.



The task of jointly comprehending the situation and containing crisis moments is the pragmatic conclusion from the analysis of data from the media and social networks.

References

1. Rohner, Dominic and Bruno S. Frey. 2007. “Blood and ink! The common-interest-game between terrorists and the media.” *Public Choice*, 133.
2. EBRD (2017), *Anti-Money Laundering and Countering the Financing of Terrorism* statement, available at: <http://www.ebrd.com/cs/Satellite?c=Content&cid=1395238656263&pagename=EBRD%2FContent%2FContentLayout>
3. Diana W. Wormuth, Larissa V. Rybalko «The insurance Company: Strategy and Solvency». Sweden. Stockholm, 1998.
4. Муканова Г.К. Центральная Азия через призму отншений: Россия – Казахстан – Китай. СКУ, 2000.
5. *The Role of the Mass Media in the Fight against Terrorism (2015)*, Geostrategic and Political Studies of the Middle East, available at: <http://rusisworld.com/en/expert-opinion/role-mass-media-fight-against-terrorism>
6. Nacos, Brigitte L. 2006. *Terrorism/Counterterrorism and Media in the Age of Global Communication*. United Nations University Global Seminar Second Shimame-Yamaguchi Session, *Terrorism – A Global Challenge*.
7. Platov V. (2016), *ISIS Cyber-Caliphate*, online magazine “New Eastern Outlook”, available at: <http://journal-neo.org/2016/02/10/isis-cyber-caliphate/>
8. <https://forbes.kz/>
9. Lisa De Simone, Rebecca Lester & Kevin Markle (2017), *Transparency and Tax Evasion: Evidence from the Foreign Account Tax Compliance Act (FATCA)*, University of Illinois Symposium Papers on Tax Research XV, The Standard Club Chicago, available at: <https://business.illinois.edu/accountancy/wp-content/uploads/sites/12/2017/02/Program-Tax-Symposium-2017.pdf>
10. Arda Bilgen (2012), *Terrorism and the Media: A Dangerous Symbiosis*, The George Washington University, available at: <http://www.e-ir.info/2012/07/22/terrorism-and-the-media-a-dangerous-symbiosis/>



Автор туралы: «New Vision» Еуразия зерттеу орталығының директоры, профессор, PhD доктор.

About the author: Director of the «New Vision» Eurasian Research Center, Professor, PhD.

Об авторе: профессор, директор Европейского научно-исследовательского центра «New vision», доктор PhD.

Жігер ЖАНӘБІЛ

ГЕНЕТИКА ЖӘНЕ ТАРИХ

*ҚХР Фудан университетінің вице-президенті,
академик Жин Ли мырзамен сұхбат*

Аңдатпа. Шыңғысхан қазақ па, әліде моңғол ма? Жошы хан меркіттен туды ма, әліде Шыңғысханның өзінен туды ма? Венгрияда жасайтың бүгінгі таңда ақ насылдарға жататың мадьярлармен біздің қандай туыстық сабақтастығымыз бар? Біздің заманымызға дейін Сібір мен Тарым жазирасы аралығын алып жатқан байтақ кеңестікті сұраған сақтар (сака, сә жон рэн 塞种人, немесе скифтер) қайдан шыққан халық? Тарихшалымызды екіге бөлген жаубынан күмәні мол бұл сұрақтарға толықтай сенімді жауап беретің кез келді. Адам генетикасын зерттеу ғылымның дамығаны соншалықты, бүгінгі таңда ол әлем тарихшыларының ізденісіне қанат қосуда.

Zhiger ZHANABIL

GENETICS AND HISTORY. Interview with the Vice-president of the Fudan University of China, academician Jin Li

Abstract. Was Genghis Khan a Kazakh or born a Mongol? Was Jochi Khan born from a Merkit tribal chief or was he truly of Genghis Khan? Do the Kazakhs actually share some sort of kinship tie with the Hungarians, who inhabit in the heart of Europe and totally different in terms of their physical appearance? Where did the Scythians (Sak in Kazakhs, Saka in Persian, Se 塞 in Chinese and Scythian in ancient Greek), who left unerasable cultural traces in the vast space between the Siberia and Tarim basin during the 5th -3rd centuries before A.D originate? How did they then manage to spread across the Eurasian continent? We seem to progress toward unveiling the «secret» by the aid of genetic science.

Жігер ЖАНӘБІЛ

ГЕНЕТИКА И ИСТОРИЯ. Интервью с вице-президентом Фуданского университета Китая, академиком Джин Ли

Аннотация. В беседе с академиком были затронуты вопросы, касающиеся актуальных в наше время проблем истории тюркских народов: о Джучи хане и его происхождении; о том, кем является Чингисхан: казахом или монголом; об общих родственных корнях казахов и венгров, живущих в самом центре Европы; об исторических ареалах скифов (саков) на евразийском континенте.

– Академик Жин Ли мырза, Сізге алтын уақытыңызды бөліп сұхбат бергеніңіз үшін алғыс айтамыз!

– Мен генетиканы зерттеумен айналысамын және генетиканың негізгі мәселесіне назар аудардым. Яғни, жеке адамдардың генетикалық объект ретіндегі ерекшеліктері мен фенотиптік (адамның морфологиялық ерекшеліктері мен функциялары) айырмашылықтарының байланысы неде? Біздің фенотипімізді анықтайтын биологиялық механизм қандай? Бұлар генетиканың негізгі мәселесі. Сондықтан популяцияны зерттеу жақсы бастама және болашаққа жетелейтін ғылым. Өйткені әрбір адамның өзіне тән ұлттық генетикалық ерекшеліктері мен өзге халықтардың арасында да осындай айырмашылықтардың бар екенін айтуымыз керек. Сондықтан халықтар арасындағы генетикалық құрылымы бойынша айырмашылықтарына ғылыми талдау жасау арқылы адамдардың сыртқы бейнесі т.б. өзгешеліктерін немесе ұқсастықтарын анықтай аламыз. Біз тек популяциялық сипаттағы айырмашылықтарға назар аударып қоймай, адамдардың генетикалық айырмашылықтары олардың денсаулықтарына қалай әсер ететінін де білеуімізге болады. Осыдан, неге кейбір ұлттарда болатын ауру басқа ұлттар арасында сиректеу кезігеді? деген сұрақтарға да жауап беруімізге болады.

Мен 1994 жылдан 1996 жылға дейін АҚШ-тың Калифорния штатындағы Пало Альтода орналасқан Стэнфорд университетінің генетика зертханасында докторлықтан кейінгі зерттеулерді жүргізген кезде, осы университеттің атакты профессоры Luigi Luca Cavalli-Sforza 1990 жж басында адам геномын зерттеуді ұсынды. Ол адамдар арасындағы айырмашылықтарға баса назар аудару керек екенін айтқан болатын. Дегенмен бұл жақсы бастаманы ары қарай әлем кеңестігінде кеңінен

насихатталмағаны өкінішті. Содан бері шамамен 40 жыл уақыт өтті, осы кезеңде ғалымдар адамдар қауымдарын зерттеу арқылы генетика тұралы көп ақпаратқа қол жеткізді. Бұл бізге тұрғындар арасындағы айырмашылықты одан әрі зерттеу үшін жағдай жасады. Сонымен адамзат қауымдарының бастан кешірген әрқилы тарихтары олардың айырмашылықтарына қалай әсер етті деген мәселе тұр. Міне, қауымдар арасындағы генетикалық айырмашылықтарын салыстыра отырып, біз адамзат тарихында нені бастан кешіргені жайында болжауымызға болады. Қазір генетикалық зерттеу саласында инсандар әуелі Африкада жаралған деген тұжырым жасалды. Сондай-ақ, Африкадан шыққаннан кейінгі ең маңызды оқиға – Еуропа мен Азия халықтарының ата-бабаларын қалыптастырған Таяу және Орта Шығыстағы (оның ішінде Орта Азиядағы) адамдар арасындағы генетикалық дифференцияның пайда болуын атап өтуге болады.

Осы жерде туындайтын сұрақ: олар әлемнің әртүрлі жерлеріне көшіп, соңғы 40 000 жыл ішінде қалай өмір сүрді? Оған қоршаған орта әсер етеді және ол қоршаған ортаға бейімделуі керек. Мұнда олар табиғи ортаға бейімделу арқылы сүзгіден өтулері керек болды. Бұл үдерісте адам геніне және оның басқа да өзгешеліктеріне әсер еткен мутациядан басқа, олардың арғы аталарының жасаған орталары олардың геніне әсер еткен. Яғни, адамзат қоршаған ортаға бейімделу арқылы өздерінің генетикалық айырмашылығын қайтадан қалыптастырып отырған. Міне, бір жағынан ұзақ уақытта адамдардың генінің мутацияға ұшырауы арқылы бөліну үрдісін бастан кешірсе, екінші жағынан тарихи кезеңдерде тағдырдың тауқыметін көтере алмай жойылу үрдісіне ұшыраған. Осы екі фактор негізінен қазіргі кездегі популяциямыздың арасындағы алшақтықты тудырған себептер.



Бұл үрдістер негізінен 10000-40000 жылдар бұрын орын алған болуы керек. Сондықтан, генетикалық талдау 10000-40000 жылдан бұрынғы кезеңдегі адамның генетикалық өзгерістері мен ертедегі адамзаттан бөлінген көші-қон тарихын зерттеуде қол үшін кеңінен бере алады. Тарихи оқиғаларды немесе оларды зерттеу үшін генетиканы қолдану ұзақ уақыт бойы қиынға түсті, өйткені біздің технологиямыздың шектеулілігі және зерттеуге жинаған үлгілерінің мөлшерінің жеткіліксіздігі, оның саны мардымсыз болғандықтан (уақыт пен кеңістік) тарихқа дейінгі кезеңдегі адамзат қоғамындағы өзгерістер тек болжау негізінде тұжырымдалған. Тарихта қандай оқиға болғанын нақты баяндау қиын болған. Тек уақыт өте бүгінгі күні біз бір уақытта жүздеген мыңнан миллиондаған ДНК молекулаларын қатарластыра алатын жоғары өткізу қабілеттілігі технологиясының (Высокопроизводительное секвенирование технология) көмегімен сол тарихқа дейінгі кезеңдегі адамзаттың қимылын жүйелі, егжей-тегжейлі, терең және нақты айта алдық. Адам геномы мен генетика арасындағы айырмашылықты зерттеу үшін бұл

бізге тарихи кезеңдердегі оқиғаларды тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Алайда, зерттеудің бұл түрі мәселені шеше ме, немесе бізге жеткілікті ақпарат бере ала ма? деген сұрақ туындайды. Қазіргі уақытта бұл мақсатқа әлі толық қолымызды жеткізе алмай отырмыз. Себебі біздің зерттеулерді негізге алып отырған даталарымыз бастысы гендердің айырмашылығына байланысты. Ал, бұл айырмашылықтың өзі мутация үрдісінің кенеттен өзгеріске ұшаруына әкелуі мүмкін. Сондықтан баса назар аударуға тұра келетін мәселе, біз өз геномымыздағы айырмашылықты жеткілікті жинадық па, жеке адамдарды ажырата аламыз ба және ол тарихта болуы мүмкін бе? Бұл айтылған мәселелерге толық жауап алғанда ғана біз ерте заманда орын алған уақиғалар туралы танымымыз да алдыға қадам тастары сөзсіз еді.

Қазіргі таңда біз тек қатысты технология саласының дамып тез әрі арзан жасауға мүмкіндік берсе екен деп тілейміз. Осы негізде біз жеке адамдар арасындағы айырмашылықты зерттеу үшін жеткілікті даталар ала алатындай етіп, одан да көп адамдарды зерттеуге мүмкіндік алсақ деп армандап отырмыз. Осыдан кейін өткен өмірде не болғанын болжай аламыз. Бұл жерде айтқым келетіні, генетикалық талдау – бұл құрал. Бірақ, бұл тек құрал, ол бізге ертеде болған жағдайды түпкілікті егжей-тегжейлі айтып бере алмаса да, тарихты зерттеуде жаңа құрал ретінде пайдалануға болады. Құралдар, ол қолда бар құралдарға қарағанда көбірек мәлімет береді және оларды тек осы тұрғыдан жасауға болады.

Неге инсан қауымындағы айырмашылықтарды зерттеуге қызықтыңыз? деген сұрағыңызға жауап берейін. Осы тақырып туралы алып барған ізденісім жалпылы зерттеу бағытына қосары мол болуымен қатар, тағы бір маңызды жері, ол ауруларды зерттеу кезінде немесе аурудың пайда болуының гене-

тикалық қайнар көзін зерттегенде инсан қауымының, яғни популяциялар арасындағы айырмашылықтарды толық қарастырмасақ, біздің зерттеу арқылы қабылдап алатын нәтижесі жалғандығы басым болып кетпесіне кім кепіл? (яғни жасалған статистикада барлығы дұрыс болып көрінгенімен, сол алынған статистиканың өзінің негізі мүлде қате емес екеніне кім жауапты.) Сондықтан адамның генетикасын зерттеген шақта әуелі қауымдар арасындағы айырмашылықты анықтап алған жөн. Мұны (қауым ара алшақтық) басты білім деп білеміз. Бұл менің жеке адамдарға қарағанда қауымдар арасындағы айырмашылықты қолға алғандығымның басты себебі болып табылады. Ары қарай қуаласақ, бұл тек менің ғана ойым емес, барлық генетика саласындағы ғалымдарға ортақ идея.

Тарих кезеңіне дейінгі және тарих кезеңіндегі инсанның генетикасын зерттеу арқылы біз тым көп ақпаратқа ие болып отырмыз. Мен қауым ара айырмашылықты зерттеу жұмысын 1994 жылдан кейін назарға алған едім. Сол кезде байқағаным Еуропа, Америка, Мұхит аралдарындағы және Африка популяциялары туралы көптеген генетика зерттеу еңбектерінің жарық көргенінен хабарым бар еді. Алайда, бір қызығы ол жарық көрген еңбектер арасында Азия халықтары (әсіресе Шығыс Азия мен Орта Азия) туралы зерттеулер өте аз. Азияда ғалымдардың жетіспеуі және ДНК үлгілерінің қорын топтауда жеткіліксіздігі сияқты көптеген себептер болды. Менің ойымша, ең үлкен қиындық үлгілерді алуда болып отыр.

Батыс ғалымдарының бұл топтар туралы білімі өте шектеулі, сонымен бірге Азия халқының ДНК үлгілерін жинау қызметі батыс ғалымдары үшін өте қиынға түсті. Атап айтқанда адам топтарының ішіне кіріп олардың ДНК үлгілерін жинау оңай жұмыс емес. Үлгілерді жинау үшін сіз әуелі сол аталған халықтың ішіне кіруіңіз керек. Егер алып барған зерттеу нысанаңыз, сондай-ақ жұмысыңызды жеттік білмеген болсаңыз, онда сіздің ғылыми жұмысыңызды жүргізу мүмкін бе? Мысалы, Қытай елін алсақ, сіз алдын ала үй тапсырмаларын жеткілікті пысықтап алмасаңыз, сонымен қоса жергілік жерде серігін болмаса, барар жеріңіздің қауымдастығына тіпті кірудің өзі бір ганибет емес пе?

Міне, мен неге жүйелі зерттеу жұмысын жүргізу қиын деп отырғанымызды түсінген боларсыз. Станфорд университетінде жүргенде мен Азия тұрғындарын жүйелі түрде зерттеу біздің ғалымдардың күн тәртібінде тұру керек екенін түсіндім. (ҚХР-на оралғаннан кейін) біздің Фудан университетінің командасы мұны жүйелі түрде бастады. Ең алғашқы нәтижелеріміз Ұлттық ғылым академиясының еңбектері болып табылатын PNAS (Proceedings of the National Academy of Sciences of United States of America/Америка Құрама Штаттарының ұлттық ғылым академиясының еңбектері)-да жарияланды. (Chu қатарлы, 1998: 8) Сол кезде біз спутникпен азиялық тұрғылықты елді жүйелі түрде картаға салдық. Байқағанмыз оңтүстікте өмір сүрген азиялықтар мен солтүстік тұрғындар



арасында тұрпаттық айырмашылықтың бар екені. Бұл ретте маған келген ой, егер біз Азия құрлығында өмір сүрген халықтың ДНК-сын толық зерттеуге оқталған екенбіз, онда оның ашу кілті ретінде міндетті түрде Солтүстік Азия мен Орта Азияны атар едім.

Солтүстік және Орта Азияда ертедегі инсандардың ДНК-сын анықтау тым қиынға түседі. Себебі бұл аймақтарда қауымдар көші-кон қозғалысы жиі болған өңір, яғни олардың бір орыннан екінші орынға немесе бірінің үстіне екінші топтың барып қосылуы жиі орын алғандықтан халықтарының ДНК-сын зерттеу өте қиын. Аталған аймақтарда жиі миграциялық дағдарыс орын алып отырған, ол жерлерде өмір сүрген халықтың ДНК-сы да тым қабаталған күрделі. Өзіңіз ойлап көріңіз, егер ол екі, үш, төрт рет немесе тіпті ондаған рет қабатталған болса, онда оны зерттеу генетика үшін үлкен сынақ болмай ма? Алайда, бұл айтылған қиыншылыққа қармастан үстіміздегі ғасырдың басынан бері біздің зертхана шоғырлы халықтарға зерттеу жүргізуді бастады. Мақсат анық: ол адам генетикасының араласуын зерттейді. Зертханамыздың басқа халықаралық зертханалармен салыстырғанда, ең үлкен айырмашылығымыз – біз белгілі бір топ адамдарының ДНК-ның қаншылықты араласқанын зерттейміз. Алғашқы ғылым нәтижесін «Nature» журналында жариялағанбыз. (Wen қатарлы, 2004: 302-305) Онда осы қауымның үстіне барып жаңа қауымдардың қосылуынан туындаған ДНК-ны анықтауды алдыға тартқан едік, яғни қазіргі Қытайдың солтүстік тұрғындар 2500 жылдан бұрын оңтүстікке қарай жылжи бастаған. Содан кейін оңтүстіктегі жергілікті хан халқының популяциясына (қытайларды өздері хан деп атайды. – ЖЖ) қаншалықты әсер еткен деген мәселе қаралған. Бұл бірнеше көздерден құралған оңтүстік популяцияға қандай әсер етті, яғни олардың ДНК-сы қалай



араласты? Деген сұрақтарға жауап іздедік.

Сонымен, сіз атап өткен «Демиктік диффузия» «Demic diffusion» мен «Мәдениет диффузиясы» «Cultural diffusion» мәселесіне келсек¹. Сізге мен ғылымдағы бұл екі әрқалай бөлек тұжырымды араластырып алғандай болып көрініпші. Ал, шынында мен бұл тұжырымдарды қауымдардың генетикасын зерттеу тұрғысынан қараған едім. Сол сіз атаған мақаламда әуелі ертедегі адамдар қауымының таралуы мәселесін (демографияның бір аймақтан екінші аймаққа қарай жасалған миграциясы, яғни ғылымда «демиктік диффузия» деп атап жүрміз-ЖЖ) анықтадым да, сонан соң оның мәдениет диффузия мәселесімен арадағы қатынасты зерттеп едім. Сонымен, бұл екі тұжырыммен зерттеу жұмысын алып барғанда және түсіндірген кезде оларды біріктіруге тырысқан едім. Жарайды, оқырмандарымызды жалықтырып алмау үшін тақырыптың бағытын Орта Азияға аударғым келіп отыр.

Біздің зертханамыз аталған өңірге деген құштарлығы күн санап артып

¹ Адамдардың генетика саласын зерттеуде «Демиктік диффузия» (Демографиялық диффузиялық модель) егін шаруашылығымен айналысатын қауымның белгілі бір жаңа аймақтарға көшу арқылы сол аймақта өздеріне дейінгі жасап отырған қауымға егіншілік кәсібін таратуды айтады. Ал, Мәдениет диффузиялық модельі аңшы әрі жабайы жеместерді терумен айналысқан қауым (hunter-gatherers) ауыл шаруашылық кәсіпті егіншілікпен айналысатын көрші бір қауымнан үйренетініне қаратып айтылған тұжырымы (conception) – ЖЖ.

келеді. Шинжаң жерін мекен еткен ұйғыр және қазақтардың ДНК-сы зерттеуді ертеректе қолға алып одан біраз нәтижелерді де шығарып, ғылыми басылымдарға беріп те үлгердік. Бұл өңірге неге соншама қызықтыңыздар деген сұрағыңызға былай жауап берейін: әуелі мынаны қараңыз, Орта Азия ежелден бері адамзаттың көші-қон жолындағы қиылысқан үлкен бір нүкте, бұнда өзіңізге мәлім топтасып қоныс аударып келген адамдардың үсті-үстіне қабатталып қосылған. Бұл жердегі осы бір қызықты да күрделі үрдісті анық зерттеп алған да ғана біз шығыс Азиядағы халықтардың генетикалық құпияларын толық ашамыз. Бір ғана мысал келтіре кетейін, біз Бейжіңнің ескі тұрғынын, яғни аталған қалаға 1949 жылынан бұрын қоныстанған халықты біз солай сипаттағанбыз (ол тұралы зерттеу нәтижесі алдағы уақытта басыпанадан шығатын болады). Бұл қалада жасаған «көне бейжіңліктердің» ДНК-сында Хуанхэ өзені (Сары өзен) бойын жағалай қоныстанған «таза хан ұлтының» ДНК-сымен салыстырғанда хан элементтері ҚХР-дың басқа өңірмен салыстырғанда төмен. Бұл жерде көзге ұрып тұрған мәселе бұлардың арғы ата-бабалары кім болғаны және олар қайдан келіп осында қоныстанған екен? Өзіңізге мәлім бұл жер қала ретінде Юань, Мин және Чин билік құрған кезде өте ашық болған. «Жібек жолының» бойымен мұнда ағылған адамдардың саны мол, түрлері әркелкі болмады ма? Ал, олардың қатарынан мен ұйғыр мен қазақтардың арғы аталарын да анық көріп отырмын.

Ұйғыр Шинжаңдағы ең үлкен этникалық топ болғанымен, әсері сол аймақтың шекарасымен ғана шектеліп, қазақтардың тарихқа жасаған ықпалдарындай болмайды. Себебі қазақтар Алтай тіл жүйесіне қарайтын түркі-тектес этникалық тобындағы басты ұлттарының бірі. Бұл халық Орта Азия тарихында өте маңызды рөл атқарғаны

белгілі. Шын мәнінде, түркітілдер тобы – адам генетикасы тұрғысынан алғанда тарихта Еуразия даласында бір қабат ДНК-ны анық қалтырғаны белгілі, енді оларға дейінгі инсандар жайында анық мағұлматтар беру әзірше қиын сұрақ болып отыр. Оған себеп ертедегі қозғалыстарда болған халықтардың ДНК үлгілерін жинау өте қиынға соғып отыр, ол мәселеге келгенде біз әзірше тек физикалық антропология арқылы зерттеу жасай аламыз. Мысалы, Фудан университетіндегі зертханамыздың жас маманы Сун чаң осы күндері Еуразияда табылған бас сүйектерді жүйелі түрде зерттеуде, бас сүйектің кескінін салыстырып зерттеу арқылы ежелгі ұлттардың қозғалысының бағытын және олардың қалай аралас болғанын анықтай аламыз.

– Рұқсат болса осы арада сөзіңізді бөлейін. Назарыңызға Қазақ Академиясының академигі, Кеңес Одағында әйгілі физикалық антрополог болған Оразақ Смағұловты сала кеткенді жөн көріп отырмын. Ұзын сөздің қысқасы, ол ғалымның жасаған көптеген әйгілі қортындыларының бірі – археологиялық қазба жұмысынан табылған ежелгі адамдардың бас сүйегінің кескінін көп жыл салыстыра зерттей келе, тарихта Орта Азия жеріне Моңғолоид нәсілінің келіп қоныстануын біздің дәуірдің алды-артында келіп жеткен Теріскей ғұндармен байланыстырады. Ол жөнінде Қазақстанға келгеніңізде кеңінен танысуға мүмкіндік аларсыз.

– Көп рахмет, әрине сол күнге тезірек жеткізсін. Ғұнды ауызға алғанда Шыңғысхан бастаған моңғолдарды да ұмытпаймыз. Неге десеңіз бұл екі халық Батыс елдерін үрейде ұстаған әрі үлкен ықпал жасаған ел. Бірақ, менің тарапымнан алып айтқанда бұл екі халықтармен салыстырғанда жаңа қана қазақтарды ауызға алдым емес пе, енді сол тағырыпты жалғастырып, сәл кеңейтсем деймін. Түркі халықтарының таралуы Шығыс және

Орта Азия тарихына генетика тұрғысынан алып айтқанда жасаған ықпалы әліде зор. Деректердің жазуына сенсек, салыстырмалы түрде түркілердің Еуропа мәдениетіне аса бір үлкен әсер етпегені байқалады, ол жақтағы халық әрине түркілердің шығыс мәдениетіне, оның ішінде Қытай тарихына жасаған ықпалы туралы білімдері шамалы. Тіпті біз жөнінен алып айтқанда түркілердің Қытай тарихында қалдырған ДНК ізі де бірнеше қабаттан тұрады.

Демек, Қытай деректері оларды жаппай қағаз бетіне түсіре алмағаны анық. Біздің болжамыз бойынша түркілердің шығу қайнары Қытайдың шығысындағы Шиң-ан-лин (Хинган тауы) болуы бек мүмкін². Хинган тау сілемінде жасаған халық үшін табиғи апат немесе климатағы өзгерістерден туындағын қысыммен, халық өздеріне жеткілікті қорек іздеумен оңтүстікке қарай қозғалған. Тек түстіктегі жергілікті халықтың тығыз орналасуына байланысты онда салынған Қытайдың Ұлы қорғаны мен билік тарапынан көрсеткен қарсыластығына ұшырап мидай жазық дала болған Еуразия даласына қарай шұбырыла ауына жол болды. Онда дегенімен шығыстағыдай ауылшаруашылық дамымаған, яғни ол жерде еш кедергі болмағандықтан түріктердің арғы аталары батысқа қарай атбастарын бұруға тура келген. Содан сол жаққа қарай бірінің үстіне екінші халық барып қосылу арқылы қабатталған.

Сондықтан ұйғырлар мен қазақтардың ДНК-сын зерттей отырып, менің ойымша, екі мақсатқа қол жеткіземіз: біріншіден, Түркі тілінде

сөйлейтіндер олар кім? Екіншіден, түркілер қалай жер-жерге таралған? Себебі олардың таралуы кезеңінде барған жер-жергі жергілікті халықтармен гендері қосылып отырмады ма? Егер біз көпшіліктің көшіп-қонуы мен оның құрамы туралы алдын-ала ойластыра алсақ, онда біз Орта Азияның тарихын шынымен толықтыра алар едік. Атап айтқанда, қазбалық жұмыстың қорытындысына сенсек, Шинжаң жерінде адамзат баласы келіп қоныстанғанына 4000-5000 жылдан аспаған³. Кейін уақыт өте халықтар бұл аймаққа қоныс аударуы жиіленді әрі қазіргі генетика ғылымның тұрғысынан қарағанда ол жерге адамдар екі бағыттан жеткен. Бұл шығыс пен батыс бағыттары өзара тоғысуын ауызға алып отырмын. Адамдардың бұл қозқалыстарының жиіленуіне технологияның жетілуі себепкер болған болуы мүмкін. Егерде Шинжаңның өзінде қауымдастардың тоғысуы осынша тығыз болса, онда біз оның арғы жағында орыналасқан Қазақстанда адамзаттың бұл тоғысуы тіпті де ертеректе басталған болуы әбден мүмкін деп топшылауымыз дүріс емес пе?

Ал, Қазақстанда Шыңғысханның Батысқа жасаған жорығы жайында және патшалық Ресеймен арадағы қатынастар туралы жазбалардың мол болатынына мен күмән келтірмеймін, тек біз ол дәуірлерден мүлде бұрынғы замандарда халықтардың бұл халықаралық магистральдың қиылысындағы көші-қон қозғалысы не болғандығын мүлде білмейтініміз да. Біз әрдайым адамдар топтарының көші-қонын, өзара «қойы қорас ауылы аралас» үрдісі, сондай-ақ олардың мәдениетінің алма-

² Күлтегін ескерткішінде Қадырған таулары. Қазыргы Ресей федерациясының Становой Тау жотасы – Ресейдің Қиыр Шығыстың оңтүстік бөлігінде, Олэкмы өзенінің орта ағымынан Учур өзенінің көздеріне дейінгі 700 км созылып жатқан тай слемі. Таудың көп бөлігі Амур облысы мен Якутияның табиғи шекарасы болып табылады; оның кіші бөлігі Хабаровск аймағының аумағында орналасқан. – ЖЖ.

³ 2016 жылы археологиялық бөлім Шинзянның Жемени ауданы Үнгіртаста 通天洞-ге жүргізген археологиялық жұмыста шығарған қортынды бұл шұрат осыдан 40 мың жыл немесе одан да бұрын болған елді мекен болуы мүмкін. Алғаш рет бұл аймақта айқын стратиграфиялық байланысы бар палеолиттік мәдени жәдігерлер табылды, тек қазіргі уақытта адам қалдықтары табылған жоқ. – Жин Ли.

суын өзіміздің зерттеу бағыты ретінде қолдандық. Сонымен қоса біз «Жібек жолы антропологиясын зерттеуді» де маңызды бір арна ретінде қараймыз. Бұрынырақта біздің Орта Азия бойынша жүргізген зерттеулеріміз негізінен 2005 жылы жасалған география жағынан шақын ғана генетикалық жоба болған. Біздің Орта Азия туралы ДНК ақпараттар негізінен Ресей ғалымдарының жинаған үлгілері болған, алайда ол ғалымдардың үлгі жинау аймақтары да өте шектеулі еді. Сондықтан біз «Бір белдеу, бір жол бастамасы» аясында сіздер жақтағы қатысты орындармен серіктестік орнатып бірге жұмыс істесек деп үміттенеміз. Генетикалық саладағы зерттеу әдістеменің жетілгендігімен қоса Орта Азия мемлекеттері жаңалықты жақсы қабылдауы, сондай-ақ серіктестікке бейімділігі біздің Қытай-Қазақстан-Ресей-Венгрия бірлескен «Жібек жолы халықаралық антропология бірлескен зертханасы» құруға мұрындық болды. Біз осы арқылы технологиялар мен ғалымдарды даярлауға біршама көмек бере аламыз.

– Жаңа біз «Көне Бейжіңнің» тұрғындарының генетикасы жайында сөз қозғадық. Бұл «ерекше құбылыс», тек Бейжің қаласымен шектелмейтіні анық. Себебі, Қытай жерінің солтүстігі ертеде-ақ өзіңіз ерекшелеп кеткен түркі халықтарымен соғыс пен сауда алма кезек айналуымен ұлт арасында генетиканың алмасуы да табиғи үрдіске айналған өңір. Осыған байланысты жергіліктік тұрғындардың ДНК-сын анықтауға байланысты сұрағым: Жоғарда сіз Ресей ғалымдарының Орта Азия елдерінде жүргізген ғылыми тексеруін бір ілтипатпен ауызға алдыңыз. Алайда, сол ғалымдардың Қазақстанда жасаған жұмыстары жайында жазған мақалаларын да талдап оқып шықтым. Білгенім, олардың айтуына қарағанда ДНК-ның үлгілерін жинауға тартылатын бейхалықтың 100 ден аспаған, кейбір қазақтың тайпаларынан, мы-

салы, Орта жүз қоңырат тайпасынан 2 ғана адам үлгі беруге тартылған. Ең көбі біздегі Жошы ханның ұрпақтары Төре руына жасалған тексеру, онда қателеспесем бірреткіде үлгі алу науқанына тек 100 адам ғана тартылыпты. Ал, генетика ғылымында белгілі бір тұрақтағы елден (рас, ұлт және тайпа, немесе белгілі өңірлерде тұрақты тұрғындары, мысалы, Бейжің) биологиялық үлгіге (қан, түкірік және дәрет т.б.) тартылған адамның саны 1000-нан жоғары болу керек дейді. Осы рас па?

– Жок, ол міндетті емес! Бір немесе екі адамнан болсада алынған ДНК мәліметі белгілі бір топға үлгі бола алса болғаны. Атап айтқанда, біріншісі өзара туыстық қатынаста болған бір топ адамнан бір адам үлгі бере алса жеткілікті; сондай-ақ екіншіден бір аймақта бірге жасап жатқан халықтан арғы аталарының шыққан жерілері бір болса олардан да бір адамнан алғаны жеткілікті. Меніңше сіз сөз еткен ғалымдардың жұмысына техника мен қаражаттың жетіспеушілігі кедергі жасаған болар. Мысалы, сіз сонша қаражат шығарып адамдардан биологиялық негіздегі мол үлгі (қан, түкірік және дәрет) жинап алдыңыз дейік, оларды сақтап қоятын зертхананың орын бар ма?

– Енді Қазақстаннан Венгрияға созылып жатқан даланың ерте тарихынан генетика тұрғысынан бірер ауыз сөз қозғасақ. Осы орайда Қазақстанның тұңғыш антропологи Оразақ Смағұловтың этникалық краниология саласындағы зерттеу қортындысына тоқталсам (Исмагулов, 1970: 33-38, 43, 46)⁴. Себебі сол зерттеуінде

⁴ О. Смағұлов Қазақстан аумағында Темір дәуірінде өмір сүрген сақтар (б. д. д. VII-IV ғғ.) антропологиялық ерекшелік жағынан осы өңірде Қола заманындағы жергіліктік халықтың, еуропеоидтың антропологиялық типпен ерекшеленеді дейді, сырттан келген монғолоид типтегі халықтың әсері әлі шамалы еді. Бұл монғолоид типтегі халықтар Орта Азияға Алтай слемінен ауып келген дейді (қараңыз аталған еңбектің 33-38 бб.).

О. Смағұлов Кеңес Одағының әйгілі археолог А. Н. Бернштамның жасаған тұжырымын қолдап *моңғолойд* тектес халықтардың көші-қонын б. д. I ғасырда Жетісу өңіріне қоныс аударып келген ғұндар бастаған, дейді. Бұл жасалған тұжырымды адам генетикасын зерттеген Венгр физикалық антропологдардың ескі кабірлерге жүргізген ДНК салыстырмалы зерттеу нәтижесі де растап отыр (*Neparáczki* қатарлылар) Олар тіпті бүгінгі мадиярлардың генінде қиыршығыстағы Хинган тауынан Моңғол үстіртін басып Орта Азияны ортаға тастап батысқа біртіндеп Карпат тауларына жеткен ғұндардың мадиярлармен де басқа да Еуразия құрлығында жасап отырған, мәселе, Орта Азия, Башқорт және Сібір халықтарымен кіндіктес болғанын ашық жазады (*Hollard, v 167, Issue 1*).

Жақсы, осы ғалымдардың болжауына сенсек сол ғұндарға дейін еуропейд тіпдегі инсандар Еуропа құрлығынан көшіп қиыр шығысқа дейін, мәселе, Шығыс Сібірдегі Енисей өзен аңғарына жетіп сол жақтан түстікке қарай ауып қазырғы Орта Азияға, сонын ішінде Шынжаң Тарым жазирасына ат бастарын тіреген деген ойларын бөліседі. Яғни, олар арттарына Андронов бен Афанасьев мәдениетерін қалтырған сақтар (гректер скифтер десе шығыстағы қытайлар оларды сә *塞* деп атаған) тектес халықтарды жазба тарихтан білеміз. Міне, бағанада сіз Орта Азия шығыс пен батыстың аралығында көшіп-қонған халықтардың тоғысқан жол қиылысы деп айтқаныңыздың дәлелі.

– Бізде доктор Сун Чанг ертедегі Еуразияны мекен еткен халықтардың қайта қоныс аударып кері кетуін зерттейді. Меніңше әуелгі шығысқа қарай жол тартқан қауым Еуропадан

О. Смағұловтың зерттеуі бойынша бұл үрдіс Сақ дәуірін ілешала өкшелеген Үйсін кезеңі (б.д.д. III-I ғғ.) де түбегейлі өзгерте алмаған, яғни моңғолоид халықтың құрамы маңызды орынға шыға алмаған (сонда 43, 46 б.). Қазақ антропологи А.Н. Бернштамның жасаған тұжырымын қолдап Орта Азияда моңғолоид нәсілінің пайда болуын ғұндардың аталған аймаққа келуімен байланыстырады (сонда 49 б.). – ЖЖ.

шықпаған, олар Таяу Шығыстағы Қос өзен алқабынан қозғалған еуропейдтер болған. Олардың шығысқа қарай жол тартуларына себеп өндірістік шарт жағдайдың дамуымен күн көріске мүмкіншіліктің көбею болуы әрі отырған өңірдің адам санының өсуімен сыймай кетуі еді. Уақыт жөнінен алып айтқанда ол осыдан 5000 жылы бұрын орын алған. Содан кейін олар екіге бөлініп, бір бөлегі ақырын қозғалып шығыс Сібірде орналасқан Афанасьев бен Андронов тектес жерлерге жеткен, екінші топ бүгінгі Ауғанстан жеріне жеткен. Кейіннен кейбір топтар қайтып Орта Азия жерінде тоғысып, шығыста Тарым жазирасында шығыстан сол жерге келіп жеткен моңғолойд тіпдегі халықтармен араласып кетеді.

Демек, осыдан 4200 жылдары бұрын Шығыста жасаған жергіліктік моңғолойд халықтар егін шаруашылығының, атап айтқанда бидай мен күріш егу әдістерінің дамуына байланысты адамдардың жан саны да күрт өскен, соның нәтижесінде олар батысқа қарай Тарым жазирасына жетті. Мысалы, аталған аймақта Шяхох, яғни Кіші өзен аталған жердеге шұраты қазу кезінде оның төмен қарай 5-ші қабат қыртысында көп деген Шығысқа тән бұйымдар табылып, тіпті әлі көрмеге қойылмаған Лоулан (Кро-райна) бойжеткеніне жүргізген ДНК тексерудің нәтижесі оның бет пішінінің еуропейд болғанына қарамастан ДНК (аналық генетика тегі) Шығыстан екенін ақиндайды. Біз Шинжаңның Тұрфан жеріне жақын орналасқан Янхай атты шұраттан қазылып шыққан адам сүйектеріне жүргізген ДНК тексерістің қорытындысы да (ол кезде біздің ғылыми шамамызда тек аналық ДНК-лерін тексерумен шектелген) қызық: қолымызға түскен барлық бас сүйектерге жасалған краниологиялық өлшеу олардың еуропейд бен моңғолойд екі түрлі нәсілдің аралас екенін аңғартса, оларға жасалған мтДНК-



нәтижесі де растайды. Демек, сол кезде (осыған бұрын 4000 жыл) аталған өңірде Батыстан келіп жеткен қауымды адамдар мен шығыстан барып қоныс тепкен адамдар өзара қандары араласып кеткен. Шу Жи «Ғылым хабаршысына» берген мақалсында бұл мәселені егжей-текжей жазған. Оның жазуынша: уақыт өте аталған аймақта еуропейд тіптегі адамдардың саны күрт азайып, олардың орның шығыстан келген қауымдардың салмағы аяқ астынан басып кеткен⁵. Яғни Шинжаң расында да Шығыс пен Батыстың тоғысқан қиылысы болсгns.

– Бұл өте қызықты, сонда біздің сыртқы пішініміз (адам ретіндегі нәсілдік түріміз) біздің ДНК-мен қандай да бір байланысы бар ма?

– Ғылымда олай қарамаймыз. Не үшін? Себебі біздің көзімізге ілінген тек бір адамның сыртқы бейнесі ғана, ДНК біздің сыртқы түрімізді тікелей анықтамайды, ол тек біздің бет әлпетімізді белгілі бір аймағын ғана белгілей алуы мүмкін. Алайда, оны да нақты айта алмаймыз. Мен зерттеуіміздің тереңдеуімен бір күні біз кез келген жеке тұлғаның ДНК-сы арқылы оның портретін сызып

⁵ «Ғылым хабаршысы» алғаш рет 1950 жылы жарық көрді. Бұл Қытай ғылым академиясының және Қытай ғылым академиясының және Қытай Ұлттық жаратылыстану қорының демеушілігіндегі жаратылыстану ғылымдарының жан-жақты ғылыми журналы.

шығатынымызға сенімім мол. Алайда, сол салынған портретті көрген адамдардың беретін бағасы әркімнің түсінігіне қарай өзгеше болады. Біздіңше адамдардың ДНК-сы түрлі себептерден мутацияға ұшырап олардың бет бейнесі мен дене бітімдеріне әсерін тигізеді. Мысалы, біздің зертхана (Гарвард университеті мен Қытай Ғылым Академиясымен бірлікте) Шығыс Азия

халықтарына жасаған ДНК-тексерісте анықтағанымыз осыдан 30000 жылдан бұрын аталған кұрлықта жасаған халықтың 95% ДНК-сы құрамы мутацияға ұшыруына байланысты тер бездерінің тығыздығы еуропалықтарға қарағанда шамамен 15% артық екен. Демек, Шығыс азия елдері көбірек терлейді деген сөз. Бұл мутацияға ұшыраған ген Шығыс азиялықтардың дене бітімінің басқа да мүшелерінің айырықша болуына себеп болған. Шашының қаралығы, оның көлденең қимасының пішініне, құлақшаның пішініне, иек пішініне әсер ететінін. Сонымен қатар мұрын шеміршегінің аласа болуына әсер етуі мүмкін екенін анықтадық (тек бұл әліде қосымша дәлелдеуді қажет етеді). Яғни адамдардың ДНК құрамында мутацияға ұшырауы белгілі бір дәрежеде азиялық немесе моңғолойдтарға тән көп дене ерекшеліктерінің пайда болуына негіз болған болуы мүмкін. Біз қазір биология ғылымы арқылы бұл мәселеге қанықтау болып отырмыз, не үшін дегенде? Бұл сипаттамалар мен айтқанымдай, эмбрионның (ұрықтың) даму барысында барлығы эктодермадан дамиды және бұл мутация эмбриональды даму үдерісінде болады және эктодермаға оның бастапқы сатысында әсер етеді⁶. Егер ол эктодермадағы

⁶ Эктодерма (грек тілі: сыртқы) – нәресте дамудың алғашқы кезеңдеріндегі сыртқы эмбрионалды жапырағы. Орташа герминді жапырақ бар – мезодерма және эктодермадан ең алыс – эндодерма.

кезінде сәл өзгеріске ұшыраса, ары қарай баланың іште өсуіне терең әсер етеді. Менің ойымша, бірнеше тал ғана ДНК-ның айырмашылығы еуропейдтер мен моңғолойдтердің арасын жіктеп тастаған. Бұл айырмашалық көзге түсіп тұрғанынан танымымыз сол адамның келбеті мен кескініне ғана назар аударып отырамыз, ал, шыныдығында, сол өзгеріске ұшыраған ДНК-лар адамдардың басқа да жерлеріне әсері болған болып табылады.

– Сол басында біз сөз еткен мадиярларға қайта оралсақ. Сыртқы бейнелеріне бір қарап-ақ олардың ақ нәсілден екендеріне ешқандай күмән келтірмейміз. Олардың құрамында бағанадан бері біз сөз етіп отырған Шығыс Азиялық гендері нөлмен тең. Венгр ғалымдарының ескі қабырлардан (VI-VIII ғасырлар) қазып алған 200-ге жуық адам қанғадарына жасаған ДНК зерттеулері олардың 40%-ы шығыс Еуразиядан шыққаны туралы анықтап отыр, демек бүгінгі мадиярлардың оқымыстылары мен жай халықтың санасындағы мадиярлар ғұннан тараған деген аңызға бекім сенетіндері жөн-ақ екен. Аталған ел осылайша жай ұғымнан іске көшкені ол мадиярлар Орта Азия мен шығыс Сібірдің тарихы мен халықтардың тілдерін зерттеуде алдына жан салмайды. Жақында ғана сол елдің президенті Виктор Орбан қаншалықты мигранттарға қарсы болса да 2018 жылында Түркі Кеңесіне бақылушы мүше ретінде қабылданды. Орта Азияны, соның ішінде Қазақстанды өздеріне жақын тарту үрдісі Түркия елінде де белен алғанына ғасырлар өтті. Ол сонау Ата Түрік заманынан бастап пантюркизм үрдісімен айқындалған. Қараңыз бүгінгі қазақтардың түрі мен өңі не мадиярлармен не түріктерге келмейді. Бірақ сол екі ел қазақтарды өз бауырына басып алуға дайын. Бұл жерде сол елдердің саясаткері мен зиялы қауымы аңызға негізделіп

гео-саясаттын генетика ғылымынан жоғары қойып жатқан жоқ па? Сұрақ: қалай болғанда адам генетикасын зерттейтің ғылым саясаттан аулық байын тазарта ұстай алады? Мысалы, кей елде ұлттық бірегейлікті (идентичность) қалыптастыруда ДНК-ның сабақтастығын қолдан жасап та алуға болады ғой?

– Тарихта халық ретінде басымыздан көптеген оқиғалар өтті, кейін тарихқа жанаса ма, жоқ па, оған қарамай сол оқиғалар адамдардың қолынан молынан қайта жасалып жатады (рефакторлау). Ол тарих кезеңінде орын алған оқиғаның бір жағын немесе бір бөлігін ғана көрсетіп қалар, осылайша тарихтан алшақ кетуі бек мүмкін. Біздің ғылым тобымыз бұған баса назар аударады, ғылым деген ғылым, оны саясат немесе басқалай бір мақсатты негізге алып зерттемейміз. Мысалы, адам генетика саласын зерттеуді оларды ұлтқа сипаттама беретін құрал ретінде қараудан аулақпыз. Атап айтқанда, ДНК-ны бір халықты екінші бір халықтан жоғары қоюға мүлде қарсымыз. Әсіресе, қазіргі қоғам үшін, ұлтты анықтап, одан саяси ұпай жинауға мүлдем болмайды. Себебі саясаткерлердің алдыға қоятын мақсаттары көбінесе бір жақтылы жалаң бағытқа жету болып табылады. Сондықтан гендік технологияны, биологияны және тарих зерртеу салалары адамзатты өлшеу эталоны ретінде істетпеуіміз керек.

– Иә, сізбен келісемін. Осы арада бәлкей генетика мен биологиялық ғылымның зерттеу әдістемесі Орта Азия өңірде орта ғасыр тарихын түгендеудің науқанға айналған тақырыптарға – Шыңғысханның ұлттық тегі туралы сұраққа жауап та таба алармыз. Атап айтқанда, Шыңғысханның тегі моңғол ма, әлде қазақ па? Орта ғасырдың уақыт белдеуінде Моңғол үстіртін жаңғыртқан найман, керей және меркіттер моңғол тілінде сөйледі ме, әлде түркі тілінде сөйлеген бе? Мұны генетикалық зерттеулер тұрғысынан мәселелерге нүкте қоя аламыз ба?

Эмбрионда эктодерма эндодермамен бір уақытта пайда болады және ұрық жасушаларының сыртқы қабатынан түзіледі (<https://ru.wikipedia.org/wiki/Эктодерма>). – ЖЖ.

– Бұл мәселенің шешудегі алдыңғы шарт, егер біз ертеде жасаған Керей тайпасына жататын адамның сүйегін тауып алсақ, тіпті жолымыз болып сол керейлерге жататын адамның бас сүйегінен ДНК алып алсақ, онда біраз сұрақтарға жауаптар таба алар едік. Осы орайда сізге айтарым, біз «Жібек жолы антропология ғылымына» негізделіп жүргізетін зерттеуіміз тек генетиктермен ғана емес, сонымен қатар археологтармен және тарихшылармен тізе қоса отырып жаңағы табылған адамның бас сүйегіне көміртегі 14 немесе басқа изотоптық анализ жасау арқылы оның уақыт шегін тұрақтап алып, ары қарай жұмысты ойдағыдай алып бару. Сонымен біз ежелгі адамдардың белгілі бір тобына алдымен түсінік сипаттама береміз: ол бас сүйек қай руға қарасты? Егер ол адам тарихта маңызды болса, ол кім болғаны? Қазіргі уақытта (Қытайдың) Орта Жазық жерінде тарих антропологияның әдістемелеріне жүгеніп (қабіртас, эпиграфтар, мөрлер және т.б.) ескі қабірлерден шыққан адам қалдықтарын анықтау өте оңай болып жатыр. Тарихи антропология ғылымы деп біз сол замандардағы қабірлерден тауып алған жәдігерлер арқылы сол адамдардың аты-жөні, оғамдағы атқарған істері мен ұрпаққа қалтырған мұраларымен олардың ДНК үлгілерін алып зерттеп анықтағаннан соң, оларды бүгінгі қолымызда бар

ДНК үлгілерімен салыстыру арқылы олардың ұрпақтарын да тауып алуымыз. Сонымен тарихты қуалай зерттеуге мүмкіншілік алып өткен кезеңдерінде олардың басынан қандай оқиғалар өткен және ол сол кездегі қоғаммен қандай байланыста болды деген көптеген сұрақтарға жауап та аламыз. Міне археология, тарих, антропология және генетика ғылымдарының өзара біріктіргенде қандай қорытынды шығатыны белгілі болды.

– Демек, тарихшылар шынайы ғылымға беріліп ақиқатқа жақын боламын десе жоғарыдағы ғылымдардың барлық салаларынан хабардар болуы керек екен ғой!

– Орта Азия халықтарының генетикалық айырмашылықтарын зерттейміз десек, тарихтарын қоя тұрып, олардың ДНК-сын салыстырып зерттеуге тура келеді. Яғни вертикалық (тарих және археология) зерттеуден бұрын горизонталдық (бір аймақта жасайтын халықтардың генетикаларын салыстыруы) зерттеуді жүргізу керек. Бұл халықтардың ДНК-сындағы айырмашылықты анықтап алып, содан кейін ғана олар қалай пайда болды екен деген сұраққа жауап іздейсіз.

– Қазақстанның қазіргі жағдайында – тарихтың ақиқатына жету үшін ұлттық сезім мен жеке «тарихшылардың»



қолдан жасап алатын «шындықтан» құтылу үшін біз көп салаларды: тарих, археология, антропология, сондай-ақ адам генетикасына ғылыми талдау жасауды біріктіру арқылы зерттеуіміз күн тәртібіндегі маңызды іс болып тұрғандай.

– Осы ғылым салаларының басын қосу арқылы сіз бен біз көптеген шындыққа қол жеткізе алатынымыз ол рас...

– Айтпақшы, жоғарыда біз Қазақстан және Ресей генетика ғалымдары біраз жетістіктерге де қол жеткізіп үлгірді деп айттық. Сөзім дәлелді болу үшін «Шежіре ДНК» жобасының жетекшісі жас ғалым Нұрбол Баймұқановты атап айтар еді. Батыс Еуропа ғалымдарымен бас қосып жүргізген жұмыстың арқасында ол біраз мақала жариялап та үлгірді. Соның бір қорытындысы ретінде мынаны айтар едім: қазақтың генетикалық портретінің 55-60 пайызы шығыс-азиялық популяцияға, 15-20 пайызы шуғыс және оңтүстік еуропалық, 15-17 пайызы Таяу Шығыс пен Орталық Азияға жатады-мыс (11). Бұдан алар бір шындық, біздің елде халық аузында да осындай түсінік бар, «ертеде қазақтар әсіл ақ нәсілді болған, шашымыз сары, көзіміз көк, кейін моңғолдар басып кіріп бізді өзгертті», дейді. Жаңа сіз айтқан тұжырым, яғни Орта Азия соны ішінде қазақтар тарихта генетика жағынан ерекше халық болған, көп бағыттан келген халықтардың өзара араласуынан шыққан ұлт дедіңіз. Бізге келсеңіз көшеде жүріп де бұны бірден байқайсыз. Дегенмен атқарар іс шаш етектен екенін ескере отырып сіз жетекшілік жасап отырған Фудан университеті мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ш.Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология институтымен бірлесе отырып ортақ жобамен жұмыс жасауға дәнекер болсам қалай қарайсыз? Сол арқылы Қазақ генофондының құпиясын бірге ашсақ?

– Ия, егер солай болса жақсы болар еді, онда әркімнің өзін ғана емес, соны

мен бірге әр адамның ата-бабасын да оның (ДНК-сы) фрагменттері арқылы байланыстыруға болады, осылайша сіз айырмашылықтардың қай жерде екенін және олардың қандай байланыста болатындығын анық-қанығына көз жеткізетін боласыз. Ал, енді біздің жасалған қорытынды тек Қазақстан тарихшыларының талдауына өтіп барып толық түсіндірмеге ие бола алады. Халықтың тарихын зерттеумен қатар, денсаулық пен ауруға да үлкен мән береміз. Мысалы, Қазақстанда өңештің қатерлі ісік ауруы жоғары екенін білеміз. Ол неден? Түркі халықтарында өңеш қатерлі ісігі ауруының жоғары деңгейде тұрғанын білеміз. Бұл тек ас құрамына, немесе қоршаған ортаның ластауынан емес, меніңше үлкен фактор генетикалық астарында жатыр. Сонымен қоса қазақтарда гипертониямен (қан қысымымен) ауыратындардың саны мол, ал, қант ауруымен науқастанатыны азырақ.

– Соңғы кезде сіз фенотипті зерттеуді қатты дәріптеп жүргеніңізден хабарым бар. Демек, фенотипті қарапайым сөзбен айтқанда адамдардың генетикасы қоршаған ортамен өзара әсерінен туындайтын денедегі өзгерістерді қамтиды десем дұрыс бола ма? Мысалы, сіз Америка құрлығына көшіріп апарған Африкалықтарды сөзге тиек еттіңіз. Алғашғы африкалық Америка құрлығына аяқ басқанына 300 уақыт болды дейік, сондан бері олардың генетикалық құрылымдары жаңа ортаға бейімделу үшін қандайда бір өзгерістерге тап болды ма?

– Бірақта әуелі сол аталған қауымда адамдарының генетикалық ауытқуы (genetic drift) генетикалық араласу арқылы, табиғаттың оларға жасаған ықпалы екінші орынды ғана ұстайды. Атап айтқанда жаңа ортаға адамдардың тек үйлесімді болған гендері ғана дамып, басқалары табиғи түрде келесі ұрпаққа берілмейді. Фенотип саласына соңғы кездері назар аударуға

түрткі болған жай сіз түсінетіндей етіп айтайын. Біздің сыртқы бейнелеріміз не үшін бір бірімізге ұқсамаймыз, неге біздің денсаулық жағдайымыз әртүрлі? Мысалы, жоғарыда айтып өткендей, кейбір ұлттардың ұрпақтары белгілі бір түрлі аурумен жиі ауырады, ал, ол ендігі бір ұлттарда мүлде сирек кезігеді? Сонымен, генетикалық айырмашылықты фенотиптік айырмашылыққа қалай аудару керек. Фенотиптік айырмашылық туралы бұрын зерттеулер аз болған. Сондықтан


біз фенотипті зерттеуді алдыға қоямыз.


– Уақытыңызды бөліп арнайы сұхбат бергеніңізге редакцияның атынан алғыс айтамын. Ғылыми жұмысыңыздың нәтижесі көп болсын, алдыда жолыңыз түсіп бізге келіп жатсаңыздар істеріңізге сәттілік тілеймін.

– «Айқап» журнал арқылы Қазақстандағы барлық әріптестеріме жалынды сәлем!

Әдебиеттер

1. Chu J.Y, Huang W, K. SQ, et al. Genetic relationship of populations in China
2. [J]. Proc Natl Acad Sci U S A, 1998; 95:11763-8.
3. Hollard, Clémence and Vincent Zvénigorosky etc. “New genetic evidence of affinities and discontinuities between bronze age Siberian populations.” //American Journal of Physical Anthropology. Volume 167, Issue 1 //Wiley Online Library. (<https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1002/ajpa.23607>) accessed January 10, 2020.
4. Neparáczki Endre, Zoltán Maróti etc. “Y-chromosome haplogroups from Hun, Avar and conquering Hungarian period nomadic people of the Carpathian Basin.” // Cold Spring Harbor Laboratory: Biorxiv (<https://www.biorxiv.org/content/10.1101/597997v1>) accessed January 18, 2020.
5. Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности: (палеоантропологическое исследование). Алма-Ата, 1970.
6. Wen B, Li H, Lu D, Song X, Zhang F, et al. 2004. Genetic evidence supports demic diffusion of Han culture. Nature 431: 302–305.
7. <https://365info.kz/2015/02/kazaktardyn-genetikalyk-portreti-sibir-monfoliya-europa-tayau-shyfys> (2020 жылы 15-ші қаңтар).





ҚАЛИЖАН БЕКХОЖИН

«Өнегелі өмір» сериясының бұл саны қазақ поэзиясының алып тұлғасы, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі эпик ақын, аударма саласының саңлағы, драматург, публицист, әдебиет сыншысы Қалижан Бекхожинге арналып отыр.

Қ. Бекхожиннің атажұрты – әлемге әйгілі ғұлама ғалымдар мен таза талант иелері қанат қаққан қасиетті Баянауыл өлкесі. Қалижан Нұрғожаұлы 1913 жылдың 15 желтоқсанында Павлодар облысы Баянауыл ауданы әулиелі Қызылтау етегінде өмірге келген. Шын есімі – Қали-Мұхаммед. Әкесі Мәшһүр Нұрғожа ел ара-сына танымал, аса сауатты, қазақтың халық ауыз әдебиеті мен діни дастандарын жатқа білетін, өнер мен білімге құштар, тұла бойы талант тұнған, өзі өжет, өткір адам болған екен.

Алты Алашка аты әйгілі Мәшһүр Жүсіп, Ақан сері, Иса ақындармен сөз қағыстырған айтулы ақын.

Болашақ ақын Қалижан Бекхожин сауатын араб тілінде ашып, қисса-жырларды көп біліп, әкесінің әсерімен әдебиетке ерте жастан жаны құмартады. 19 жасында аудандық «Колхоз» газетінде тырнақалды өлеңі басылып, содан бастап осы газеттің жауапты хатшысы қызметіне шақырылады. Алғаш рет Алматыға Қазақстан жазушыларының съезіне делегат болып келеді де, үлкен ақын-жазушыларды көріп, өнегелі сөзін естіп, әдебиет әлеміне түбегейлі бет бұрады. Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына келіп оқуға түседі. Оқуының соңғы курстарында Қазақстанның комсомол комитетінің баспа үйінде, Қазақстан Жазушылар одағында, Қазақ ұлттық мәдениеті ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істейді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда әскери журналист ретінде қан майданның қақ ортасында жүріп қалам тербейді. Бұған дейін ол артиллерия мектебінде оқып, саяси құрам курсының студенті болған еді. Қалижан Бекхожиннің сұрапыл соғыс туралы жазған шығармалары өте көп.

Майданнан оралған соң, КСРО ҒА Қазақ филиалының Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері болды. Тереңнен толғап, кең көсіліп жазатын эпик ақын 1949 жылдан бастап түбегейлі шығармашылық жұмысқа ауысты.

Сол кездегі солақай саясаттың салқыны Қ. Бекхожинді айналып өтпеді. 1940 жылдардың басында тәуелсіздік жолында күрескен Кенесары Қасымов пен Наурызбай туралы жазған «Батыр Науан» поэмасы үшін үй қамауында отырды. Оның өлеңдері басылым беттеріне жарияланбай, шығармаларына тыйым салынды. Бірақ ақыр соңында жазушы ақталып шықты.

Оның шығармашылығы кең ауқымды. Ол қабілетін драматургия мен публицистикада да, сыншылық пен көркем аудармада да анық көрсетті. Қазақ тілінде қырықтан астам поэзиялық және әдеби сын кітаптарын жазды.

Қалижан Бекхожин көп уақытын көркем аудармаға арнады. Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Маяковский, Байрон және басқа жазушылардың шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Саналы ғұмырын поэзияға арнап, оқырманына кең құлашты терең толғаныстарға толы жырларын қалдырды.

Ұлы эпик ақынның өмір жолы мен шындыққа толы шығармашылығы жалпының жадында жатталып, келешек ұрпақтың сана-сында мәңгілік жаңғырып, жасай береді деп сенім білдіреміз.

Редақциядан



Автор туралы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, PhD докторы.

About the author: Al-Farabi Kazakh National University, PhD.

Об авторе: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, PhD доктор.

Назгүл ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТЕР ҮНДЕСТІГІ

Аңдатпа. Берілген мақалада философиядағы өзекті мәселелердің бірі – рухани-адамгершілік құндылықтар мәселесі қарастырылған. Автор Шығыс пен Батыс философиялық тұжырымдарындағы рухани құндылықтар сұхбаттастығын айқындаған. Қазіргі таңда Шығыс пен Батыс арасындағы рухани сұхбаттастықтың барлық мәселелерін, аспектілерін қамту өте қиын, сол себепті автор мақалада Конфуций ілімінің тарихи дамуы барысында Батыс ойшылдарымен мәдени сұхбатқа тусу мүмкіндігін, осы сұхбаттастық

Nazgul KUDAJBERGENOVA
SPIRITUAL REVIVAL AND HARMONY OF CULTURES

Abstract. This article deals with one of the topical problems of philosophy – the problem of spiritual and moral values. The author shows how to implement and regulate the East-West dialogue in the field of spiritual values. The revival It is very difficult to cover all the problems and aspects of spiritual dialogue between East and West, so the author in the article makes a comparative analysis of the relationship between spiritual and moral values in the philosophy of Confucius and Western thinkers.

Назгүль ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА
ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ И ДИАЛОГ КУЛЬТУР

Аннотация. В данной статье рассматривается одна из актуальных проблем философии – проблема духовно-нравственных ценностей. Автор показывает методы реализации и регулирования диалога между Востоком и Западом в сфере духовных ценностей. На сегодняшний день очень сложно охватить все проблемы и аспекты духовного диалога между Востоком и Западом, поэтому автор в статье проводит сравнительный анализ взаимосвязи духовно-нравственных ценностей в философии Конфуция и западных мыслителей.

Қазіргі таңда орын алған рухани құндылықтар дағдарысы мәдениеттер мен өркениеттер қақтығысы, мәдениеттер арасындағы түсіністік, сұхбаттастық сияқты мәселелерді зерттеу заман талабына айналууда. Осы орайда Шығыс пен Батыс философиялық тұжырымдарындағы рухани-адамгершілік құндылықтар сұхбаттастығын қайта жаңғыртуды қарастыра отырып, бүгінгі таңда бұл мәселенің өзектілігін айтуға болады.

«Өркениеттер сұхбаты – бұл біріншіден, белгілі бір өркениеттің негізін құрайтын, әлеуметтік қайшылықтарды, адам болмысымен байланысты мәселелерді шешуде маңызды құрал болып табылатын рухани құндылықтардың шынайылығы мен маңыздылығы туралы мәселе және өмірдің мәні туралы жүргізілетін сұхбат. Осыған орай өркениеттер сұхбаттастығы туралы идея «өзінікін» және «өзгенікін» қабылдау үрдісін қалыптастыратын тұғырнама деңгейіне көтеру мәселесі қарастырылады [1].

Гуманитарлық білім саласының дамуы, интернационализация, мәдени жаңару, әлемдік мәдениетке араласу, жеке мемлекеттердің дәстүрлі рухани дүниелерінің қайта жаңғыруы, бұқаралық ақпарат пен коммуникативтік салалардағы жаһандық серпіліс әлемнің бейнесін және адамдардың дүниетанымын түбегейлі өзгертті. «Мәдениеттер диалогы дегеніміз сұхбаттастық негізінде жаһандық ынтымақтастықтың, жаһандық этостың жаңа бірегей қағидаларының қалыптасу мүмкіндігі» [2].

Қазіргі заманның рухани келбетіне плюралистік дүниетаным тән. Бұл құбылыс қазіргі күнде жаһандық, бүкіл әлемдік сипатқа ие болуда. Яғни, бұл – өзара түсіністік пен келісімнің жаңа формасы, заман талабына сай рухани үндестік пен төзімділіктің жаңа институттарын құру. Жоғарыда айтып өткеніміздей, гуманитарлық

білім саласының дамуы адамзат баласының рухани әлеуетін дамытып, дүниетанымның жаңа сипаттарын қалыптастыруда. Осыған орай философ ғалым С. Е. Нұрмұратов: «Гуманитарлық сипат алған мәдениеттің ортасында қалыптасқан әлеуметтік, рухани құндылықтар жүйесі бар адам орналасқан. Онсыз қоғам қымат етіп, өзінің қиындық туғызған мәселелерін шеше алмайды. Түбірлі негіздер мен іргелі мәселелер адам баласының өзара қарым-қатынасында жатыр. Бұл жеке адам үшін маңызды», – деген [3].

Шығыс пен Батыс ойшылдары әр заманда рухани құндылықтар, адамгершілік, жан тазалығы, кемелділік сияқты мәселелер туралы үндес, сабақтас ой-тұжырымдар айтқанын көрсетеді. Шығыс пен Батыс арасындағы рухани сұхбаттастықтың барлық мәселелерін, аспектілерін қамту өте қиын, сол себепті біз өз зерттеуімізде Конфуций ілімінің тарихи дамуы барысында Батыс ойшылдарымен мәдени сұхбатқа тусу мүмкіндігін, осы сұхбаттастық негізіндегі этикалық мәселердің қарастырылуын зерттеп зерделеуге тырыстық.

Компаративистика ХХ ғасырдың ортасында дүниеге келген ғылыми әдістемелік бағыт. Бұл әдістемелік бағыттың қалыптасуына негіз болған гуманитарлық білім саласындағы маңызды тұжырымдар ықпал еткені белгілі. Батыс пен Шығыстың салыстырмалы философиялық ойларын компаративистік негізде қарастыру әлемдік деңгейдегі қауымдастықтың маңызды мәселелерін танып-түсінуде қажет саналады. Сонымен қатар философиялық тұжырымдарда компаративистикалық жаңа ұғымдар мен ойлардың қалыптасуына ықпалын тигізеді, яғни салыстырмалы философиялық әдістемелікке жаңаша ойқорытындыларды алға тартады.

Қарастырмақ болған компаративистикалық философиялық-салыстырмалы

ой-тұжырымдар негізіндегі мәселе – мәдениеттер диалогы. Осыған байланысты белгілі деңгейде қалыптасқан Батыстық және Шығыстық философиялық ойлардың шеңберін анықтау арқылы этикалық мәселелердің шешілу жолдарын әртүрлі жағдайда қарастырылғаны туралы болмақ. Этикалық мәселелер бүгінгі күннің өзінде ғылыми ойлардың басты нысаны екені белгілі. Этикалық мәселелердің қарастырылуы өмір сүрген ортаға қатысты екенін анықтағандай оның сол дәуірге лайықты ақпараттық негіздері оған қатысты орныққан қағидалардың ғылымилығын анықтау сияқты мәселелер алға шығады.

Философиялық еңбектерде этика мәселесіне көптеген философиялық мән берілгені белгілі. Алғаш этика туралы еңбек жазған Шығыста Конфуций болса, Батыста Аристотельден бастау алған философтар қаншама.

Адам мәселесі ондағы этикаға қатысты зерттеу нысанын теориялық тұрғыдан түсіндіруге тырысқан қытай, үнді және сонымен қатар ислам ойшылдары, батыстық Кант бастаған философтардың ой-тұжырымдарының негіздерінің тоғысатын жері «адам»-оның мінез-құлық, әдептілігі.

Этикалық мәселеге қатысты адам проблемасын қарастырған Конфуцийдің «жэнь» ұғымы, әдептіліктің негізгі көзі ретінде қолданылған терминдердің бірі. Бұл термин философиялық мәселе ретінде талдау үшін ғана емес, бүгінгі күндерде адамға қатысты адамгершілік қалыбының көрінісі ретінде маңызды. Конфуцийлік жэньнің мақсаты – адамның әдептілігі – оның бүкіл өмірінің тұрақты негізі екенін түсінуі.

Адам өзінің өмір сүру уақытында саналы, бейсаналы түрде әрекеттер жасайды. Конфуций өз кезеңі және өзіне дейінгі кезеңдердегі әдептілік көзі болған дәстүрді, ата-баба салтымен байланысты диалогта болудың қажеттілігін көрсете отырып, ойлау

жүйесінің ерекшелігін алға тартады, яғни адам санасы өткен уақыттарда орныққан әдеппен байланыста деп санайды. Басқаша айтқанда адам өмірі әдептілік көрінісі ретінде, ғалам, мәдениет, қоғам, тарих, адам. Өте ерте қоғамдық өмірде ең маңызды проблема ретінде қалыптасқан әдептілікке қатысты түрлі танымдық негіздер қоғамдық өзгерістерге байланысты өзгеріп, тіпті ұмытылып бара жатқандай. Кейбір әдептілікке қатысты түсініктер өз мән-мағынасынан айырылып, мүлдем ұмытылып кетуге айналған.

Соңғы уақыттарда Конфуций ілімі бүкіл әлем жұртшылығына кең тарады. Соның ішінде Батыс Европа Конфуций ілімін өзіндік бір ерекшелікпен қабылдады. Этика ұғымының астарындағы Конфуциліктің тұжырым философиялық, адамгершілік пен өнегелікке және әлеуметтік мінез-құлыққа қатысты доктрина ретінде қалыптасқандығы туралы түрлі деңгейдегі ғылыми ой-тұжырымдар Батыс елдерінде кең өріс алды. Оның «жэнь» ұғымы Батыстық диалогқа негіз болды. Халықтар арасындағы диалог философиялық ойлардың арақатынасын анықтау үшін қажет, яғни кез-келген этикалық тұжырымдарды басқа да халықтардың этикалық ойларымен сабақтастыру негізінде түсіністікке әкеледі. Басқаша айтқанда, таным-түсініктер өз негізін танытуда әртүрлі айтылуы мүмкін, бірақ мазмұны жағынан алғанда «жэнь» – адамгершілік, гуманизм, кесімді императив, имандылық деп қарастыруға болатын тұжырымдар.

«Жэнь» Конфуций бойынша – адам-сүйгіштік, мейірімділік, кісілік. Жэнь – адамдар арасындағы қарым-қатынастардағы этикалық қағидалардың жиынтығы. Жэнь – адамды сүю, кісілік деп саналады. Конфуцийдің шәкірттері одан «кісілік» дегеніміз не деп сұрағанда, ол: «аспан аясындағы бес асыл қасиетті бойына сыйдырған адам – кісілікті» деген [4]. Бес асыл қасиет

Конфуций бойынша, сыпайылық, жомарттық, шыншылдық, талаптылық, мейірімділік. Осы бес асыл қасиетті ұстанған адам әлемді тепе-теңдікке келтіреді. Яғни өзін-өзі жеңіп, жол-жораға оралатынын түсіндіреді.

Конфуций жасаған тұжырымдама адамның мінез-қалыбын реттеп, сыйласуға, құрметтеуге, басқаруға деген ынтымақтастық жағдайды көрсетеді. Жэнь адамның рухани дүниесінің табиғилығына көңіл аудартады.

Конфуций этикалық қағидалардың мақсат-міндеттерін анықтаған. Өмірлік көзқарастарды, ойларды бір мақсатқа, бір ізге салу керектігін осыған байланысты кез-келген адам өз өмірінде белгілі бір жоспарларды жүйелеп білім алуы қажет деп тұжырымдады. Кішігірім мәселелерді өмірлік мақсаттарды назарға алуды және талап ететін маңызды істерді де, тиімді шешу этикаға байланысты деп көрсетті. Конфуций бойынша кісілік – жэньдік сипаттың бір көрінісі. Адам әдебінің бір бөлінбес бөлшегі. Кісілік адам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Ол дүниедегі нәрселердің барлығына қалай өмір сүретінін таныстырумен ғана шектелмейді. Себебі дүниедегі нәрселердің барлығы бір-бірімен сабақтас, байланысты яғни белгілі бір қағидаларға мойынсұнып, сол қағидалардың жолынан бұрылмауға әрекет етеді. Қағидалар табиғат заңына сәйкес болып сабақтасады. Дәл осындай тұжырымдар негізінде Конфуций мен Канттың этикалық еңбектері сабақтасқан пайымдылықты көрсетеді.

Конфуций сияқты Кант та өз дәуірінде, өз қоғамында этикалық мәселелерді адамзат баласының мәңгілік сауалдары ретінде қарастырып, оған жауап іздеген. Адамзаттық этикалық сұрақтар арасындағы сабақтастықтың барлығы оны анықтау көзі, олардың бар болуы, себептері мен қағидалары бойынша айырмашылықтары мен ерекшеліктері туралы пайымдау қазіргі ғылыми ойларға негіз болатыны белгілі.

Конфуций мен Кант этикалық мәселелерді өмірлік мәселе ретінде қарастырып пайымды тұжырымдар жасаған. Канттың этикалық мәселелерге қатысты «Практикалық зердеге сын» еңбегінде қажетті таным қағидаларының практикалық мәніне тоқталып, олардың логикалық тұрғыдан ғана емес практикалық тұрғыдан да қайшылықты екенін түсіндіреді. Бұл қайшылықтардың барлығыкез-келген адамға түсінікті, егер де осы қайшылықтар түсінікті болмаса ол адамгершілікті мәселелерді мүлдем құртып жібереді дейді. Адам ақыл-ой көмегімен адамгершілік қағидаларын жасақтауға қабілетті. Бұл қағидаларды (ережелерді) Кант екі түрге бөледі – шартты және міндетті деп бөледі.

Адамгершілікке қатысты Кант жаңа «адам болмысының бастауы – жасандылық» деген принципті қалыптастырды[5]. Дәл осыған ұқсас тұжырым Конфуций ілімінде де кездеседі. Конфуций бойынша табиғи адамгершілік «жэньды» қалыптастыруда ғана орнықпақ. Яғни, «жэнь» ұғымы конфуциандық этиканың негізі екенін жоғарыда айтып кеттік. Осындай тұжырымдама негізіне сәйкес Кант этикасы да «кесімді императив» ретінде көрініс табады. Кант өнегеліктің яғни адамгершіліктің ең жоғары ұстанымын орнықтыруды қарастырып, орынды ойлармен дәлелдеуге тырысқан. Этикаға байланысты Кант ерік, бақыт сияқты ұғымдарды негізге ала отырып, адамда өмірлік мақсаттар болуы тиіс, соған жетудегі міндеттердің өзіндік ережелері барлығы туралы тұжырымдайды. Ізгілікке негізделген ерік парасаттылық сияқты қабылеттермен мақсатқа табынушылықты шындап, бойдағы қажетті қасиеттерді орнықтырады. Егерде адам жігерсіз немесе еріксіз болса онда түрлі зиянды қасиеттер орын алады. Сондықтан адам бойындағы ерік ерекше қасиеттілік деуге болады деп көрсетеді.

Адамдардың өмірлік ісінде моральдық қағидалардың объективті түрде

қажетті болу себебі, кез келген еркі мен сана-сезімі бар адам үшін қуатты болуында. Адамдардың заң немесе адамгершілік қағидаларының қуаты бұйрық ретінде қалыптасуында. Қарапайым пайымды адам өз еркімен бұл қағида бойынша соған лайықты өз іс-әрекетіне ойланбастан-ақ бейімделеді. Осыған байланысты кез-келген адам парыздың не екенін түсініп, өмір бойы өзінің адамгершілігін орнықтыруға бағытталған практикалық ережелерді қолдану арқылы өз мақсаттарына жету үшін ақыл қажеттілігін ұғынады. Кант адамгершілік заңдарын кез-келген адамнан бұлжытпай сақталуын талап етеді. Дәл осыған сәйкес ой-тұжырымды Конфуций де айтып кеткен. Мысалы, «Парыз ізет-құрметті сақтайды. Парасатты ер өзінің ақыл-ынтасын түбірге түйіндейді. Түбір түйінделсе, онда Дао-ақ жол туындайды» [4], яғни парыз деген ізет-құрмет – адамгершілік ұластырылған түбіртамыр. Кант бойынша адамгершіліктің кесімді бұйрығын орындау адамдардың еркіндегі мәселе. Ол мақсаттылыққа жетудің эмпирикалық негіздері бар нұсқауын орындау кез-келген адамның қолынан келе бермейтінін тұжырымдаған. Кант оның бірнеше себептері барлығын анықтап көрсетеді. Бірінші себебі туындаған мәселенің максиманың ырықанда болуымен, екінші себебі өзінің мақсатына апаратын күшжігері мен ақыл-ой қабылеттілігінің

жеткілікті не жеткіліксіздігімен байланысты түсіндіреді. Әркім өз мақсатына жетуге ұмтылуы тиіс, бірақ оған ешкім бұйрық бермейді, себебі адамның өзі қалаған, тілеген нәрсеге бұйрық беру дұрыс емес. Бірақ осы мақсатына жетуге байланысты қажетті құралдары көрсету міндет, Кант бойынша ең жақсысы сол құралдарды беру. Адамның өзі қалағанының барлығын іске асыру қолынан келмейді, оны адамгершілікті парыз ретінде ұсынған дұрыс, себебі адамгершілік қағидалары бойынша көмектесу сияқты қатыстылық барлығы адамгершілікке байланысты. Әрине адам өзінің ақылсыздығына реніш білдіруі мүмкін, бірақ өзі біреуге қиянат жасағанын түсінгенде онда өзін адамгершілік заңы тұрғысынан бағалаған кезде өзіне деген жек көрушілік сезіміне көңіл аударады. Бұл турасында Конфуцийден қалған мынандай өсиет бар: «Адамды сүйетін адам ғана адамдарды ұнатада алады, әрі жек көре де алады» [4]. Яғни, адамды сүю ішкі сезімдік талпыныстар екені белгілі, ішкі сезімі толғана-толқи алатын адамға өз кемшілігі ықпал етеді, яғни өз кемшілігін түсіну арқылы өз іс-әрекетін бағалаумен өзіне деген сезімдік құбылыстар арқылы баға береді.

Осындай ой-тұжырымдар негізінде Шығыс пен Батыстың мәдени мәдени-сұхбаттық қарым-қатынастары түсіністікке апаратын үдеріс екенін көрсетеді.

Әдебиеттер

Следзевский И.В. Выступление на обсуждении книги Преодолевая барьеры. Диалог между цивилизациями. Горбачев-фонд. Круглый стол, 25 февраля 2003 г. // [http:// www.gorby.ru/rubs](http://www.gorby.ru/rubs)

Мансурова А.С. Совершенствование человека: сравнительный анализ восточных учений / под общ. ред. З.К. Шаукуновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 204 с.

Нурмуратов С.Е. Идея единства в истории казахской социально-политической мысли // Центральная Азия: диалог культур в процессе глобализации (материалы Международной конференции). – Алматы: Компьютерно-издательский центр ИФиП МОН РК, 2005. – 373 с.

Әлемдік философиялық мұра // Жиырма томдық. Ежелгі шығыс философиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.1. – 560 б.

Кант И. Антропология с прагматической точки зрения // Кант И. Избранное: в 3-х т. Т. 3 / Пер. с нем. Н. М. Соколова, науч. ред. и авт. вступит. ст. В. Н. Брюшинкин. Калининград: Калинингр. кн. изд-во, 1998.з

About the author: Ph.D. Associate Professor ILCAA, Tokyo University of Foreign Studies, Japan.

Автор туралы: PhD доктор, оқытушы, ILCAA Зерттеу институты. Токио, Жапония.

Об авторе: Доктор PhD, лектор НИИ ILCAA. Токио, Япония.



Jin NODA

THREE PERSPECTIVES FOR CENTRAL ASIA: STUDIES IN JAPAN

Abstract. The article is devoted to the trends in the study of Central Asia by social scientists in Japan in recent years. The author focuses on several topics that have recently been widely discussed in Japanese academic circles. Research trends in the region include the study of parallels between the history of Central Asia, Mongolian and Tibetan studies, and the past of Russia and China. Sufism and modern spiritual quests within the framework of Islam are also considered by Japanese scholars.

Джин НОДА,

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҮШІН ҮШ ПЕРСПЕКТИВА. Жапон ғалымдарының болжамы

Андатпа. Мақала соңғы жылдары жапон әлеуметтанушыларының Орталық Азияны зерттеу трендтеріне арналған. Автор соңғы кездері жапондық академиялық ортада кеңінен талқыланған бірнеше тақырыптарға тоқталады. Аймақтағы зерттеу бағыттары Орталық Азия тарихы, моңғол және тибеттану мен Ресей мен Қытай өткен тарихи кезеңдерін зерттеуді қамтиды. Жапондық ғалым сопылық пен исламдағы қазіргі рухани ізденістерді де ескереді.

Джин НОДА

ТРИ ПЕРСПЕКТИВЫ ДЛЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ. Японские исследования

Аннотация. Статья посвящена тенденциям изучения Центральной Азии обществоведами Японии в последние годы. Автор акцентирует внимание на нескольких темах, которые в последнее время широко обсуждаются в японских академических кругах. Направления исследований в регионе включают изучение параллелей между историей Центральной Азии, монголо- и тибетоведением и прошлым России и Китая. Суфизм и современные духовные поиски в рамках ислама также изучаются японскими учеными.

**SILK ROAD AND CENTRAL ASIA /
INNER ASIA / CENTRAL EURASIA**

When considering regional historiography, how regions are divided is evidently quite important. In Japan, the term Central Eurasia (Chūō Yūrashia 中央ユーラシア) is comparatively new. History of Central Eurasia published in 2000 [Komatsu 2000], and Cyclopedia of Central Eurasia [Komatsu, et al. 2005] decisively fixed the framework for how Central Eurasia is perceived in Japan. Central Eurasia is a distinctly larger geopolitical region than the one referred to by the previously used terms Inner Asia and Central Asia (Nairiku Ajia 内陸アジア and Chūō Ajia 中央アジア; here, the five -stans plus Xinjiang) and includes parts of the former Soviet Union as well as the Caucasus. Slavic Eurasian Studies [Hokkaidō Daigaku Surabu Kenkyū Sentā 2008] and New approaches to Eurasian Studies [Shiokawa, et al. 2012], the series that were published later, are close to the framework of the newly established Central Eurasian Studies in Japan.

Significantly, the region contains a large Muslim population. In this sense, locating Manchuria, Mongolia, and Tibet within the Central Eurasian context is problematic [Moriyasu 2011]. It is dangerous to simply discard these regions in the east.

Therefore, this article tries to cover these “eastern” regions as much as possible.

The discussion on a geographical region should focus on the role and system. Due to its location, it has a role in connecting large territories by transportation networks. According to Seo Tatsuhiko 妹尾達彦, who focuses on surface transportation networks connecting the north and south, the pre-modern history went by the understanding that the nomadic zone in the north and the agricultural zone in the south sandwiched the agro-pastoral zone [Seo 2014: 187].

This image is analogous to the “Silk Road” mentioned later in the paper. Further, systems or institutions must be focused on. For example, are military systems like the steppe nomadic cavalry of the Mongols and imperial guards in the royal courts [Kubo 2014]. In relation to the former, Hirata Yōichirō 平田陽一郎 located the Twenty-four Armies (Ershisi-jun 二十四軍) system of the Western Wei and Northern Zhou in the genealogy of nomadic military systems referring to the tradition of Xianbei 鮮卑 [Hirata 2011].

Iwao Kazushi 岩尾一史 also related a group of 10,000 houses in the Old Tibet to the military systems of nomadic states in Central Eurasia [Iwao 2004]. In this sense, Kawaguchi Takushi’s 川口 司 analysis of the early period of the Timurid rule examines the inheritance of the systems since the Mongol Empire as well [Kawaguchi 2007].

Moreover, there have been efforts to deconstruct these regions. Although his main topic is not Central Eurasia, Haneda Masashi’s 羽田正 attempt to deconstruct the “Islamic Area” (Isurāmu chiiki イスラーム地域) or “Islamic World” (Isurāmu sekai イスラーム世界) might have had an impact on Central Eurasian Studies since the region has a large Muslim population [Haneda 2005].² While some researchers like Hamada Masami 濱田 正美 gave careful consideration to this [Hamada 2006a], the general tendency of a deconstructive analysis cannot be changed.


Further, Uyama Tomohiko 宇山 智彦 considered constructivism in the context of the regional epistemology. He emphasizes the importance of a “broader perspective” for research on Central Eurasia. The author of this article agrees with his opinion [Uyama 2008: 28].

Modern Japan, due to its own interest in northeast China, has had an apparent prejudice toward this region. As a result, the “Man-Mō” 滿蒙 (Manchuria and Mongolia) and the independence

Hans, and counteraction to the socialist modernization of the nomadic economic system. [11]. Under such conditions, for many Kazakh elite representatives escape to the USSR could be the best option. In the light of out-migration of ethnic groups from XUAR, the Chinese authorities launched in-migration to the province of Han population. In 1958, the communist party of China initiated the program for agrarian modernization that envisioned creation of collective communes. By mid-1958 over 600.000 nomadic households of XUAR, including the Kazakh ones, were sedentarized. [11]

In most areas of Altay, Ili and Tarbagatai districts “communization” was held within one-two months, and by fall 1958 all the cattle, pasturelands, fields, inventory, and communes were administered by the state officials. Inside the communes any forms of collective activities were banned, and all aspects of everyday life came under the state regulation. The deconstruction of the traditional socio-economic basis of the Kazakh society, and radical change of their lifestyle caused greater out-migration expectations. [11] The Chinese authorities under the given conditions could not afford mass repatriation of Kazakhs, otherwise most of the areas could depopulate. (Ablazhei, p. 89) Out of 150 thous. soviet citizens aimed to leave China from XUAR, 110.000 were ethnic Kazakhs. (Ablazhei, p, 89). And among them about 200,000 were stateless persons. Since early 1959, the soviet consulates reported on the growing number of applications for soviet citizenship and documents. [7, 90]. The applicants indicated that in case of denial of repatriation, they would cross the border illegally. [7, 90] But the Chinese authorities in XUAR claimed that permit for repatriation would be granted only to those with soviet documents of 1946-1948 type, not of prior period. Moreover, it was emphasized that the authorities do not encourage migration of children over 16. [7, 90]. Although, property of

the emigrants could be bought out or compensated by the Chinese side.

In March 1959, was introduced a new order for repatriation from the PRC authorities. Stateless persons, even with invitations from relatives living in the USSR, were not allowed to move, and soviet documents obtained earlier were scrutinized. [7, 91]. The Chinese side stressed the civic-national character of ethnic Kazakhs’ status in XUAR, and prevented their out-migration under legal and fake pretexts. In some cases, property confiscations and arrests occurred. [7, 91]. The situation grew worse later on. In 1959, the Chinese authorities categorically refused to facilitate repatriation, and declared non-compensation for the property of emigrants. [7, 91]. In October 1959, the Xinxiang bureau of CCP issued a decree that prohibited purchase of goods and cattle from repatriating soviet citizens, while repatriates were not allowed to sell it, re-sell or destroy. [7, 91]. In addition to that, the repatriating people could not get back their shares pooled into the communes and collective farms. There were cases when they could not get back their documents on education, labor cards, and salaries, when leaving their working places. [7, 92]

Under these conditions, the soviet consulates were recommended by the Moscow authorities not to irritate the Chinese side, and delay the repatriation scheme until the situation in the province would stabilize, and not to encourage the administrators in place to speed up the repatriation procedures. Meanwhile, the XUAR authorities adopted several urgent measures to prevent out-migration of high ranking officials of Kazakh ethnicity, and the “rightist nationalists” were to stay in the country forever. [7, 92]. The soviet consulates in a hasty had simplify the visa issuance to the potential repatriates. In 1959, group visas were granted, while the number of required documents was minimized, that increased the repatriating

Kazakhs. [7, 93]. While those who could not get repatriation permits from the Chinese authorities, had to cross the Sino-soviet border illegally. [7, 93] That caused the Chinese authorities take measures to halt the repatriation at all by closing the soviet consulates in Chuguchak and Shara-Sumecovering the Ili-Kazakh autonomous district. Kulja and Urumchi consulates were responsible for more works with repatriates. Above all, in 1959 was banned the activities of the Society of soviet citizens dealing with the repatriation issues. But despite the barriers imposed by the Chinese authorities, the soviet side could arrange repatriation for 60,000 people from China in 1959, and among them 57.5 thous. were from Xinjiang. In November 1959, the Chinese side suggested to halt repatriation, although over 9.000 soviet citizens remained in China, among them 6.000 lived in XUAR, mostly Kazakhs and Uighurs. [7, 94].

Although, the repatriation effects were positive in general, but a number of unsettled issues remained, especially it concerned the divided families and those who were denied repatriation. [7, 94]. For the period until Kazakhstan got independence in 1991 and launched ethnic repatriation program, the Kazakhs in China were subject to accommodate with the Chinese authorities experiments (Cultural Revolution) and modernization effects of Deng times onwards.

The soviet authorities did not introduce any legal barriers on repatriation from China, and nor differentiate between the composition of repatriates by their ethnicity, social background, and inside the Kazakh populace- their clan-juz affiliation. The tribal groupings of mostly Middle and in lesser extent of the Great Juzes arrived to the soviet Kazakhstan. The incoming repatriates were dispatched across the republic by the state regulations. However, the tribal and juz affiliation based identity in the soviet Kazakhstan was not

studied academically, but was persecuted as an internal enemy to be eradicated by all means- socially, economically, morally and psychologically for the sake of new identity creation- soviet people. The arriving repatriates were legalized by the soviet organs in quite short period of time. In words of 1950-1960s repatriates from China, special teams came to the sites of repatriates' concentration, and after collecting all necessary information provided them with documents. Although, the repatriation effects were positive in general, but several unsettled issues remained, especially it concerned the divided families and those who were denied repatriation. [7, 94]. For the period until Kazakhstan got independence in 1991 and launched ethnic repatriation program, the Kazakhs in China were subject to accommodate with the Chinese authorities' experiments (Cultural Revolution) and modernization effects of Deng times onwards. The Chinese authorities were seriously alarmed by the flight of ethnic minorities, mostly Kazakhs from XUAR, and requested the soviet side to halt it, even accused the soviet consulate in instigating them to migrate to the USSR. [12] The position of the Chinese authorities negating the right of ethnic minorities' migration from China rested on the interpretation of citizenship. The Chinese side distinguished between nationalities of three groups of ethnic minorities in XUAR by their civic status:

1) Arrived within 1917-1933, escaping the turbulent events and polices in the soviet Russia, total number (by Chinese estimates, about half million). During Guomindang rule they were recognized as resident aliens. But on 13 April 1953, the Ministries of Public Security, Internal Affairs and Foreign Affairs stipulated that the "people who both descend from and were born in the soviet Union, and people who descend from the Soviet Union and who hold a Soviet passport, shall be

considered soviet aliens. Those without a passport from the Soviet Union shall not necessarily be deemed part of China's ethnic minority groups. Those who have resided in China for a significant period of time and are willing to be Chinese shall be deemed to become Chinese (citizens) after they complete the relevant formalities. Those who have resided in China for a significant period of time but are unwilling to become Chinese shall be deemed stateless nationals". [13]

2) Those with mixed Chinese and soviet descent, as of April 1962 they numbered (by the Chinese estimates, 30,000). The soviet and Chinese interpretation of their citizenship differed in terms of the offspring. The soviet law on citizenship provided that "a child born in the Soviet Union with either parent being a soviet national automatically receive soviet citizenship, and a child whose either parent is a citizen of the Soviet Union and whose parents were residing outside of the territories of the Soviet Union at the time of his or her birth shall have his or her nationality determined by his or her parents with mutual consultations." But in the past, all those with mixed parents, were granted the soviet passports when they reached the age of 16. [14]

The Chinese regulations read (by the April 13, 1956 provisions) that "People of mixed Chinese and Soviet decent who hold Soviet passports should be deemed as soviet aliens, while a soviet birth certificate should not be used as the yardstick for determining the nationality of minors. People who have a parent who is Chinese and who were born after the founding of the Republic of China should be deemed as Chinese nationals, and those who were born before the founding of the People's Republic of China should be allowed to decide whether they want Chinese nationality or not according to their personal wishes (applicable to adults) or their parents' wishes (applicable to minors)." [15]

Table – Number of arrived from China for the period 1954-1963

Time period	families	people
From 1954 until 1961	22695	134117
April – May 1962	166606	71796
September 1962 to 1 January 1963	5766	266643
1962	22373	90439
January 1963 to May 1963	1830	20407
Total		253492

Source: Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA of RK), f. 1987, op. 1c, d. 126, list 22-31.

On April 15, 1954, the Ministry of Internal Affairs issued another rule on citizenship of children born in wedlock by Chinese and foreign parents, stating that "children who were born in wedlock by Chinese and foreign parents and who are currently residing in China and less than 18 years old should be deemed as Chinese nationals. When the child becomes 18 years old, he or she may be allowed to renounce his or her current citizenship." [15] On 28 November 1959, the Party secretary of the Xinjiang Autonomous Region, Lu Jianren told the soviet Council-General in Urumqi, Dobashin, that "we deem children born in wedlock by Chinese/Soviet parents as Chinese nationals; when they reach adulthood, they will no longer be Chinese nationals if they switch to soviet citizenship, and those have not done so will of course remain Chinese nationals". [15] In these way, the Chinese authorities aimed to put the USSR in the strict frameworks of citizenship and the right to return, while the soviet side insisted on the right to return and the right the guarantee the right of return, despite the legal constraints erected by the Chinese side. The soviet side ignored the Chinese claims on the children under 18 citizenship, interpreted as they are children of soviet citizens, and would be treated by their parent's status.

[15] Third category of residents of Xinxiang were those with their Soviet nationality restored under 1946 Supreme Soviet Resolution but without soviet passports. In 1946 the Supreme Soviet adopted a resolution that restored soviet nationality within certain period and granted them soviet passports. [15]

Attitude to the repatriates from China in the soviet times was part of the general approach to those who for some period of time lived under the alien political

regimes and were subject to ideological propaganda and brainwashing, witnessed other forms of policies towards population, and eventually could incorporate some socio-cultural practices incompatible with the soviet way of life. The repatriates were often discriminated in everyday life, were under comprehensive surveillance and control, and had problems in social mobility (both horizontal- migration within the country, and vertical- promotions).

References

1. Qazaqtyn etnografialyq kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dastyrlizhuiesi. Encyklopedia. – Almaty: DPS, 2011.
2. Arendt H. Nachala totalitarianisma. Antologia mirovoi politicheskoi mysli. II tom. – M.: Mysl, 1997. – Pp. 525-544.
3. Foucault M. “The Birth of Biopolitics,” 73-79 in *Ethics, Subjectivity, and Truth*: P. Rabinow and J.D. Faubion eds. New Press. 1997.
4. Gladney D. Representing nationality in China: Refiguring Majority/Minority Identities // *The Journal of Asian Studies*. Vol. 53, No. 1 (Feb., 1994), pp. 92-123.
5. Zemskov V.N. K voprosy o repatriatsii sovetskikh grazhdan 1944–1951 gg. // *Istoriya SSSR*. 1990. № 4.
6. Postanovlenie Soveta Ministrov Kazakhskoi Sovetskoi Sotsialisticheskoi Respubliki, 9 marta 1959 g. №197-22. Central Archive of the Republic of Kazakhstan. F. 1987. Op. 1 c, d. 67, lists 68-78.
7. Ablazhei N. Kazahskii migratsionny mayatnik “Kazakhstan-Sintzyan”. *Emigratsiya. Repatriatsiya. Integratsia*. – Kagarandy: Bolashak Baspa. 2014. P. 73.
8. From the interview with the famous Kazakh writer Qabdesht Zhumadilov (April 3, 2019), who studied in Alma-Ata from mid 1950s to late 1950s. He could not finish his studies in the Kazakh state university/KazGU, philology department being called back to China by the Chinese authorities.
9. Archive of President of the Republic of Kazakhstan, f. 708, op. 27, d. 345, list 109.
10. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (TGA RK. F.) F. 1987. Op. 45, d. 45, list 18.
11. Syroezhkin K. *Kazahi v Kitae: ocherkisotsialno-economiceskogo kulturnogo razvitiia*. – Alma-Ata. 1994.
12. Cable from the Chinese foreign ministry, ‘Handling the issues of border residents fleeing from Yili and Tacheng to the Soviet Union’. April 21, 1962. Wilson Center Digital Archive.// <https://digitalarchive.wilsoncenter.org/collection/191/the-yi-ta-incident-1962>, Last visited April 19, 2019.
13. Data on the citizenship problem in the conflict between the Xinjiang region and the Soviet Union. April 27, 1962. // <https://digitalarchive.wilsoncenter.org/collection/191/the-yi-ta-incident-1962> Last visited April 22, 2019
14. Data on the citizenship problem in the conflict between the Xinjiang region and the Soviet Union. April 27, 1962. // <https://digitalarchive.wilsoncenter.org/collection/191/the-yi-ta-incident-1962> Last visited April 22, 2019
15. Data on the citizenship problem in the conflict between the Xinjiang region and the Soviet Union. April 27, 1962. // <https://digitalarchive.wilsoncenter.org/collection/191/the-yi-ta-incident-1962> Last visited April 22, 2019.



Автор туралы: қытайтанушы, тарих ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты.

About the author: Sinologist, Candidate of Historical Sciences, Head of Asian-Pacific Area Department, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies.

Об авторе: китаевед, кандидат исторических наук, зав. отделом Азиатско-Тихоокеанского региона Института востоковедения им. Р.Б. Сүлейменова.

Жанымхан ОШАН

«ТОҒЫЗ ТАТАР»: МОНГОЛДАР, ТАНГУТТАР НЕМЕСЕ ...?

Андатпа. X ғасырдың 80-жылдары Сун әулетінің елшісі Ван Янде Кочо патшалығына, содан кейін Орталық Моңғолия арқылы Турфан мен Бесбаликке сапар шеккен. Сапардың нәтижесі оның әйгілі саяхаты болды. Онда ол Орталық Моңғолияда тұратын көшпелілерді «Тоғыз татарлары» деп атап, «Тоғыз татарларына» жататын жеке тайпалардың аттарын жазып қалдырды. «Тоғыз татарларының» этногенезі туралы пікірталас ғылымда орын алуда, атап айтқанда, олар түркі, моңғол немесе тангут тайпалары ма.

Zhanymkhan OSHAN

«TOKUZ TATAR»: MONGOLS, TANGUTS OR ...?

Abstract. In the 80s of X century Wang Yande, an ambassador of Sung dynasty, had been in Qocho, then through the Central Mongolia he was in Turpan and Besbalyq, wrote his famous travel note. The nomads who lived in Central Mongolia were called «tokuz tatar» in Wang Yande's travel note and he wrote names of each tribe that were related to «tokuz tatar». Thoughts of scientists such as K. Shiratory, W. Yanai, Wang Guowei, M. Naonory, Cen Zhongmian and Zhou Liangxiao who had researched before Wang Yande, were different. Even opinions about «tokuz tatar's» place of residence «Heluochuan» were controversial, there was the dispute the Orhon river or the Ejina river was. Dispute about ethnogenesis of «tokuz tatar» was even bigger, there were opinions that they were turkic tribes, mongol tribes or tangut tribes.

Жанымхан ОШАН

«ТОҒЫЗ ТАТАР»: МОНГОЛЫ, ТАНГУТЫ ИЛИ ...?

Аннотация. В 80-х годах X в. Вань Яньдэ, посол династии Сун, совершил поездку в королевство Кочо, а затем, через Центральную Монголию, в Турфан и Бесбалик. Результатом путешествия стали его знаменитые путевые заметки. В них он назвал кочевников, проживающих в Центральной Монголии, «тогуз татарами» и записал названия отдельных племен, относящихся к «тогуз татарам». В исследованиях К. Ширатори, У. Янай, Ван Говэй, М. Наонори, Цэнь Чжунмянь, Чжоу Лянсяо мнения различаются. Дискуссия об этногенезе «тогуз татар» имеет место, в частности, являются ли они тюркскими, монгольскими или тангутскими племенами.

981 жылы Бесбалық пен Тұрпанда билік құрған тоғыз оғыздың Қочо (Гаочан) хандығы Қытайдың Сун патшалығына өз елшісін жібереді. Сун патшалығының кезекті патшасы Сун Тайцзун орда шенеунігі Ван Яньдэні (Wang Yande, 939–1006) бас елші, Бай Сюньді елшінің орынбасары етіп тағайындап, Қочо (Гаочан) хандығына қарымта елшілік сапарға аттандырды. Олардың елшілік миссиясы бас-аяғы төрт-бес жылға созылып, 984 немесе 985 жылы Қытайға қайтып барды. Ван Яньдэ еліне оралған соң «Сичжоу ши чэн цзи» («Сичжоуға елшілік сапары туралы естелік») атты жолжазбасын жазып, патша ордасына тапсырады әрі осы жолжазбасы үшін патша марапатын алды. Дәстүр бойынша еңбек патшалықтың мұрағат қорында қойылады. Соған қарамастан жолжазбаның түпнұсқасы бізге жеткен жоқ.

Бір тәуірі кейін Оңтүстік Сун патшалығының Ван Минцин (1127–1202?) деген тарихшысы еңбекті патшалықтың тарихи мұрағат қорынан көшіріп алған әрі оны «Ван Яньдэ лисуй ши Гаочан син чэн соцзян» («Ван Яньдэнің Гаочанға елшілік сапарда көргендері туралы тарихи баяны») деген атпен өзі құрастырған «Хуэй чжу лу·Цянь лу» атты кітапқа енгізген. Еңбектің бізге жеткен біршама толық мазмұны осы еңбекте сақталған. Бұдан өзге Ма Дуаньлинның (1254–1323) «Вэньсянь тун као» атты кітабының «Си и као» (Төрт төңіректегі жат елдер) деп аталатын тараушасында және Сун патшалығының ресми әулеттік тарихы болған «Сунши» кітабы «Гаочан чжунань» (Қочо баяны) деп аталған тараушасында да сақталған. Қытай тарихшысы Ван Говэй өткен ғасырдың 20 жылдары осы нұсқалар негізінде кітаптың критикалық жаңа нұсқасын жасап, айтулы нұсқаны «Ван Яньдэ ши Гаочанцзи» («Ван Яньдэнің Гаочанға елшілік естелігі») деп атады. Қазіргі кезде осы нұсқа басшылыққа алынып келеді.

Ван Яньдэ жолжазбасының Ұлы дала тарихы үшін деректік құны өте жоғары. Автордың Бесбалық пен Тұрпандағы тоғыз оғыздың Қочо (Гаочан) хандығы туралы жасаған егжей-тегжейлі сипаттамалары деректемелік құны жағынан ерекше бағаланады. Еңбек мазмұнының осы тұсынан Қочо (Гаочан) хандығы атты елдің көшпенді мемлекет ретіндегі кескін-келбетін көріп-білуге болады. Бұдан маңыздысы, жолжазбалық еңбек Қочо хандығы туралы мәліметтерді бермес бұрын Орхон мен Туул өзендері бойын орталық еткен байырғы түркі жұртын мекендеген тайпалар туралы аса маңызды мәліметтер көрсеткен.

Олмәліметтераймақтықоныстанған тайпалардың IX–X ғасырдағы тарихи жағдайын анықтауда ерекше орын алады. Ван Яньдэ Орхон және Туул өзені атырабын, Хангайдан Алтайға дейін қоныстанған тайпаларды жалпылама «тоғыз татар» деп жазып, оларға қарасты тайпаларды жеке-жеке сипаттап көрсетіп өткен. Төменде біз Ван Яньдэ жолжазбасының тоғыз татарларға қатысты бөлігін аударып, еңбек мәтінінде сақталған мәселелерге қысқаша тоқталуды мақсат етіп отырмыз. «Ван Яньдэнің Гаочанға елшілік естелігі» ... Одан соң біз Во-янляхэтэ елін басып өттік, сол жерде Дудушан тауы бар, ол Таң патшалығы дәуіріндегі Ұйғыр жері еді. Осыдан кейін Дачун тайцзы елін басып өттік, ол елдің шекарасы қидандармен шекараласады. Олар жібек матадан киім киеді. Ыдыс-аяқтары алтын-күмістен жасалады. Жылқы сүтінен арақ (қымыз) ашытып, ішіп масаяды. Одан соң Вудинь еліне бардық. Ел [билеушісі] Дагань юйюэ ванцзының баласы екен. Осыдан кейін Дагань юй-юэ ванцзының елін басып өттік. Бұл ел тоғыз татарлардың ішіндегі ең мәртебелі ел саналады. Одан кейін Ели ванцзының еліне жеттік. Хэлочуан деп аталған жер сол елде.

Бұл жер Таң әулеті дәуірінде Ұйғыр құнчүйі тұрған жер. Қаланың орны сол беті сақталған, тұнық бұлақ, айнадай көлшіктері бар саябақтың сұлбасы байқалады. Естүмізше бұрынғы заманда қидандар ұйғырлардың қойшысы болған, татарлар болса ұйғырлардың сиыршысы болған екен. Ұйғырлар Ганчжоу аймағына көшіп кеткеннен кейін қидандар мен татарлар билікке таласып бір-бірімен соғысып отырған. Одан кейін Адунь елін басып өттік. Мацзуншань тауының Уаңсянлин шыңындағы тас үңгірде Ли Лин жазып қалдырған жазу бар. Одан соң Гэломэйюаньнің басталған тұсынан өттік, ол жердің батысында өзен-сулардың тоғысқан жері, шексіз кең алқап, онда қаз-үйректер мен түрлі құстар өте көп. Одан кейін Тобянь қаласына жеттік. Ол қала Липушэ қаласы деп те аталады. Қала билеушісі «көк тәңірмен тілдесуші хан» делінеді. Одан кейін Сяошичжоу аймағына, одан соң Ичжоу аймағына жеттік [1, 28–31-бб.; 2, 158–159-бб.].

Ван Яньдэ жазбасында тоғыз татар деп көрсеткен ел Хангай тауы, Орхон өзені мен Туул өзені атырабындағы даланың қолқа жүрегін, қағанаттың астаналық аймағын қоныстанғанын нақты түрде көрсетеді. Сонымен қатар ол тоғыз татар тайпалары деп көрсеткен тайпаның көбі «Ляоши» кітабы жалпылама цзубу тайпасы деп көрсеткен тайпа атымен сәйкес келеді. Бұдан тыс біз осы тайпаларды моңғол дәуірі қарсаңына дейін дәл осы аймақтың қожасы ретінде хандық билік құрып келген елдердің тайпалық құрамында сақталғанын көреміз. Төменде біз Ван Яньдэ жазып кеткен тоғыз татарларға және олар туралы тарихшы ғалымдарға қатысты пайымдауларына тоқталамыз.

Ван Яньдэ бірінші басып өткен тоғыз татар елінің атын – «Во-янляххэтэ елі» деп көрсеткен. Бұған дейінгі зерттеуде бұл тайпаны моңғол дәуіріндегі ұрияңқат (Ulianguit, Uriankhit) деп қалпына келтіру жолға қойылып келді

[3, 121 б.; 4, 11–12-бб.]. Бірақ, тарихи деректер аталған тайпаны моңғол дәуірі қарсаңына дейін Бұрқан-қалдун тауы маңын қоныстанған моңғолдың шағын тайпасы ретінде жазып келді. Автор Во-янляххэтэ елі қоныстанған жердің аты «Дудушан тауы» деп аталған тау екенін және ол жердің ерте кезде «Ұйғыр жері» болғанын ескерткен. Мұндағы Дудушан тауын – «Өтүкен иіш», яғни Хангай тауы деп қарастыру әу бастан тұрақтанған пікір саналады. Бұл жер Ғұн дәуірінен бері көшпенділер империясының киелі байтағы болып келді. Ұйғыр қағанаты дәуірінде де сол статусын сақтап қалды. Осы бір түйткілді тау туралы зерттеу жасаған ғалым Цидалату өз зерттеуінде бұл тауды Хэнтэй тауы немесе сол маңдағы таулардың бірі деген пікірді ұстанған [4, 13-б.]. Дегенмен оны Хэнтэй тауы ретінде қарастыру қисынға келе бермейді. Соңғы кезде бұл тауды Рашид ад-дин Тоғұрыл Оң ханның қыстауы деп көрсеткен «ӨтөгүҚұлан (ötögü Qūlan)» деген жер деген тың пікір айтылып жүр [5, 133-б.]. Белгілісі, бұл жердің орны Оңгін өзенінің солтүстік жағында болған. Ван Яньдэ көрсеткен келесі ел – Дачун тайцзы елі. Бұл тіркесті мағыналық аударма ретінде қарастыруға болады. Дачун сөзінің көне қытай тілінде «барыс» деген мағынасы болған. Осыған байланысты бұл тайпа атын түркі тіліндегі «барыс» сөзімен қатысты деп қараған пікірлер кездеседі. Біздіңше, бұл тайпаның түрікше аты «барыс» емес «тоңа» болуға тиіс.

М. Қашқари «Тоңа» сөзін барыс деп түсіндірген және «тоңа хан», «тоңа тегін» деген үлгіде титул болатынын айта отырып: «Туңа – «тигр», т.е. тот, кто может убить слона, таково первоначальное значение. Но у тюрков это слово сохранилось в измененном значении, его часто используют как титул: туңа хан, туңа тикин и т. п. Великого хана тюрков Афрасийаба называли туңа

алб ар «храбрый и (сильный, как) тигр, человек» деп жазды [6, с. 1014.]. Тайпа атауының екінші бөлігіндегі «тайцзы» бұған дейін түркі тіліне «тайшы» [7, р. 570] түрінде енген кірме сөзбен байланысты деуге болады. Ол сөздің қытай тіліндегі мәні «мұрагер ханзада». Бұл жерде оны кірме атау «тайшы (taušī)» сөзінің транскрипциясы ретінде немесе түрік тіліндегі «тегін» сөзінің аудармасы ретінде екі түрлі түсінуге болады. Бұл тайпа XII–XIII ғасырда Керей хандығына қарасты болған «Тонғайт» (Tongqayit, Dongqayuid // Тоңа, тоңға, тоңқай) тайпасымен байланысты деп қаралып жүр. Тонғайт деген бұл тайпа түркі дәуірінде тоғыз оғыздардың іргерлі тайпасы болған «тонра» (қыт.: Тонло) тайпасымен тіке байланысты болған [8, 72–76-бб.].

Ван Яньдэ бұл елді қидандармен шекараласады деп көрсеткен, соған қарағанда олар Орхон өзенінің оңтүстігі мен шығысына қарайғы аймақта, Туул мен Керуленнің жоғары бойын қоныстанған. Бұл өңір қидандарға ең таяу аймақ саналады. Ескере кетерлігі қидандардың бұл кездегі ықпалы Керулен өзені орта және төменгі бойымен ғана шектеліп отырған. Қидандар Туул өзені бойын мейілінше соңғы кезде, яғни X ғасыр соңы мен XI ғасыр басында ғана өз ықпалына ала бастаған [9, 25–30-бб.]. Ван Яньдэ басып өткен келесі елдің атын «Вудинь елі» (кей

әдебиетте: Wudimu//Вудиму) деп жазған. Бұл елдің атына реконструкция жасаушылар алғашқы кезде оны «Оқ тегін (оқ tegin)» деп көрсетті [10, 167–168, 172-бб.]. Дегенмен бұл тіркестің «Өтүкен (Ötükän)» топонимімен үндес екені назар аударуға тұрарлық жәйт саналады. Мұнда Ван Яньдэнің «Вудиин елін» тоғыз татардың келесі бір елі болған «Дагань юй-юэ ванцзының елімен» іргелес көрші ел ретінде жазуы өте маңызды. «Ляоши» кітабы 1092 жылы Моғусы (Марұз) көтерілісінің туындауына байланысты Едугуа тайпасы (Edugua bu) деген тайпа атын атап, оны: «Солтүстік цзубудың Едугуа тайпасы» деп көрсетті (11, 302-б.; 1385-б.). Оған қатысты мәліметтерге негізделгенде Едугуа деп көрсетілген бұл тайпа «Батыс цзубу», «Солтүстік цзубу» деп көрсетілген тайпаларға қарасты болған. Ғалымдарға «Ляоши» кітабындағы «Солтүстік цзубу» Моңғол дәуірі қарсаңындағы «керей» деген атпен белгілі болған ел деп санайды [12, 51–57-бб.; 9, 35-б.].

Бұл Ван Яньдэнің «тоғыз татарды» өз ішінен жекелеген тайпаларға жіктеп көрсету жағдайына сәйкес келеді. Соңғы кезде жоғарыда атап өткен ғалымдар пікірі тіптен орныға бастады [4, 14-б.]. Ван Яньдэ көрсеткен Вудиинь елінің «Ел [билеушісі] Дагань юй-юэ ванцзының баласы екен» деген мәлімет келесі бір түйткілді нақтылай



алады. Яғни X ғасырдың соңында Вудиинь елінің билеушісі «Дагань юй-юэ ванцзының баласы» болған. Сол себепті ол елдің аты Вудиинь, яғни «От тегін елі» немесе «Өтүкен елі» деп аталған. Қортып айтқанда Солтүстік цзубуға қарасты едугуа тайпасы мен Вань Яньдэ жазған Удиинь елі екеуі бір ел (тайпа) деген пікірге қарсы қоярлық дәлел аз. Солай деседі «Вудиинь» деген бұл елдің атын найман елінің балама атауы болған «бетекин» тайпасымен байланысты қарауды да назардан тыс қалтыруға болмайды. Ван Яньдэ аймақтағы келесі елдің атын «Дагань юй-юэ ванцзының елі» деп көрсеткен. Бұл елдің аты: «Тарқан өге тегін елі» немесе «Тарқан үге тегін елі» деп аталған. Көріп отырғанымыздай, бұл елдің аты «тархан», «үге» немесе «өге» және «тегін» деген түркілік титулдардан құралған. Бұл елдің «Тарқан өге/үге тегін елі» деген титулмен аталуының өзі олардың бұрынғы түркі және тоғыз оғыз тайпасының ұрпағы екенін түсіндіреді алады.

Тарихшылар осы тайпаны «Ляоши» кітабында кездесетін «Юй-юэ дагань» (Үге тарқан) деп көрсетілген ел деп қарастырып келеді. Сондай-ақ, «Бес патшалық тарихында» 925 жылы Соңғы Таң патшалығына бағынған татар билеушісі – «Юй-юэ» (Үге/Өге) деген ныпсымен белгілі тұлға да осы елдің адамы деп саналады [3, 122-б.]. Ван Яньдэ ол елдің атын олардың билеушілерінің мансап атағымен атаған. Оның да өзіндік тарихи һәм мәдени себебі бар еді. Ол тағы: «Вудиинь елі» билеушісін осы «Дагань юй-юэ ванцзының баласы» деп көрсетеді. Бұлай болғанда Вудиинь елін Дагань юй-юэ ванцзы елі билеушісінің ұлы билейді деп түсінуге тура келеді. Сөйтіп, бұл екі ел әкелі-балалы адамның билеуіндегі ел болып шығады. Ван Яньдэнің ол елді: «Бұл ел тоғыз татарлардың ішіндегі ең мәртебелі ел саналады» деп ерек-

ше ескертуі өте-мөте маңызды. Айтулы мәлімет бізге бұл елдің тұтас тоғыз татар елінің ұйтқысы болғанын түсіндіріп береді. Тарихшы ғалымдар даланың осыдан кейінгі екі ғасырлық тарихында тайпалардың қоныстануы ақуалын, олардың тұтас аймақтағы орны мен рөлін ескеріп «Дагань юй-юэ ванцзының елі» кейінгі «керей» деп аталған ел деп қарастырып келеді [13, 192–193-бб.; 4, 15–16-бб.; 5, 130–139-бб.]. Ван Яньдэ жазған келесі елдің аты «Ели ванцзының елі» делінген.

Бұл елдің атын «Ел(i) тегін елі» деп қалпына келтіруге мүмкіндік бар. Жапон ғалымы Маэда Наонори Ели тегін елін «Ляоши» кітабы қатысты тарауында цзубу тайпасының бірі деп көрсеткен Алиди тайпасымен, сондай-ақ цзубу тайпасының билеушісі ретінде атаған Алиду атты тұлғамен байланысты деп санайды әрі оны кейінгі дәуірде Керей хандығы құрамында кездесетін Алият (Aliat) тайпасы деп санайды [14, 238–241, 255-бб.]. Раши ад-Дин кітабының кей нұсқасында бұл тайпа аты «албат» (Albat) деп көрсетілген [15, Р. 62]. Бай Юйдун бұл тайпаның керей тайпасымен байланысты деген аға буын ғалымдар пікірін қолдаған. Ол Рашид ад-дин кітабының түрлі нұсқасындағы тайпа аты albāt, alīāt атауларын салыстыра отырып, керей тайпасы alīāt Ван Яньдэ жазған тоғыз татардың бір тайпасы болған Ели ванцзының (тегін) елі. 979 жылы қидан еліне си-сияпат жасай барған Іркін Алиду басқарған цзубу тайпасы дәл осы ел деп сенім артқан (5, 138-б.). Бұдан өзге бұл жалайыр тайпасы деген бастама да бар [13, 194–195-бб.; 4, 19–20-бб.]. Бұған аталған тайпа аты таңбаланған бірінші дыбыс – 拽 иероглифінің Yè, Zhuài және Zhuāi деп үш түрлі қылуы себеп болды. Солай болғанмен жалайыр тайпасының аты бастапқы кезде «ялайыр» түрінде жазылуы да ескеруді қажет етеді. Ван Яньдэ Ели ванцзы (тегін) елінің Орхон өзенінің бойын, Орда-балық

және Қатүн балық қалалары тұрған қағанаттың астаналық аймақтарын қоныстанғанын нақты жазған. Жол-жазбада тоғыз татардың келесі бір елі ретінде Адунь елі деген елді көрсеткен. Цзнь Чжунмянь бұл елдің атын Алтын елі деп жазады әрі бұл атаудың Алтын тауды қоныстануымен байланысты деп санайды [3, 123-б.].

Ван Яньдэ Адунь елінен шыққаннан кейінгі сапарда Мацзуншань атты таудан өткенін және сол маңдағы Уаңсянлин атты биік шыңды тілге тиек еткен. Бұлардың барлығы Хангай тауының белгілі жерлері болуы керек. Одан әрі Гэломэйюань (көлі) деген шұрайлы жерді басын өткенін айтады. Назар аудартарлығы, ол осыдан кейін Тобянь деп аталған қалаға жеткен. Автордың жазуына негізделгенде бұл қаланың орны Хангай тауының батысында болуға тиіс. Цзнь Чжунмянь өз зерттеуінде Тобянь деп көрсетілген қала атын бұл керей тайпасының бірі болған түбеган тайпасымен қатысты деп көрсеткен [3, 124-б.]. Мұндай тайпа аты моңғол дәуіріндегі еңбектерде «түмен түбеген» т. б. деп жазылды [8, 69–72-бб.]. Жапон ғалымы Сакурай Масуо бұл тайпаны: Рашид ад-дин «тұбас», көне қытай деректері «дубо» деп атаған байырғы түркі-теле тайпасымен байланысты дей отырып, олар ІХ ғасырдың орта шенінде қырғыздармен бірге оңтүстікке жорық жасап, Ұйғыр қағанатын құлатуға атсалысып, кейін келе олар ұйғыр жерін біржолата қоныс етіп қалды деп қарайды [16, 210-б.]. Сакурай Масуо пікіріне қарсы уәж айтушы қытай ғалымының да пікірі бар, әйткенмен ол өз пікірін онан әрі түбегейлі түрде дәлелдеуде әлсіздік танытады. Автор еңбегінің ең бір құнды тұсы – тоғыз татарлар мен қидандардың өткен дәуірдегі Түркі-тоғыз оғыз қағанатымен арадағы саяси қатынасы мен қағанат күйрегеннен кейінгі қидандар мен тоғыз оғыздар арасында қалыптасқан тарихи жағдайды қысқаша



ХАРА-ТАНГУТЫ (СИ-ФАНИ) ПЛЕМЕНИ ЛУНЬ-ЧЮ.

сипаттауы. Бұл туралы ол: «Бұрынғы заманда қидандар ұйғырлардың қойшысы болған, татарлар болса ұйғырлардың сиыршысы болған екен. Ұйғырлар Ганчжоу аймағына көшіп кеткеннен кейін қидандар мен татарлар билікке таласып бір-бірімен соғысып отырған» деп жазады [1, 28–31-бб.; 2, 159-б.].

Осы деректеме арқылы Ван Яньдэ бізге тоғыз татарлар мен қидандар арасындағы байланысты ең бірінші ашып көрсетіп береді. Ван Яньдэ жолжазбасы Орталық моңғолияның негізгі елі тоғыз татарлар, Тархан Үге тегіннің елі тоғыз татарлар арасында «ең мәртебелі ел» деген аса құнды мәліметті жазып қалдырды. Бұл мәлімет Тархан Үге тегін елінің Хэси дәлізінен Орталық Моңғолияға дейінгі аймақтағы көшпенділердің ұйтқысы болғанын көрсетіп берді. Аталған тайпа Моңғолиядағы басқа тайпалармен бірге тоғыз татар деп аталды, тарихи деректер оларды «Татар мемлекеті» деп жазды. Ең бастысы осы ел мен Моңғол

дәуірі қарсаңына дейін Орталық Моңғолияда билік құрған хандықтар арасында тарихи сабақтастық сақталып отырған. Тарихи деректемелерге негізделсек бұл кезде қидандар тоғыз татарларды әлі де толық бағындыра алмаған. Қидандардың күшеюі мен олардың далалық аймаққа билік ету мақсатында жасаған саяси, әскери қимылдары кезінде тоғыз татарлар аса зор бәсекелестік танытқан. Ван Яндэ жазып көрсеткендей, тоғыз татарлар әлі де болса өз алдына саяси дербестігін сақтап отырған. Жаңа одақтас іздеуді мақсат еткен Сун патшалығы елшісінің ең бірінші тоғыз татарларға ат басын тіреуінің мәні, міне осы.

Сөйтіп, Сун патшалығы осы реткі елшілік миссиясы көздеген мақсатына жеткен. Осыдан кейінгі жылдары Моңғолиядағы көшпенділер арасындағы тарихи оқиғаларға негізделгенде Ван Яндэ елшілік сапарында тоғыз татар елімен арада қандай да бір ортақ уағдаластыққа қол жеткізген. «Цзы чжи тун цзянь кітабының жалғасы» деген жылнамалық еңбек көрсеткендей, 983 жылы Татар мемлекеті мен Қочо елінің елшілері Сун патшалығы ордасына бірлікте барған [17, 566-б.]. Ғалымдар Х ғасыр кезінде Сун патшалығына елшілік сапарға барған татар елінің елшілерінің барлығы – тоғыз татар елінің елшілері деп қарайды [18, 74–86-бб.]. Сун патшалығы мен тоғыз татарлар арасында қидандарға қатысты қандай да бір одақтың қалыптасуы қидандардың назарына бірден іліккен еді. Қидандар дәл осы мақсатта Ван Яндэ елшілік сапарда жүрген кезде Қочо еліне елші аттандырды. Екі елдің елшісі Қоча елінде кездесіп кикілжіңдесіп қалды. Қидан елшісі Қочо билеушілеріне Сун патшалығын қаралаған [19, 2639-б.].

«Ляоши» кітабы 982 жылға дейін цзубулардың (тоғыз татар) қидандарға елші жіберіп аман-сәлем жасап, тарту-таралғы әкеліп тұрғанын жазған.

Алайда дәл сол 982 жылы Елуй Суса цзубуларға жорық жасады деген мәлімет сақталған. 983 жылға тән келесі деректе: «Суса цзубу тұтқындарын алып келді» және «Суса цзубуларды жеңгені үшін патшаның марапатын алды» деген екі дерек көрсетілген. 984 жылы Сусаның цзубу билеушісі Далаганды өлтіргенін жазған [11, 114-б.]. Бұл адам Ван Яндэ «Тоғыз татарлардың ең мәртебелісі» деп көрсеткен Дагань юй-юэ ванцзы (Тархан Үге тегін) елінің адамы болатын. «Ляоши» мәтінінде бұл адамның атын «Талагань» деп жазған. Бұл «тархан» титулының транскрипциясы деп танылған. М. Наонори осы адамды Ван Яндэнің сапар естелігінде тоғыз татардың бірі ретінде көрсеткен «Дагань юй-юэ ванцзы цзу» елінің тарханы деп пайымдаған [14, 292–325-бб.]. Міне солай қидандар жедел қадам жасай отырып Қочо хандығы, Тоғыз татар елі мен Сун патшалығы арасында алдағы одақтың құрылуын жөргегінде тұншықтыруға кіріскен. Дегенмен қидандар бұл жолы да тоғыз татарларды түбегейлі бағындыра алмаған. Соған байланысты далалық аймақ туралы жазылған мәліметте «шекараның үш шеті тыныш, тек ғана цзубулар ғана тыныштанған жоқ. Жорық жасауға жол алыс болғандықтан бұл іс аяқсыз қалды. Алайда шекарадағы халық барымтаға, тонауға тап болды [11, 1454-б.] деген мәлімет сақталған.

Келесі бір мәлімет бойынша 985 жылдары цзубу тайпалары Ляо патшалығының орталық аймағына жақын маңға көшіп барған, осы іске байланысты патшалық оларға қарсы жорық жасау туралы кеңес құрған [11, 116-б.]. Ал, 986 жылы цзубулар қидандардың ұйғырларға аттандырған елшісін барымтаға алған. Бұл жолы қидандар оларға өтемақы төлегеннен кейін ғана қидан елшісін еркіндікке жіберген. Міне бұл мәліметтер екі ел арасында бейбітшіліктің тұрақты болмағанын көрсетеді. Сөйтіп, Ван Яндэ жазған

татар-қидан арасындағы соғыс ол елші болып барған кезде де, одан кейін де тоқтамаған. 982 жылы басталған цзубу (татар) қидан арасындағы соғыс 20 неше жылға созылды. Осы жылдары император Ляо Шэнцзун өзінің Елюй Суса және Сяоталинь қатарлы қолбасыларын солтүстік далаға артартынан жорыққа аттандырып 1004 жылы ғана үстемдігін тұрақтандыра бастады. Сол жылы Орталық Моңғолияда Чжэньчжоу, Вэйчжоу, Фанчжоу деген үш «чжоу» құрып, чжоудың

әкімшілік орталығын ондағы байырғы қалалаға орналастырды [12, 451-б.]. Бұл шаралар қидандардың тонау әрекетін онан әрі асқындырды. Есесіне көшпенділердің бодандыққа қарсы қимылдары да жиілей түсті. Сол себепті Ляо патшалығы өкіметі көшпенділердің қарсылығын тұншықтыру мақсатында әскери шаралардан басқа да қитұрқы әдіс-амалдың барлық түрін қарастырып отырды. Мұның соңы кезекті қақтығыстарды туындатып отырды.

Әдебиеттер

1. Ван Минцин. «Хуэй чжу лу. Цянь лу» 4-цзюань. Wang Mingqing, Huizhu lu. Qianlu juan 4. Shanghai Shudian chubanshe, 2015.
2. Yang Jianxin. Gu xixing ji xuandu. Ningxia renmin chubanshe, 1987.
3. Cen Zhongmian. «Dada wenti», «Zhongshan daxue xuebao», 1957 nian di 3 qi.
4. Qidalatu. «Shi zhi shi'er shiji menggu gaoyuan buzhu shi tanjiu». Boshi lunwen 2015 Huhehaote: Neimenggu daxue.
5. Bai Yudong. Guanyu Wang Yande «Xizhou chengji» jilu de Mobei buzhu. «Zhongguo bianjiang shi di yanjiu», di 29 juan, 2019 di 1 qi, 130–139 ye.
6. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Пер. и предисл. З.-А. М. Ауэзовой. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
7. Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish, Oxford, 1972.
8. Ошан Ж. Керей хандығы қытай деректемелерінде (X–XIII ғғ.) Алматы: ДайкПресс, 2014.
9. Chen Dezhi. «Shisan shiji yiqian de Kelie wangguo», «Meng yuanshi yanjiu cong gao». Renmin chubanshe, 2005 nianban, 201–232 ye.
10. Hamilton J. R. (Geng Sheng, Mu Laigen yi): «Wudai huihu shiliao». Wulumuqi: Xinjiang Renmin chubanshe 1986.
11. Tuotuo. «Liaoshi», Beijing: Zhonghua shuju jiaokan ben, 1974 nian.
12. Feng Chengjun. «Liao, Jin beibian buzhu kao». Shi Weimin bian: «Liao Jin shidai menggu kao». Huhehaote: Neimenggu Zizhiqū wenshi yanjiu guan, 1984. 51–57 ye.
13. Jin Wulan. «‘Shi Gaochang ji’ Zhuaili wangzi zu kao», «Jinian Chengjisihan danchen 850 zhounian xueshu yantao hui lunwen ji». 2012.
14. Маэда Наонори (Қытайша аудармасы): Qiantian zhidian zhu, Xin Deyong yi. Shi shiji shidaide jiu zu dada, Riben xue zhe Yanjiu Zhongguo shilun zhu xuan yi, di 9 ji, Zhonghua shuju, 1992 nian, di 292–325 ye. 15. Rashid al-Din Fadl Allah, Jami`u`-t-tawarikh: Compendium of Chronicles. A History of the Mongols. Translation & Annotation by Wheeler McIntosh Thackston. Harvard University, Department of Near Eastern Languages and Civilizations, 1998.
16. Сакурай Мачо, 櫻井益雄: « 怯烈考». «东方学报» (东京) 第七册, 一九三五年.
17. Li Tao. «Xu zi zhi tong jian chang bian», Shanghai: Zhonghua shuju, 2004.
18. Bai Yudong. «Shi zhi shiyi shiji Mobei youmu zhengquan de chuxian — Yenisai beiming jilu de Jiuxing Dada wangguo». «Minzu yanjiu», 2013 nian, di 1 qi. 74-86 ye.
19. Ma Duanlin. «Wenxian tong kao». Hangzhou: Zhejiang guji chubanshe, 2000.

Автор туралы: PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

About the author: PhD, al-Farabi Kazakh National University.

Об авторе: PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби.



Жандос ҚҰМҒАНБАЕВ

«ҮШ ЖҮЗ» ПАРТИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ҰСТАНЫМДАР

Андатпа. Мақалада патша үкіметі құлағаннан кейін бүкіл Ресейдегі секілді, Қазақстанда да қос үкімет орнап және сол кезеңде өлкеде орын алған ұлттық демократиялық Алаш партиясымен бір мезгілде өзіндік ұстанымы бар «Үш жүз» партиясы туралы қарастырылады. Кеңестік кезеңде Үш жүз партиясының ұстанымдарына басқаша тұрғыда пікір берсе, тәуелсіздік алғаннан кейін, партия басшыларының ой-пікірлеріне берген Отандық тарихшылардың тұжырымдамаларына тоқталып өтеді.

Zhandos KUMGANBAYEV

THE PARTY OF «USH JUZ (THREE CLANS)» AND NATIONAL STATE PRINCIPLES

Abstract. The article discusses the activities and principles of the party «Ush Zhuz». After the fall of the Tsarist regime in Kazakhstan, along with the national Democratic Party Alash, conducted the activities of the party «Ush Zhuz» With the Soviet period, the party «Ush Zhuz» evaluated differently, but in this article the idea of local researchers after independence.

Жандос ҚҰМҒАНБАЕВ

ПАРТИЯ «ҮШ ЖҮЗ» И ПРИНЦИПЫ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

Аннотация. В статье рассматриваются основные цели и задачи меньшевистской партии «Үш жүз». После падения царского режима в Казахстане наряду с национальной демократической партией Алаш вела свою активную пропагандистскую деятельность и партия «Үш жүз». Во времена СССР политические принципы партии «Үш жүз» оценивались по-другому, с позиций советской идеологии, в данной статье анализируются мнения и точки зрения отечественных исследователей после обретения Казахстаном независимости.

XX ғасырдың басы халықтың мәдени-ағарту жолымен әлеуметтік әділеттікке, бостандыққа және өркениет жолына бастаған, осы мақсатта жан аямай еңбек еткен қазақ зиялылары үшін құнарлы кезең болғаны белгілі. Олар газет шығарып, кітап бастырып, жер-жерде мектеп ашумен қатар саяси партиялар құрып, толып жатқан мәдени ағартушылық бағыттағы (топтарға ұйымдасты) үйірмелерге топтасады, яғни, оялары қазақ жерінде дербес мемлекеттілікке қол жеткізудің әртүрлі жолдарын таңдады, бір сөзбен айтқанда ұлт зиялыларының жолдары әртүрлі болғанымен мақсаты бір бағытта еді. Сол кездегі саяси партиялармен ағымдар арасындағы ең ірілері – ұлттық- демократиялық «Алаш» және қазақ социалистік «Үш жүз» партиясы болды.

Патша өкіметі құлатылғаннан кейін бүкіл Ресейдегі секілді, Қазақстанда да қос үкімет орнап, онда Уақытша үкімет және жұмысшы-шаруа, солдат депутаттарының Кеңесін құрды. Уақытша үкіметтің ұстанған бағыты – капитализмді дамыту болса, ал жұмысшы-шаруа және солдат депутаттар кеңесі ұстанған бағыты – социалистік қоғам құру еді. Ақпан төңкерісінің жеңісін Ә. Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары майданға тыл жұмысына алынғандар арасында жүріп қарсы алды. Өз қуанышын Ә. Бөкейханов «Кеше құл едік, енді бұл күн теңелдік. Қам көңілде қайаудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бәрі кемісе, оны артылып, ақырында Русия қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты, өңімізде көріп,

төбеміз көкке жетіп отыр» [1, 234 б.], – деп білдіреді.

Аталған, буржуазиялық-демократиялық Ақпан революциясының жеңіске жетуі аймақтағы еңбекші халықтардың саяси белсенділігін өсірген болатын. Уақытша үкіметтің қазақ өлкесіндегі жергілікті мекемелері 1917 жылы наурыз-сәуір аралығында құрылып, облыстарды басқаруға бұрынғы патша шенеуніктерін және қазақтың ұлт зиялы қауымы өкілдерін сайлады. Атап айтқанда Әлихан Бөкейханов Торғайдағы, Мұхаметжан Тынышпаев Жетісудағы, ал Мұстафа Шоқай Түркістандағы Уақытша үкіметінің комиссары болып қызмет атқарды. Уақытша өкімет органдары өзінің әлеуметтік құрамы, басқару әдістері жағынан революцияға дейінгі патша әкімшілігі жергілікті халыққа қалай қараса, бұл да солай қарады. Тарихшы – ғалым М. Қойгелдиевтің пікірінше: «Қазақ елі патшалық Ресей құрамына енгеннен бергі уақытта оның бірде-бір өкілінің империяның әкімшілік жүйесінде губерниялық, облыстық деңгейді қойғанда, тіптен уезд бастығы дәрежесінде қызмет жасамағандығы мәлім. Империялық басқару жүйесінде қазақтар болыстық басқарудан жоғарғы қызметті иемденуге тиісті емес еді. Бұл тұрғыдан Ә. Бөкейханов ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыстық басшылыққа келген бірінші қазақ болатын», – деп атап өтеді [2, 323 б.]. Әрине бұл жерде аңғарғанымыз Уақытша үкімет басқару кезінде қазақ ұлт зиялылары жергілікті билік орындарына араласа бастағанын байқаймыз.

Осы уақытта «Алаш» партиясы секілді алғашқы қазақ социалистік «Үш жүз» партиясы да құрылып өз мақсатын көздеген еді.

Кеңес өкіметі тұсында «Алаш» партиясы туралы ауызға алынбаса да, оған қарсы аталған социалистік бағыттағы «Үш жүз» партиясы жайында аз да

болса мәліметтер халыққа жетіп отырған болатын. Дегенмен, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін «Алаш» партиясы сияқты «Үш жүз» партиясы да тарихтан өзінің шын орнын ала алмай келгені белгілі. Оған түрлі бағыт ұстанған тарихшы, зерттеушілер әр кезде түрлі баға беріп келді. Мәселен, жоғарыда айтылған «Алаш партиясы» туралы – «ұсақ-буржуазияның партиясы», «бүкіл байлардың саяси ұйымы» немесе – «жартылай феодалдық байлардың партиясы» деген пікірлер айтылып келген ал, «Үш жүз» партиясын да «қазақтардың ұсақ буржуазиясының оппозициялық фракциясы», «ұлттық саяси ұйым немесе қозғалыс», сонымен бірге «қазақ кедейлері мен жалшыларының одағы» деген пікірлер де айтылды. Сөйтіп, бұл екі партияның да кезінде қоғамнан алған шын мәніндегі орны, яғни рөлі тек кейінгі жылдары ғана ақиқат көзіне айнала бастаған сияқты.

Бастапқы кезде «Үш жүз» партиясының көшбасшылары Шаймерден Әлжанов, Мұқан Әйтпенов және Көлбай Төгісов «Айқап» журналына жақын болып, оның істерінде мәдениет, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, жер мәселелері туралы мақалалар жазып тұрған. Сонымен бірге К. Төгісов өзінің ұлттық ұстанымдары салдарынан 1907-1912 жылдары патшалық әкімшілік тарапынан қуғын-сүргінге де ұшырағаны белгілі. Ал 1916 жылдан бастап ол Ташкент қаласында «Алаш» атты газет шығарды. Сөйтіп К. Төгісовтың ағартушылық қызметіндегі үлкен бір белес – «Алаш» газетінің шығуы қазақ халқы үшін ұлы оқиға болғаны рас. Сөйтіп ел ішінде бұрыннан беделі жоғары К. Төгісов «Алаш» газетін шығару арқылы барша қазақ жұртының ұстазына айналды. Өйткені Семей, Ташкент, Орынбор, Уфа сияқты қалаларда топтасқан қазақ зиялылары, оның ішінде, әсіресе, жастар жағы газетпен тығыз байланыс жасап оған

ресми материалдарын беріп отырған. Осы газеттің алғашқы сандарында патшалық өкіметке қарсы мазмұндағы мақалалар жарияланған жоқ, дегенмен бұл басылымның 12-ші санынан бастап қазақ зиялы өкілдері (1917 жылғы 24 ақпан) революциялық-демократиялық бағыт ұстанып, өз ойларында ашық білдіре бастады. Ол туралы мұрағат құжаттарында былай делінген: «Алаш» газеті 1916 жылдың желтоқсан айынан 1917 жылдың мамыр айына дейін К. Төгісовтың редакциялығымен шыға бастады. Газет әйелдердің тұрмыс жағдайын жақсарту туралы бастамалар көтерді, сонымен бірге Ақпан буржуазиялық-революциясына да қолдау көрсетіп, Қазандағы буржуазиялық-демократиялық революцияның барысы туралы әртүрлі бағыттағы хабарлар жариялап тұрды» [3, 3 п.].

«Үш жүз» саяси ұйымындағы жетекшілік рөлдерді бұрынғы адвокат, журналист және драматург Көлбай Төгісов, фельдшер және тілмаш Шаймерден Досов, журналист Мұқан Әйтпенов, жүктасушы жұмысшы Ысхан Кабеков сынды азаматтар атқарды. Бұл туралы алаштанушы-ғалым К. Нұрпейісов былай дейді: «1917 жылғы наурыз-сәуір айларында К. Төгісов Сырдария облысының қалалары мен басқа да елді-мекендерінде «Шуро-и-Исламия» партиясының ұйымдарын құруда Мұстафа Шоқайға көмектесіп, оның Ташкенттегі ұйымына мүше болды. Осы ұйымның атынан мұсылмандардың бүкілресейлік съезіне делегат болып қатынасып, оның Атқару комитетінің құрамына сайланды. 1917 жылдың бірінші жартысында К. Төгісов қазақ қауымының демократиялық бағытты ұстайтын пікірлестерімен бірге жалпымұсылмандық және оның аймақтық қозғалыстары аясында белсенді түрде саясатпен айналысты» [4, 127-128 б.], – деп атап өтеді.

Сөйтіп, 1917 жылдың 12 желтоқсанында Орынбор қаласында Алашорда

үкіметі құрылған кезде Көлбай Төгісов неғұрлым ықпалды-ау деген қазақ оппозициялық фракциясын басқарып тұрған болатын. Көп ұзамай бұл фракция қазақ социалистік «Үш жүз» деген атпен партия болып құрылды, оның алғашқы төрағалығына Мұқан Әйтпенев тағайындалды ал кейіннен партия басшылығы қызметін Көлбай Төгісов атқарады. Бұл туралы мұрағат құжаттарын мысалға келтірер болсақ 1917 жылы 17 қарашада «Революционный мысль» газетінде берілген мақалада: «Танымал кадет Ә. Бөкейхановтың ұйымдастырумен құрылған «Алаш» ұлттық партиясының бағдарламасына қанағаттанбаған бір топ қазақ өкілдері «Үш жүз» социалистік партиясын құрды. Партияның мақсаты түрік-татар тайпаларын Ресей Республикасы құрамында федеративті құрылымға біріктіруді көздейді» [5, 9 п.], – деп жазылды.

Ал тағы бұл туралы К. Нұрпейісов өзінің аталған еңбегінде осы екі партияға былай баға береді: «1917 жылдың күзіне қарай Қазақстанда тағы да бір ұлттық-саяси ұйым – «Үш жүз» партиясы дүниеге келді. Ол өзін «қырғыздың (қазақтың – авт) социалистік партиясы деп атады» – [4, 5 б.], ал «Революционная мысль» газетіндегі «Үш жүз» партиясына сәлем!» деген мақалада: «Көлбай Төгісовке газеттің редакциялық алқасы мен қазақ демократтары жағынан қолдау көрсетеді. ...Ташкент, Верный, Пішпек, Наманған, Тройцк, Зайсан және тағы басқа қалалары «Үш жүз» партиясының мүшелерінен үнемі телеграммалар мен хаттар алып тұрады, біз комитет мүшелеріне толықтай сене отырып, қазақ еңбекші халқының жалғыз жанашыры болып тұрған партияға табанды қолдау көрсетеміз» [6, 24 п.], – делінген. Әрине бұл кезде «Үш жүз» партиясын большевиктердің қолдауынан, солардың үгіт-насихат жүргізу идеяларынан туындап отырған көзқарастар.

Өйткені кеңестер «Алаш» партиясын «ұлтшылдар» деп сынға алса, ал «Үш жүздіктерге» қолдау көрсеткені белгілі.

«Үш жүз» партиясының мүшелері кеңестерді қолдап отырғаны мен қазақтардың жеке мемлекет құру идеясында ұстанды. Көп ұзамай партияның баспасынан 1917 жылдың 27 қарашасынан бастап «Үш жүз» деген газетте шыға бастайды, ал оның редакторлығында – Көлбай Төгісов өз қолына алады. «Үш жүз» газеті бұрынғы «Алаш» газетіне қарағанда саяси тартысқа бейімдеу болғаны рас, алайда оны заманның ықпалынан деп түсіндірген жөн. Шын мәнінде «Үш жүз» партиясы да, оның газеті де төңкерісшілдіктен гөрі ағартушылық, ұйымдастырушылық, бітімшілік бағытқа бейім тұрған. Осы топтың, әсіресе, Сәкен Сейфуллиннің социалистік идеялар ықпалында болғандығы туралы көп жазылғанына қарамастан, Алашорда басшыларымен арадағы жеке бастарының бәсекелестігі, алашордашылардың өздерінің ақсүйектік шығу тегін даусыз жоғары қоюлары Көлбай Төгісов пен оның жақтастарын өз беттерінше қимылдауға итермеледі. Қалай болғанымен де Көлбай Төгісовтың фракциясы большевиктік билікті қолдауда пысықтық таныта білді, – дегендер де болды. Сонымен бірге, бұл жөнінде Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол тайғақ кешу» роман-эссесінде былай деп жазды: «...Омбы жатақтары Мұқан Әйтпенұлын, Шаймерден Әлжанұлын, Қылышбайұлын, Көлбай Төгісұлын бас қылып, «Үш жүз» партиясын жасады. Дұрыстыққа келгенде, бұл бастықтар саясатқа үлкен олақтық қылды. «Алашқа» қарсы шыға отырып, сол «Алаштың» күрес тәсілдерін қолданды. Қолданғанда үлкен ебедейсіздікпен қолданды. Әйтпесе партияны «социалшыл» деген соң, «Үш жүз» деп несі бар еді. «Социалшыл» деген соң, күреске «Алаштың» тәсілдерін қолданып не керек еді?», – [7,

130 б.]. Айта кету керек «Алаш» партиясының көсемдері де «Үш жүз» басындағыларды сөгуден кенде қалған жоқ. Бұлар да боқтады. Қайта бұлар сөгуді, жамандауды «Үш жүзден» асырып жіберді. Өйткені, бұлар сөзге шеберірек. Бұлардың саны көп, бұлардың бастықтарының бәрі де оқығандар және әр облыстарды шығып жатқан қазақ газеттерінің «Тіршіліктен» басқасының бәрі бұлардікі еді. Семейдегі «Сарыарқа» газеті, Ташкенттегі «Бірлік туы» газеті, Астрахандағы «Ұран» газеті, Орынбордағы «Қазақ» газеті бәрі де Омбыда «Үш жүздің» бастықтарын сөгіп бақты. Дегенмен, кімді болса да сөгуге «Алаштың» шешендері шеберірек болып шықты.

Әрине, шеберлікті бәрінен Орынбордағы «Қазақ» газеті асырды. Өзге «Алаш» газеттерінің «Қазақ» газеті ағасы болған соң, шеберлікті асырмай қояр ма? Мәселен бұл туралы К. Төгісов: «Бірінші орыс революциясы кезінде мемлекет мекемесінің қызметкері Әлихан Бөкейханов өзінің «қара тонын» шешіп, «қызыл халат» киіп, аяқ асты «социал-демократ» болып шыға келді, ал 1917 жылы ақпан революциясынан кейін төңірегіне «сенімді» жақтастарын жинап «Алаш» партиясын құрды. «Алаш» партиясы қазақтың революциялық-демократиялық жалғыз сүйеніші болып тұрған «Үш жүз» партиясын үнемі лас сөздермен бағалап жазуын тоқтатпады», - дейді [8, 6 п.]. Ал «Алаш» партиясы өздерінің «Қазақ» газетінде: «Социалистік партияның көшбасшысы Көлбай Төгісов бір кездері Семей аймақтық Сотының тұтқындау бөлімінде «демалып» отыр еді, енді «Үш жүз» партиясының басшыларының бірі болып шыға келді», - деп жазды [9, 7 п.]. «Шеберліктерін» көзбен көру үшін және «Үш жүзге» көзқарастарын аңду үшін «Қазақстан» және «Сарыарқадан» «Үш жүзді» балағаттаған біраз ғана сөздер келтірілік. Ал бұл туралы мұрағат қорларында сақталған «Сары-

арқа» және «Қазақ» газеттерінде жазылған мәліметтерден мысал келтіретін болсақ: «Қазақтан шыққан арамзалар. Бостандық болғаннан бері жұрттың көзі ашылып, қайда болса да ынтымақ бірлік табылып, қалың қазақ ішіне береке ұйтқысы орнағандай болып тұр еді. Қазақ арасында кейбір жүгенсіздік ұлғайып, азаматтарының соңына ерген жұртты арамза қулары азғырып, адастарып тұр еді. Біздің ұяттан кеткен, ардан безген арамзалар шығып, газет таратқан болып, ел ішіне әрекет шашқалы жүр. «Алаштың» туын ұстаған, асқар белдей ерлерімізді жынданған итке ұқсап, арамзалар қаппақ болып, жынын құсып, уын шашып жүр. Түрі адамға ұқсағанмен пікірі айуан сияқты адамдар. «Үш жүздің» партиясы деп атақ байланып, ұйытқысы болған «Алаш» партиясының адамдарын арам аузымен былғамақ болып жүр. Төрт аяқты қасқырға у салушы еді, мыналарға деген у мынау: «Үш жүз» партиясы – содырлы, сойқанды, жүзіқаралар партиясы. Бұл – жұртқа келген үлкен дерт. Сөзіне құлақ қоймай, өздерінен аулақ болып, сақтану – алаш балаларының борышы», – делінген [10, 21 п.].

Дегенмен көптеген ғылыми зерттеулер мен көркем шығармаларда «Үш жүз» партиясын да «буржуазиялық ұлтшылдар» деп қаралаған пікірлер жазылып келді. Сол мақсатта «Үш жүз» партиясының құрылуы, оның саяси және экономикалық, әлеуметтік мақсат-мүддесі, бағыты жөнінде сол кездің өзінде-ақ әртүрлі тілде баспасөз беттерінде мақалалар жарияланғаны да белгілі. Атап айтқанда, «Революционная мысль» газеті: «Қазақ социалистік партиясы «Үш жүз» құрылды, ол өзінің орталық комитетін сайлады, тұрағы Омбы қаласы», – деп жазды. «Үш жүз» партиясы жөнінде іле-шала «Алаш» партиясының органы «Қазақ» газеті, Х. Ғаббасов, И. Әлімбаев, Р. Мәрсековтердің ұйымдастыруымен шыққан

«Сарыарқа», Қызылжарда шығатын жастардың «Жас азамат» газеттерінде әртүрлі пиғылдағы мақалаларды үнемі жариялап тұрды. «1917 жылы Қазақстанда екі саяси партияның, атап айтқанда, шовинистік көзқарастағы «Алаш» ұлттық партиясының және коммунистік бағыттағы интернационалдық «Үш жүз» партиясының болғандығын, Бөкей ордасындағы қазақ революциялық комитетінің мүшелері С. Жакыпов, М. Өтегенов және А. Сейітовтардың баяндамаларында айтылды. Онда «Алаш» партиясын белгілі кадет Әлихан Бөкейханов басқарып, Алашорда үкіметін құрғандығын, олар сол бағыттағы «Үш жүздің» әрекет етуіне кедергі жасап баққандығы, екі партия арасындағы айтыс-тартыс 1918 жылы күшейіп, оның ақыры «Үш жүздің» ақ гвардияшылар тарапынан талқандалғандығы туралы келтірілді» [11, 79-81 б.],—деп атап көрсетеді. Сөйтіп «Алаш» пен «Үш жүз» партиясының арасындағы алауыздықты сәтімен пайдаланған большевиктер Омбыдағы «Революционная мысль» газеті арқылы «қазақ кедейлерін соңынан ерткен» «Үш жүз» партиясын құттықтаумен болды.

Сонымен көріп отырғанымыздай «Алаш» партиясына қарама-қарсы партия ретінде пайда болған «Үш жүз» партиясына алғашқы күннен бастап-ақ өзіне де оның басшыларына да әртүрлі айыптар тақты. Дегенмен «Үш жүздіктерде» қалыс қалған жоқ, оларда қарап қалмай «Алаш» пен оның көсемдерін үнемі балағаттаумен болды. Мәселен «Үш жүз» газетінің беттерінде «Алаш» партиясының басшысы А. Бөкейханов патша үкіметінің қол шоқпары ретінде сипатталды, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сияқты және т.б. мүшелеріне де осындай сипаттама берілді. «Үш жүз» газетінің 4 санындағы бас мақаласында «Алаш» партиясы қазақ халқын алдаушы ретінде әшкереленді. Бұл мақалада Ә. Бөкейха-

новтың басшылығымен Орынбордағы «жалпықазақ» съезінде «Алашорда» автономиясын жариялауына қарсы шықты, бір тиын ақша бермеуге шақырды. «Ғалихан сияқты қас жауымыз халықты басқара алмайды — деп жазылды мақалада. Біз Орынбордаға жиналысты жалпы қазақ съезі деп есептейміз [12, 11 п.] деп атап көрсетеді.

Қазақ жеріндегі бұқара халықтың революциялық белсенділігінің өсуі, большевиктер партиясының буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистікке ұласуы үшін күресі, бір жағынан Уақытша үкіметтің ішкі және сыртқы империалистік саясатын қолдаған «Алаш» партиясының ұстанымы қазақ интеллигенциясының жіктелуіне және саралануына, өлкеде революциялық-демократиялық қозғалыстардың күшеюіне және оның пролетариатпен жақындауына алып келді [13, 2 п.]. Сөйтіп, екі партия арасындағы егес 1918 жылы жазда «Үш жүз» партиясы тарих сахынасынан жойылғанға дейін жалғасты.

К. Нұрпейісовтің «Үш жүзбен» «Алаш» партиясының арақатынасына мынадай баға береді: «Үш жүз» және «Алаш» арасындағы автономия мәселелері жөніндегі ойлары бірде қарсы, бірде жақын ұқсас екендігін, «Үш жүз» партиясы басшыларының бірі Көлбай Төгісовтің жүргізген қызметі жөнінде нақтылай көрсете келе: «Үш жүз» 1917 жылғы күз айларында пайда болды. Алғашқыда «Алашпен» бірге жүру жөнінде мәлімдегенімен, ол ойынан қайтып, Қазақстанның қоғамдық-саяси мәселелері жөнінен «Алаштың» басты сынаушысына айналды. «Үш жүз» партиясындағы саяси жетекшілік рөлдерді К. Төгісов, Ш.Досов, Ы. Кабеков, М. Әйтпенев С.Төленгітов, М. Өсербаев, Ж. Ишмұхамедов, Е. Тоқбаев атқарды»,—деп атап өтеді [4, 127 б.].

Ал тарихшы-ғалым С. Смағұлова «Көлбай Төгісов және «Үш жүз»

партиясы» деген еңбегінде: «Үш жүз» партиясы мен «Алаш» партиясының саяси бағыттары бір еді. Олардың негізгі мақсаты – ескі үкімет билігін толығымен жойып, қазақ халқының өз алдына бөлек отау құруын жүзеге асыру. Осы мақсат жолында екі ұлттық партияның арасында күрес туындады. «Алаш» мүшелері «Үш жүздің» ісін жақтырмады. «Үш жүз» де «Алашты» өз газеттерінде ғайбаттап жатты» [11, 81 б.], – деп ашығын айтады. Тікелей тақырыбымызды зерттеу барысында негізгі мақсатымызға жету үшін С. Смағұлованың айтқан пікіріне толық қосыламыз, яғни «Алаш» партиясының көсемі Ә. Бөкейхановтың да «Үш жүз» партиясының басшылары М. Әйтпенов пен К. Төгісовтың да мақсаты қазақ халқына жеке мемлекет алу, көксендері ескі өкімет орнына жаңа өкімет орнату болатын.

«Үш жүз» партиясы туралы К. Есмағамбетов өзінің «Қазақтар шетел әдебиетінде» атты еңбегінде: «Уақытша үкіметтен көңілі қалған кейбір қазақтар Бүкілқазақтық конгрес шешімдерінен бас тартты. Олардың көпшілігі Көлбай Төгісов есімді кісінің айналасына топталды, ол құрылған күнінен бастап «Бірлік» тобының белсендісі болды. Ақпан төңкерісінен кейінгі кезде қазақ тілінде шығатын «Алаш» газетінің редакторы бола жүріп, Оңтүстік Қазақстандағы Түркістан қазақтарын ұйымдастыруға қызу араласқанымен, Ә. Бөкейханов пен «Қазақ» тобының қызметіне еш уақытта тартылмаған болатын. 1917 жылғы 12 наурызда К. Төгісов Ташкентте жиналыс ұйымдастырады, оған бұған дейін Ташкент кеңсесіндегі қызметімен көрінген Тұрар Рысқұлов қатысады. Жиналыс К. Төгісов үшін жайлы болмағанға ұқсайды, айдың аяғында ол өзінің саяси белсенділік орталығын асығыс түрде Қазалыға көшіреді, онда 27 наурызда 5000-дай қазақ, өзбек және татар қатысқан (бұларды

кейінірек кеңес деректері мұсылман солдаттары деп дұрыс көрсетпейді) жиналысқа төрағалық етеді. Қолдары бос болмағанына қарамастан, олар 1917 жылғы мамырда болатын бүкілресейлік мұсылмандар конгресіне үш татар, үш қазақ және үш өзбек делегатын сайлайды» [14, 73 б.], – деп жазды. Сонымен айтылған «Үш жүз» партиясының жалпы алғанда қазақ қоғамы сияқты біртекті болған жоқ. Оларға Ресейдегі социалистік бағыттағы партиялар насихаттаған идеялар айтарлықтай ықпал етті. Сондықтан мұндай социалистік бағыттағы партиялар татар, башқұрт сияқты қазақтардың еңбекші халықтары тарапынан белгілі дәрежеде қолдау тапты.

Ә. Бөкейханов пен жоғарыда келтірілген «Үш жүз» партиясының қазақ автономиясы туралы көзқарастарының ұқсастықтары мен қайшылықтары неде деген сұраққа: «Қайшылықтар, – Ә. Бөкейханов көп ұлтты Қазақстан жеке автономия болса, ішімізде орыстар оны қолдайды деп үміттенді, ал «Үш жүздегілер» «Көп орыс аз орысты қазаққа бауырлата қоймайды», – [15] дейді. Ә. Бөкейханов отарлау саясаты нәтижесінде жойылған қазақ мемлекеттігін жаңа жағдайда кіргізе отырып, кейін бөлініп шығу жайын ойласа, «Үш жүз» партиясының мүшелері Қазақстан Түркістан өлкесімен бірлесе отырып, Ресей құрамына федерациялық негізде автономия құруды жөн көрді.

Дегенмен, қай бағытты көздесе де «Үш жүз» партиясы ХХ ғасырдың басындағы қазақ-қырғыз азаттық қозғалысы кезінде мемлекеттілік мәселесін алға жетелейтін партия еді. Ал «Алаш» партиясының басшыларының бірі М. Дулатов және т.б. социалистік бағыттағы «Үш жүз» партиясының қызметіне қарсы болды. Мәселен, олар «Үш жүздің қулары» деген мақаласын жариялап, «Үш жүз» партиясын құрушылар мен басшылары Мұқан

Әйтпенов пен Көлбай Төгісов және партияға мүше Шаймерден Әлжанов, Қазі Торсанов, Ү. Қасабаевтардың қадамдары «Алашқа» қарсы жүргізіліп жатқан істер деп сынға алса «Үш жүз» партиясының қандай партия екендігін қазақ зиялыларының бірі Көшке Кемеңгерұлы: «Үш жүздің» адал саяси партия емес екеніне мынадай дәлел қоямын: 1) Партияға мүшелікке «қырып сал» байларды, жуандарды алды; 2) Бұқарашыл, кедейшіл болып отырып, съезге қазақтың нағыз байларынан, жемқорларынан бадырайтып отырып атын атап, уәкілдерді шақырды; 3) Ұлт айырмашылығына қарсы большевик партиясымен тізгіндесіп отырып, «сары орыстың бәрі-бір орыс, хахолды ердің алдыңғы қасына отырғызбаңыз» деп бағдарлама қойды; 4) Діншілдік ұранын көтерді», – деп жазды [11, 80-81 б.] С. Смағұлова өз еңбегінде.

Қорыта келгенде «Үш жүз» партиясы ұрдажық революцияшылдықтан гөрі, бейбіт жасампаздыққа бейім қызметтер атқарды. Қызмет барысында пікірлері, көзқарастары «Алаш» партиясының бағытына кереғар келуінен шиеленіскен жағдай үшжүзшілердің өмірінің қайғылы аяқталуына әкелді. «Үш жүз» партиясының рөлі мен оның сол кезде атқарған қызметіне берілген объективті баға Қазақстанның демократиялық қозғалысының тарихында Көлбай Төгісовтың есімімен байланысты. XX ғасырдың басы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің жандануы ретінде сипатталады. Ғасырлар бойғы халықтың өкпесі ұлт-азаттық күреске ұласты. Отарлау, әлеуметтік-экономикалық дамудың тежелуі ұлт-азаттық қозғалысқа өзіндік ықпалын тигізді. Экономикадағы түбегейлі өзгерістер ұлттың сана-сезімін оятты. Қазақ қоғамында жаңа идеялардың қалыптасуына ықпал етті. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде ұлттық жас қазақ интеллигенциясының рөлі маңызды болды. Олар халықтың

отарлық езгісін құтқарудың жолдарын іздеді. XX ғасырдың басында Қазақстанда ағартушылық кең көлемде жүрді. Бұл халыққа білім беру жүйесін қамтыды. Нәтижесінде жеке мерзімді баспалар ашылып ары қарай дамыды.

Жалпы үшжүзшілер қолына қару алып тез арада билікті жеңіп алуға тырыспаған. Бұл партияның бағдарламасында политехникалық білім беру, діннің халыққа қызмет етуі, бейбітшілік саясатын қолдау, халықты отырықшылыққа бейімдеу, ұлттар арасын ушықтырмау сияқты мәселелер орын алды. Демек үшжүзшілердің революция жылдарында да ізгілікті демократиялық бағыттан жаңылмағанын аңғаруға болады. Осы бағытта жүру барысында «Алаш» партиясының көзқарасына бірде жақындап, бірде алыстап отырғандығын жоғарыда атағанбыз. Аумалы-төкпелі қиян кескі заманда, тарих сахынасына қатар келген бұл екі партияның ұстаған саяси, қоғамдық, әлеуметтік бағыт бағдарламасы екі басқа, біріне-бірі кереғар қайшы болды. Әрқайсысының өзіндік ұстаған жолында мұндай қарама-қарсылықтың болуы, аласапыран кезеңде, қиян кескі тартыстың үстінде болатын заңды құбылыс, мемлекет жүйесі бір түрден екінші түрге ауысқан кезде болатын заңдылық. Қай партияның да өзінің ұстаған, саяси бағыт-бағдарламасын жүзеге асыруы талас-тартыссыз өтпейтіндігі тарихи шындық. Сондықтан бұл екі партияның талас-тартысын, өзара күресін кінәлауға болмайды. Бұл тақ тартысы емес, халқының мақсат-мүддесі мен мұны үшін күрес. Бұл мәселе төңірегінді арнайы тоқталғаныммен, өзіндік пікір айтудан аулақпыз. Тек айтарымыз қазіргіше айтқанда, оппозициялық бағыттағы партия еді.


Егер де «Алаш» пен «Үш жүз» өз күштерін бір-бірімен күресуге жібермей, керісінше бірігіп қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескенде аса маңызды саяси күшті

құрайтын еді. «Үш жүз» партиясының қоғамдық-саяси қызметін сараптаудың нәтижесінде біз оның демократиялық бағытта іс-әрекет жасағанын көреміз. Қазіргі кезде біз тарихымыздың шынайы оңды-солды мәселелерін толық қалпына келтіруге мүмкіндігіміздің мол екеніне көзіміз

жеткені белгілі. Халқының болашағы үшін өз өмірлерін арнаған жандардың есімі әрқашанда халықтың есінде қалады. Зерттеу жұмысы «Үш жүз» партиясы Қазақстанның ұлт-азаттық және демократиялық қозғалысы тарихында алатын орнының ерекше екенін растайды.

Әдебиеттер

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т.1. – 384 б.
2. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп толықтырылған екінші басылым. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 б.
3. ҚР ПМ. 811 – қор, 23 – тізбе, 218 – іс. 3 п.
4. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
5. ҚР ПМ. 811 – қор, 23 – тізбе, 218^а – іс. 9 п.
6. Алексеенков П. Кокандская автономия. – Ташкент: Узгиз, 1931. – 75 с.
7. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу // Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – Т. 1. – 395 б.
8. ҚР ПМ. 811 – қор, 23 – тізбе, 218 – іс. 6 п.
9. ҚР ПМ. 811 – қор, 23 – тізбе, 218 – іс. 7 п.
10. ҚР ПМ. 811 – қор, 23 – тізбе, 218^а – іс. 21 п.
11. Смағұлова С.О. Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы. – Алматы: Арыс, 2009. – 232 б.
12. ҚР ПМ. 811 – қор, 23 – тізбе, 218^а – іс. 11 п.
13. ҚР ПМ. 811 – қор, 23 – тізбе, 217 – іс. 2 п.
14. Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Ата-мұра, 1994. – 240 б.
15. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т.1. – 384 б.





Автор туралы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» ОӘҒЗО директоры.

About the author: Candidate of Philological Science of Al-Farabi Kazakh National University, Director EMRSC «Til – qural» Akhmet Baitursynuly.

Об авторе: к.ф.н., доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби, директор УМ-НИЦ «Тіл – құрал» Ахмет Байтұрсынұлы.

Райхан ИМАХАНБЕТ

АХМЕТТАНУ МӘСЕЛЕСІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ҺӘМ КЕЛЕШЕГІ

Аңдатпа. Мақалада қазақтың ұлттық ғылымында дара орны бар Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасы туралы орыс оқымыстыларының ғылыми сараптаулары мен отандық замандастарының естеліктері талдап таратылады. Болмысы бөлек Ахмет Байтұрсынұлындай феноменді «Алаш көсемі» деп дәріптеген үзеңгілес рухани замандастарының таным-пайымы бойынша ғұлама ғибратының өміршеңдігі өскелең ұрпаққа танытуды мақсат етеді.

Raikhan IMAKHANBET

PROBLEM AHMET CONDITION: PAST, PRESENT AND FUTURE

Abstract. The article analyzes the scientific expertise of Russian scientists and the memories of Russian contemporaries about the creative heritage of Ahmet Baitursynov, and his unique place in the Kazakh national science. The fact is that the phenomenon of Akhmet Baitursynov is a historical phenomenon of which the Kazakhs dreamed, and the younger generation life and edification of a scientist in the knowledge of his contemporaries, personifying his personality as a “leader of Alash” should be an example.

Райхан ИМАХАНБЕТ

ПРОБЛЕМА АХМЕТОВЕДЕНИЕ: ПРОШЛОЕ НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ

Аннотация. В статье анализируются научные статьи российских и отечественных ученых, посвященные разным аспектам творческого наследия Ахмета Байтұрсынұлы, его уникального места в национальных гуманитарных науках. Феномен Ахмета Байтұрсынұлы – это историческое явление, о котором мечтали во все времена казахи, а для подрастающего поколения политическая и научная деятельность ученого, воплотившего в себе лучшие качества лидера национального движения Алаш, должна быть примером служения народу.

Ахметтану бойынша оның өткені мен бүгінгі, келешегі туралы мәселені төрт кезеңге бөліп қарастыру керек: орыс патшалығы, кеңестер одағы, тәуелсіздік танымы һәм заманауи өркениет кеңістігі аясында қарастыру шарт.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ұлттық ғылымының темірқазығы һәм қазақ халқының көсемі екендігі тұлғаның көзі тірісінде, оның ұлт мүддесі үшін атқарған істеріне қарай, ол өмір сүрген қоғамның берген шынайы бағасы әрі риясыз қошеметі болатын. Қалың түркі жұрты мен нағыз ғылыми ортаның зор құрметіне ие болған ағартушының аяулы есімін айтқызыбаған 1937-1988 жылдар аралығы қасақана жасалған кесепатты кез еді... Тарих – таразы өз өлшемін жасады. Алаш арысын ақтағаннан бері, оның ғылыми мұрасы қаншама зерттеудің нысанына айналды. Бұл күні ғалым мұрасы халқында мыңдаған мақалалар жазылып, жүздеген ғылыми зерттеулер қорғалса да тұлға туралы айтарымыз таусылар емес. Ахметтану тақырыбы ұлттық ғылымның қайнар көзі болып, ғұлама ғибраттары ғасырдан ғасырға ұласатын ұлттық мұраға айналууда.

Қазақ деген ұлыстың ұлт болып қалыптасуының тамыры тереңде, оның бірі-бірімен қатынас құралы ретіндегі ана тілі – сөйлеу тілі болғанымен, жазуы ілгері жұрттың таңбасына тәуелді болды. Ғасырлар бойы озық жұрттың таңбасына таңылу, тіл майданында өзінің тарихи тұлғасы – Ахмет Байтұрсынұлын күрес сахнасына шығарды. Тілімізге төтеден түрен салып, дербестік эпери бақыты – Ахмет Байтұрсынұлының маңдайына жазылған тағдырдың тауқыметті де ең үлкен сынағы болды. «Ахаң түрлеген ана тілінің» ұлт тілі ретінде мойындалуы оңайға түскен жоқ. Сан рет сүзгіден өтіп, талай-талай талқыға түсті. Ғылымы мен білімі озған елдердің ғалымдары да бодан елдің болмысы бөлек баласының бойындағы «ұлттық бұлқынысты» көрді. Дарын

иесі А.Байтұрсынұлының даралығын таныды, әрі үлкен сынақтан сүрінбей өткенін мойындады. Бұған тарихта қалған мұрағат деректері – куә.

Қазақтың маңдайына біткен, бітім-болмысы бөлек Ахметтей феноментұлғаның қиялындағы ұшқыр армандарын іс жүзіне асырған тарихи құбылыс екенін, оны «Алаш көсемі» деп дәріптеген үзеңгілес рухани замандастарының таным-пайымы бойынша ғұлама ғибратының өміршеңдігін өскелең ұрпаққа таныту. Өмір сынағы көрсеткендей, әрбір қоғамның замана илеуіне қарай електен өтетін ұлттық төлбасы – дара туындылары болады. Мәселен, бабалардан мирас болған ауыз әдебиетінің жаңа бір саласы жазба әдебиетінің темірқазығын болу бақыты Абай Құнанбайұлының маңдайына бұйырды. Ұлттың ана тілі қазақ тіл білімі мен әдебиетінің теориясын жазу «*төл әдебиеті бар жұрт қана төрден орын алады*» деген қағиданы ұстанған Ахмет Байтұрсынұлының еншісіне тиді. Зерттеу барысында тұлғаның шығармашылық мұрасын тікелей зерттеп, кеменгердің кемел білім-ілімін келешек ұрпаққа таныту мақсатында жасалған жұмыстар қарастырылады. Атап айтсақ, тілші-ғалым Р.Сыздықова (Ахмет Байтұрсынов. 1990. – 52 б.), Ахаңның немере інісі С.Кәкішев (Ахаң туралы ақиқат. 1992. – 112 б.), өзбек елінің азаматы, қазақ ғалымы М.Д. Жусупов (Фонемография Ахмета Байтурсынова и фонология сингормонизма. 1995. – 176 б.), физик-ғалым М.-Х. Сулейманов (Яркий носитель духа человечности. 1997. – 18 с.), филолог-ғалым Байтелесова Ж. Нега-симая звезда в плеяде казахской интеллигенции. 1998. – 78 с., Публицистика Ахмет Байтурсынова. 1998. – 78 с.), тілші, әдіскер-ғалым А. Қыдыршаев (Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. 1998. – 132 б.), жазушы Б. Илияс (Алтын бесік. 1998. – 260 б.), ақын-журналист Н. Бектемісұлы (Ах-

мет ұшқан ұя. 2001. – 128 б.), әдебиеттанушы-ғалым А. Ісімақова (Возвращение плеяды. 2002. – 294 с.), жазушы Қ. Сәрсекеев (Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі жайлы ой-түйін. 2003. – 80 б.), журналист-ғалым С. Оспанұлы (Ахмет өскен ақындық орта. 2004. – 204 б.), әдебиеттанушы-ғалым Ө. Әбдиманұлы («Қазақ» газеті. 1993. – 168 б., Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. 2007. – 296 б.), әдебиеттанушы Ұ. Еркінбаев («Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. 2008. – 136 б.), Р. Имаханбет (Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. 2010. – 304 б.), А. Ойсылбай (Ахмет Байтұрсынұлы: «Әдебиет танытқыштағы» қазіргі әдебиет теориясы. 2015. – 184 б.), және т.б., да тарихшы ғалымдардың көлемді тақырыпта қарастырган ғылыми зерттемелері бір төбе. Бұдан бөлек академиктер: М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, З. Ахметов, З. Қабдолав, Р. Нұрғали, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, К. Сағадиев, М. Жұрынов т.б. талдаған ғылыми зерттеу мақалалары бар.

Ахметтану тақырыбы аясында жазылған түрлі саладағы зерттеулер де жеткілікті. Осы еңбектердің кейбіріндегі іздену барысында жаңсақ пікірлер мен қате қағидалар тұжырымдауларының себеп-салдарлары шамашарқынша зерттеп-зерделенеді. Қазақта «адасқанның алды – жол, арты – соқпақ» деген қанатты сөз бар. Бүгінгі тәуелсіздік кезеңнің ғылымында қалыптасқан ұлттық ғылымның алтын ғасыры – ахметтану саласында соқпақ болу зерттеудің басты міндеті. Ахметтану мәселелері: сериялық ғылыми жинағының бірінші кітабы ұлттық ғылым: қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеттану ғылымының негіздеуші Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмір жолы, мемлекеттік және қоғамдық қызметтеріне арналған. Сериялық ғылыми жинақ ретінде жарық көргелі отырған бұл электронды оқулық ЖОО

оқытушыларына, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, кітап сүйер қалың оқырманға арналған. Сериялық ғылыми жинақ 4 тараудан тұрады: I-тарау – Ғалым ғұмырнамасы. Мұнда I.1. Торғай Ақкөлінің тастүлегі: Өмірбаяндық деректер, I.2. Әулікөлдегі әфсана: Мұғалімкөлдегі махаббат, I.3. Қарқаралы – Орынбор: Көсемсөздегі кемеңгерлігі (Қазақ газеті), 4. Алаш көсемі: Ұлттық рухтың ұлы тіні, II.3.1. Тіл – құрал: Сөздің жүйесі мен түрлер (1914, 1915). II-тарау – Тілтану тағылымы деп аталады, бұл жерде II.1. Ұлттық жазу: Қазақ әліпбиі немесе Байтұрсынұлы емлесі, II.2. Тілұстарту: Оқу құралы. Қазақша алифба (1912), II.2.1. Әліп-би. Жаңа құрал (1926), II.3. Тілғұмыр: Тіл – құрал: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), II.3.2. Тіл – құрал: Сөйлем жүйесі мен түрлер (1923), II.3.3. Нұсқаулық: Баяншы. Әдістемелік құрал (1920); Сауат ашқыш (1926), II.3.4. Терминжасам: Ұлттық қазақы атау-ұғымдар. III-тарау – Әдебиеттану арналары деген тарау аясында III.1. Мысал жанрын дамытушы: Қырық мысал (1909), III.2. Әдебиеттегі елшілдік ұран: Маса (1911, 1913), III.2.1. Ауыз әдебиеті: Ер Сайын (1923); 23 жоқтау (1926), III.3. Тұңғыш қазақы трактат: Әдебиет танытқыш (1926), III.4. Табылған туындылары: Еленбеген еңбектер (1915-1929), III.4.1. Дағдарыс (1915), III.4.2. Қоян (1915), III.4.3. Туған тілім (1916), III.4.4. Шекіспей бекіспейді (1916), III.4.5. Қалам қайраткерлері жайынан (1922), III.4.6. Баулу мектебі (1925), III.4.7. Емле туралы (1929). IV-тарау – Ахметтану мәселелері деп аталады. Мұнда IV.1. Ахметтану негіздері: Ахаң түрлеген ана тілі, IV.2. ««Қара бұлт» қайдан келді?!»: Саяси қуғын-сүргін құрбаны, IV.3. Қайта оралу: Ана тілдің айбары; Ғасыр саңлағы, IV.4. Аңсау: Ұлт көсемін ұлықтаған ұрпақтар үні. Ахметтанудың негізін салушылардың бірі, 1998 жылы тарихи тұлғаның 125 жылдық

мерейтойында сөйлеген жазушы Әбіш Кекілбайұлының «Ұстаз ұлағаты» баяндамасымен қорытындылады. Жазушы баянатының бүгінгі тәуелсіздік әдебиеттану аясында ахметтану мәселесіне берер мағлұматы мен танымдық пайымы зор деп есептейміз. Ә.Кекілбайұлы: «...біз бүгін қилы заманда туып, қиямет кешіп, мерт тапқан ғазиз жанның атын ардақтап, аруағын ұлықтауға жиналды» деп бастаған лебізінде ғалымды «...кесекті кезеңде келелі істер тындырған кемел ер. Кемеңгер. Ұлы тағдырларды ұлан-ғайыр тарих кеңестігінің ұшан қиырларына үңіліп барып, ұғына аласың... «Ахмет Байтұрсынов – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға» дейді де онысын былайша таратады: «Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Иасауи, Қорқыт, Асан қайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті десер. Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынов оларға ұқсайды да, ұқсамайды. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді. Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынов ондай жол Қорқыт пен Асан қайғыдай үйренші үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Иасауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді» дейді.

Жазушы Ә.Кекілбайұлы қайраткердің ешқандай атланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген, көрген... ..Басының

тәуекелімен бүкіл бір ұлттың тәуекелінің түгел оянуына түрткі болған «теңдессіз тарихи тұлға» деп бағалайды, ұлт ұстазының ұлағатына тамсана отырып, оны ұрпақтар үлгі алатын «тағылым мектебі» деп пір тұтады. Мұнан шығар қорытынды тарихи тұлғаның есімі ортамызға оралғаннан бері қаншама сүбелі еңбектің жазылғаны. Зерттеулердің қайсысы болмасын, ғалымның қайраткерлігі мен шығармашылық мұрасын жекелеген тақырып аясында талдау, не жалпылама түрде шолу жасаумен шектеліп қана қоймай, бүгінгі тәуелсіз кезеңдегі әдебиетпен, не мәдениетпен байланыстыра қарастырады. Бұл дегеніміз ғалым ғибратының ұрпақтан ұрпаққа жалғасты алтын көпір екендігінің дәлелі. Яғни, Әбішше толғансақ, «...кесекті кезеңде келелі істер тындырған кемел ер, кемеңгердің» мәңгі келбетін көреміз. Иә, қандай да бір ұлттың тілі туралы сөз қозғағанда, тіл төңірегіндегі түрлі таласты әңгімелердің тууы заңды. Тіл туралы ұғымның ауқымы өте кең. Адам бар жерде оның тілі болады, яғни, қандай да бір тіл ұлт бар жерде тіл пайда болады. Сол ұлтпен бірге өмір сүреді. Егер ана тіл жоғалса, онда біртіндеп ұлт та жоғалады. Сондықтан ұлт ретінде қоғамдағы орныңды анықтау үшін тіл майданы кез-келген ортада өз-өзінен туындайды. Тіл майданында тілдің саяси астарына үңілуді, төл тіліңнің тағдыры үшін күресуді үйретеді. Міне, осы тұста толып жатқан тілдердің бір-бірімен «ұлы айқасы» басталады. Айқастың аты – айқас. Бірі – жеңіліп, бірі – жеңуі тиіс. Мұндайда түрлі қитұрқы әрекеттер бас көтереді, жымсықы саясаттар да тұстұстан анталап, тоқпағы күштілердің саяси бағыттары басшылыққа алынып іске асырылады. Ал, тіл саясаты дегеніміз қандайда ұлыс «ұлт» ретінде қалыптасқан күннен бастап, қатар жүретін егіз ұғым. Ұлт үшін оның тілінің атқаратын маңызы өте зор. Кім

өзінің тілінің түп-тамыры жоқ немесе «тілдік қоры аз» деп, өзге «басым тілдің» жетегіне еруші еді?! Әлбетте, кеудесінде жаны, жүрегінде намыс оты бар сауатты адам өзінің ана тілін қорлатпайды. Сонымен, тіл майданы дегеніміз тірлікте күн тәртібінен түспейтін күрделі де саяси маңызы зор мәселе. Тарих төрінен орын алатын ұлттың «тілі – озық, мәдениеті – жоғары» болатыны айтпаса да түсінікті. Өзінің ылқым заманнан атамекені анық ұлыстардың тіл майданынан қалыс қалуы мүмкін де емес.

Қазақ деген ұлыстың ұлт болып қалыптасуының тамыры тереңде, оның бірі-бірімен қатынас құралы ретіндегі ана тілі – сөйлеу тілі болғанымен, жазуы ілгері жұрттың таңбасына тәуелді болды. Ғасырлар бойы озық жұрттың таңбасына таңылу, тіл майданында өзінің тарихи тұлғасы – Ахмет Байтұрсынұлын күрес сахнасына шығарды. Тілімізге төтеден түрен салып, дербестік әперу бақыты Ахмет Байтұрсынұлының маңдайына жазылған тағдырдың тауқыметті де ең үлкен сынағы болды. «Ахаң түрлеген ана тілінің» ұлт тілі ретінде мойындалуы оңайға түскен жоқ. Сан рет сүзгіден өтіп, талай-талай талқыға түсті. Ғылыми мен білімі озған елдердің ғалымдары да бодан елдің болмысы бөлек баласының бойындағы «ұлттық бұлқынысты» көрді. Дарын иесі А.Байтұрсынұлының даралығын таныды, әрі үлкен сынақтан сүрінбей өткенін мойындады. Бұған тарихта қалған мұрағат деректері – куә.

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», «Дербес өмірге төл әдебиеті бар халық ғана таласа алады» деп, ХХ-ғасыр басында айтқан ұлт ұстазын тәуелсіздік кезеңдегі ғылыми орта қалай тануда және танытуда. Мұрағат деректеріне сүйенсек, ахметтанудың ғылыми тұжырымдалуы 1919-жылы шығыстанушы ғалым Александр Николаевич Самойловичтің «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» деген мақалас-

ынан басталғаны мәлім [1]. Бұл мақала 1930-жылы А.Байтұрсынұлын «халық жауы» деп түрмеге қамаған тұста, Мәскеуде жарық көрген «Литературная энциклопедия» атты жинақтың 1-томында жарияланды [1, Б. 305-306]. Бір ғажабы, орыс ғалымдары арасында адам басында болып жататын қоғамы түрлі қайшылықтарға қарамастан, ғылымдағы жетістігі бағаланған. Өз Отанымызда А.Байтұрсынұлының еңбегі қасақана қараланып жатқанда, орыс ғалымдары аталған жинақтың 1931-жылғы 5-томына Қазақ әліпбиін «Байтурсуновский алфавит» деп енгізеді [2, 23-б.]. Міне, нағыз ғылымдағы адалдық, ғылыми жетістіктің бағалануы!

1924-жылы Е.Д.Поливанов «Қазақ-қырғыздың жаңа (Байтұрсынов) орфографиясы» [2, 35-б.], 1928-жылы Н.Ф.Яковлев «Әліпби құрылымының математикалық жүйесі» туралы ғылыми мақалалар жазды [2, 41-б.]. 1974-жылы А.Н.Кононов «Байтұрсынов Ахмет Б.» деген анықтамалық-мәлімет жариялағаны тарихтан мәлім [2, 115-б.]. Түркітанушы А.Самойлович мақаласында А.Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігін биографиялық шолуда: «...қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы» деп жазған [1]. Осы ғылыми мақаланы негізге алсақ, ахметтану 1922-жылғы Міржақып Дулатұлы мен Елдес Омаровтың мақалаларынан да ертерек, 1919-жылдан басталған. Шығыстанушы мәліметіндегі: «*көрнекті қазақ ақыны*», «*журналшы*», «*педагог*» деген танымдық сипаттаулар дәл сол уақытта ағартушының атқарған жұмыстары болатын. Ал қазақ зиялылары тарапынан 1922-жылдан бастап зерттеліп, бағаланып жүрген «Қазақ» газеті туралы А.Самойлович «...қазақ халқының қоғамы-мәдени санасын оятушы басылым» деп, айырықша атап айтса,

«Қырық мысалдағы» қазақы сипат пен өрнекті тілді «А.Б.-ның тілі лирикалық шығармаларында қарапайым, өзінің бай, көркем, поэтикалық мәнерімен ерекшеленеді» дейді [1, Б. 305-306]. Орыс ғалымы берген нақты әрі құнды тұжырымның қазақ зиялыларынан 3 жыл бұрын айтылғаны жөнінде тұлғаға арналған ғылыми конференциялық жиындарда мәселе көтерілгенімен, еленбей келеді. Нақтырақ, А.Самойловичтің ғалым туралы «қазақтың бірінші көрнекті лингвист-ғалымы» деп түйіндеген сипаттамасы ахметтану мәселесінде үстірт қаралып, ғылыми айналымға түсіре алмаудамыз. Айту, жазу бар, нәтиже жоқ.

1924-жылы А.Байтұрсынұлы түрлеген қазақ әліпби жөнінде профессор Е.Д. Поливанов: «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп бағалайды [2, Б. 35-43]. Ғалымға берілген осы бағаны отандастары қалай қабылдады?! Бұл жөнінде 1923-жылы ғалымның ізбасар шәкірттері – М.Әуезов, Т.Шонанов, Е.Омаров мақалаларында емле туралы бірі: «...Ақаң түрлеген ана тілі» десе, екіншісі: «...Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына, (...) әлемдік мәдениетпен араласуға, (...) халық мектептерінің өркендеу жолына алып адым жасағаны анық» деп, ал үшіншісі: «Қазақ әліпбиі», «Дыбыс һәм сөз жүйесі» оқулықтары қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелді» деп, өз тұсында қазақ жұртшылығы тарапынан зор қошеметтелгенін айтады.

1928-жылы Н.Ф.Яковлевтің «Математический формула построение алфавита» атты мақаласының мән-маңызын ашып, ғылыми айналымға түсіру – бүгінгі қазақ тілі ғылымындағы лингвист-ғалымдардың еншісіндегі міндет. Осы мақаладағы Байтұрсынұлы әліпбиіне қатысты тұстарына тоқталсақ, «...әліпби түрлеу, түзу барысында үндестік заңын сақтағанын,

дыбыстарды жүйелеуде өте икемді қалып тапқанын» айтады [2, Б. 41-45]. Жалпы, қоғам қайраткерінің өмір жолына қатысты мақалалар өз Отанымызда негізінен, оның 50 жасқа толуы қарсаңында жазылып, мерзімді БАҚ-та жарияланғаны туралы жиі жазылып жүр. Мәселен, тұлғаға деген ең алғашқы құрмет 1922-жылы 2-тамызда Ташкенттегі Қырғыз-қазақ институтында Алты Алаштың бас қосқан жиынында тұңғыш көрсетілгені туралы «А.Б.-ның Ташкентке сапарының мақсаты – Түркістандағы екі облыс Жетісу мен Сырдарияны Қазақстанға қосу болған. Бірақ сол жылғы Ташкентте шыққан «Ақ жол» газеті бетіндегі «Лайықты қошемет» атты мақалада А.Б.-ның іс-сапарынан гөрі, оның жеке басына көрсетілген ықыластары жазылғандығы» айтылады [3, Б. 328-330]. Мақаланы 10-қыркүйекте Алматыда шығатын «Тілші» газеті көшіріп басады. Аталған мақалалар хақында журналист-ғалым Т.Қожакеев пен әдебиет зерттеушісі Д.Қамзабекұлы 1991-жылы кирилл жазуына түсіріп, ғылыми ортаға тың дерек әкелгені белгілі. Д.Қамзабекұлы «Қазақ әдебиеті» апталығына «Ақаңның алдында» (1996), «А.Байтұрсынұлының Ташкентке сапары» (1997) зерттеу мақалаларын жазды. Соңғы мақаласы жан-жақты талданып, 1997-жылы жарық көрген «Руханият» ғылыми зерттеуіне енді. Өкінішке қарай, бұл мақалалар да ахметтану мәселесінде назардан тыс қалып келеді. Атап айтсақ, осы «Лайықты қошемет» мақаласы А.Б.-ның еңбектеріне жатқызып жүр, нақтырақ, 2001-жылы «Ұлы тұлғалар» сериясымен шыққан «Ұлттың ұлы ұстазы» библиографиялық-анықтамалықтың 250-бетінде: «96-реттік нөмірде «Лайықты қошемет // Тілші. – 1922. 10 қыркүйек. Ташкенттегі қазақтарды көшіріп әкелу» деген көрсеткішпен ғалым еңбектерінің тізіміне енген. Кітаптың 190-бетінде: «А.Б.-ның өмірі

мен еңбектері туралы әдебиеттер» қосымшасының 362-реттік нөмірінде: «Лайықты қошемет // Социалистік Қазақстан. – 1991. 12 қаңтар. Бұдан 68 жыл бұрын. Материалды газетке әзірлеген Д.Қамзабекұлы» деген мәлімет береді. Қос материалдың атауы айтып тұрғандай басылым көру мерзімінің біркелкілігі, оның түрлі авторға тән еместігін айғақтайды.

Әдебиетші Р.Нұрғали «...алаштың екі алып азаматы А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы ауылдас, аталас, ең бастысы бұлардың ұлы күрес жолындағы рухани туыстығы – қазақ тарихындағы қымбат та қастерлі беттердің бірі» деп бағалайды [4, Б. 12-35]. Ол М.Дулатұлын – ахметтанудың негізін салушы, яғни бірінші болып ахметтанудың іргесін қалаған қаламгер деп, мақаланың мазмұнын ашып, «Міржақып – алғашқы ахметтанушы» деген тұжырым жасады. Өлбетте, М.Дулатұлы қазақ ортасынан шыққан бірінші ахметтанушы екені даусыз. Міржақыптың алдына одан бұрын мақала жазған А.Самойловичті шығарса, мұнан Міржақыптың ахметтанушылығы төмендеп қалмайды. М.Дулатұлының очеркімен қатар, Е.Омаровтың мақала жазғаны қайта басылымдарғы алғысөздер мен түсініктемелерде аталғаны болмаса, әлі күнге ғылыми ортада қажетті дәрежеде талданып, таратылмай келеді. Замандас інісі Е.Омаров «А.Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігі» деген мақаласында: «...күллі қазақ даласы біледі, оның талантын жоғары бағалап құрмет тұтқанымен, бәрібір оны дұрыс түйсініп бағалай білмейді» деп жазады. Елдес Ахметтің қазақ грамматикасына ерекше өзгерістер кіргізіп, баға жетпес жаңалық әкелгенін қазақ жұртының санасы әлі түйсініп те, түйсініп те болған жоқ. Мейлі Байтұрсынұлының қаламынан ертеден келе жатқан қазақ тілінің ережелері қамтылған қағидалар мен көп томдықтар жазылмаса да оның «Қазақ әліпбиі» мен «Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі» оқулықтарының

өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі, қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелгенін тілші-мамандарға ғылыми жүйеде талдауы арқылы түсіндіреді. Қазақ грамматикасында ертеде қаншама оқулықтар жазылса да, олардағы өзгерістердің аңғарылмайтынын, ислам дінімен кірген араб жазуының қадимшеленген нұсқасының да қазақ дыбыстарының ерекшеліктерін қамти алмағанын айтады. Ал Ахметтің көлемі шағын ғана оқулықтарына аз сөзбен, саз жүйені сыйғызған жаңалығы, реформатор тарапынан түрленген қосар дыбыстардың қазақ тіліне тән түрлі дыбыстарды дәл бере алатынын нақты деректермен көрсетеді. Қорыта айтқанда, бұл ғылыми зерттеу мақала Е.Омаровты ахметтанушы деп айтуға толық негіз болады.

Ғалымның үзенгіліс замандасы Т.Шонанұлы да 1923-жылы тұлғаның қайраткерлігі туралы «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсынов в области народного просвещения и литературы» деген ғылыми мақала жазған. Мақала жарияланбаған. Т.Шонанұлының қолжазбасын мемлекет мұрағаттың қорынан алып, жұртшылыққа ұсынған мұрағат қызметкері әрі филолог Бейсенбай Байғалиев. Оның дайындауындағы материал 1992-жылы жарық көрді. Мақаланы «Әдеби мұра» ретінде ұсынған «Жұлдыз» журналы редакциясы: «...Оқырман назарына ұсынылып отырған мақала 1923 жылы А.Байтұрсыновтың 50 жасқа толған мүшелтойына арнап жеке кітап ретінде шығару мақсатымен орыс тілінде жазылған. Бірақ жарық көрмеген. Мақала қолжазбадан аударылып беріліп отыр. Қолжазбаны Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архивінің №544 қорынан алып жариялауға дайындаған – Бейсенбай Байғалиев» деген маңызды зор мәлімет береді [5, 123-б.].

Осы ақпараттық мәлімдеме біріншіден, 50 жасты «мүшелтой» деп жаңылысады, бұл негізінен дөңгелек,

яғни мерейтой. Мұсылмандардың жыл қайыруына сүйенсек, алғашқы мүшел – «13 жас», осыған 12-і еселеніп отырады. Мақала қолжазбадан дайындалғаны айтылғанымен, түпнұсқаның тағдыры туралы ақпарат берілмейді... «А.Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» деп қазақшаланған бұл мақаланың ғылыми ортаға беретін жаңалықтары аса құнды. Лингвист Т.Шонанұлының мақаласындағы ерекшелік – А.Байтұрсынұлының өлеңдерінен алынған үзінділердің орыс тіліне аударылуы мен олардың шығу тарихына түсінік талдау беруі. Сондай-ақ, тұлғаның қазақ халқына жасаған қызметі туралы: «...қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектебін бір жағынан, дүмше молдалардан, екінші жағынан патша миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет етті» деп жазады [5, 125-б.]. Оның тіл саясатында кемеңгер күрескер екені және қазақ үшін жаңа әліпбиді тұңғыш рет түрлеп-түзудегі ірі құбылыстың тізгінін ұстағанын ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Т.Шонанұлы жаңа әліпбидің ерекшеліктерін былайша жіктейді: «Біріншіден, А.Байтұрсынұлы әліпбиі тіліміздің таза сақталуына. Екіншіден, әлемдік мәдениетпен араласу жолын жеңілдетуі. Үшіншіден, халық мектептерінің өркендеуіне алып қадам жасағаны анық» деп жазады. 1915-1916-жылдары Түркі халқының тілі таласқа түскенде Ахметтің ана тілімізді қорғап, «Шекіспей, бекіспейді» мақаласы мен «Туған тілім» деген өлең жазғанын айтады. Ғылыми талдауында мақала мен өлеңнен үзінділер келтірген.

1998-жылғы «Қазақ» газеті басылымында «Шекіспей, бекіспейді» деген мақала мен «Туған тілім» атты өлеңнің 1916-жылы «Қазақ» газетінің 167-санында жарық көргенін, мақаланың авторсыз, ал өлеңнің «Байқаушы» деген бүркеншек есіммен берілгені туралы қысқаша ақпараттық мағлұмат берілген [6, Б. 505-524]. Мақала жинақтың 265-267-беттерінде беріледі,

өлең мәтіні қарастырылмаған. Ғылыми зерттеулерді сараптау барысында «Туған тілім», «Дағдарыс» атты өлеңдері жөнінде әдебиетші Б.Байғалиевтің 1989-жылы «Жетісу», «Коммунизм таңы» облыстық газеттерде танымдық мақалаларын кездестірдік [6]. Өлеңдер Ахметтің аты ақталғаннан кейін жарияланғанына қарамастан, алғашқы қайта жарық көрген 1989, 1991-жылдардағы әдеби шығармалар жинағына енбеді.

Т.Шонанұлының мақаласы ғалымның 125 жылдық меретойына орай шығарылған «Ұлттық рухтың ұлы тіні» атты ғылыми жинақта: *«Мақала әуелгі, орыс тіліндегі нұсқасында тұңғыш жарияланып отыр. Қолжазба – Қазақ КСР Мемлекеттік Орталық архивінен алынды. №544 қор, 1-тізбе, 104-б»* деген ерекше-ескертумен жарияланды [6, 39 б.]. Осы жерде назар аударатын жайт: осындай сілтемені Б.Байғалиев 1995-жылы «Санат» баспасынан, тарих ғылымының докторы, профессор Қ.Тәкеновпен бірге дайындап шығарған Т.Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» атты қайта басылған кітабының 216-бетінде: «Телжан Шонанұлының мақалалары» атты хронологиялық тізімде де 6-реттік кезекте айырықша атап өтеді. Мұнда «104-б» дегеннің орнына «іс» деп көрсеткен. Көрсетілген сілтемелер бойынша қолжазбаның түпнұсқасымен танысу үшін ҚР ОММ-ның «544-қор, 1-тізбе, 104-б.»-ке сұраныс жасағанымызда, папкінің бос екендігі анықталды. Өкініштісі, тарихи деректі құжаттармен танысуда мұндай «суыққолдылық» жиі кездеседі. Мұндай келенсіздіктің белең алуы ұлттық мәдени болмыстың төмендігінен. Болмаса «менде ғана болсын» деген мешеулікпен туған пендешілік. Басқаша теңеу жоқ. Осыған ұқсас ахуалдар Республикалық Ұлттық кітапханада да орын алған. Мәселен, «Байтұрсынов Ахмет түрмеде жатқанда чекіспен әңгіме» атты мақаламен танысу мақсатында «Торғай таңы»

газетінің 6-маусымдағы 85-нөмірін, 1991-жылғы тікпені көтерткенімізде «сұраныс жасаған нөмір» орнында жоқ болды. Н.Машақанованың «Байтұрсын мен Ақтас» деген мұрағат құжаттарын сөйлеткен деректі мақаласын мемлекеттік мұрағаттағы тарихи деректермен салыстыра оқу үшін «Жұлдыз» журналының 1990-жылғы 10-нөмірін қарағанымызда 200-203-беттерінің қырқылғанын көріп, қатты қынжылдық. Мұндай дөрекі өрескелдік – кейбір адамның адалдығының кемдігі, мәдениетінің жадаулығын аңғартса керек.

1999-жылғы жинақтың редактор бағанында: «...Т.Шонанов мақаласында аталған «Шекіспей, бекіспейді», «Туған тілім» сияқты шығармалары әлі қолда жоқ» деген мәселе көтереді [6, 5-б.]. 1998-жылғы «Қазақ газеті» жинағында осы туындылар туралы мағлұмат берілуімен қатар, «Шекіспей, бекіспейді» атты мақала тұтас жарияланған. Мәселен, «Туған тілім» атты өлеңнің Т.Шонанұлы мақаласында берілетін алты жолды, яғни, «Кенің бай, келімің мол туған тілім, Дыбыстың сөз теріп буган гүлін. Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен. Мен ... құтыла алмас құсам білім. Мен болман болдырамын татар десең, Мен жатпан босағанда жатар десең» деген үзінді 1916-жылғы нұсқамен салыстырғанда өлеңнің 1-шумағы мен соңғы шумағының екі жолы қамтылғаны анықталып, өлеңнің авторы бір адам екені белгілі болды.

Орыстілді ортаға (аудиторияға) ұғынықты болсын деген ниетпен осы өлеңді Т.Шонанұлы былай аударған: «...Богат и гибок мой родной язык, Звуки образуют чудный букет слов. Ты быстр, обгоняешь бегунов, Ты не сешь нам культуру. Тебя ничем не заставит отатариться, Тебя не заставит валяться в передней». Салыстырып-сараптауда бірінші шумақтың 4-тармағындағы оқылмай көп нүкте қойылған екінші сөздің «тосып» деген сөз екенін, жетінші шумақтың 2-тармағындағы «босағанда» деген

сөздің «бір бөлменде» деп жазылғанын анықтадық. Дегенмен, бұл болмашы өзгерістер өлеңнің мазмұнына нұқсан келтірмейтінін, қайта «босағанда» деген сөздің мәндірек, тіпті ұйқас буын болып, жатық оқылатынын аңғардық. Т.Шонанұлы бұл сөзді «жуан буын» жасау үшін әдейі өзгертсе керек. «Алмастың ажарын алмас ашады» деген ғұлама Гейненің ғибратына жүгінсек, Телжанның – Ахметті, Ахметтің – Телжанды «түзетулері» өте жарасымды емес пе?! Телжанның осы арнау-мақаласы бүгінгі тәуелсіздік кезеңінің әдебиеттану ғылымындағы қалыптаса бастаған ахметтанудың бағыт-бағдарларын анықтауда, нағыз көмекші. Сондықтан «Т.Шонанұлын ахметтанушылардың бірегей білгірі» деп тануымыз орынды.

1923-жылы тулғаның 50 жасқа толу мерейтойына орай, С.Сейфуллин, М.Әуезовтер мен «Ақ жол» газетінің басқармасы тарапынан танымы терең құттықтау мақалалар жазғаны, бұл мақалалардың ахметтану мәселесінде үлкен рөл атқарғанын, бүгінгі ғалымдар зерттеу еңбектерінде таратып талдап, жазып жүр. Мақалалардың құндылығы соншалық, бірнеше рет басылым көргенін атасақ та жеткілікті. Осы материалдардағы мәліметтерді негізге алушылар А.Байтұрсынұлының туған жылын «1873» деп жүр. Естелік-мақалалардың берері мол, тағылымы терең екенін теріске шығармаймыз. Бірақ онда келтірілген датаны «қатып қалған қағидалар» көзіне айналдыру, оны кейінгі жинақтарда үнемі негіз етіп алу – бүгінгі жетілген ғылымдағы жетістіктерге «мін» болып тиетінін аңғару, оны ғылыми ортаға аңғарту, тіпті «терісті терістеу» заңына сүйеніп, ақиқатын айту – зерттеудің міндеті. Өйткені, тәуелсіздіктің арқасында «көмбеде» жатқан мұрағаттармен танысу мүмкіндігі туды?! Ал тарихи деректердегі құнды құжаттар мен соны айғақтарды сөйлету – өзекті һәм қажетті мәселе.

Жоғарыда аталған ғылыми зерттеулер мейлі арнау мақалалар болсын, қазақ тілі деген үлкен ұғымды, бір ұлттың ылқым заманнан келе жатқан атауын қасақана ысырған «саясаттан» тайсалмаған тұлғаның туындыларын қамтыған теңдесі жоқ материалдар. Бұл мақалалардың мәтініне қайта үңіліп, мазмұнына тереңдер болсақ, ахметтану мәселесіндегі тұлға келбетін байыта түсері сөзсіз.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлының танудағы негізгі бағытты бірнеше салаға бөлуге болады: қазақ тіл білімі, әдебиеттану, педагогика, тарих, заң, философия, экономика, экология, көсемсөз салалары т.б. Осылардың ішінде Қазақ филологиясының тіл, әдебиет кафедраларында ғана ахметтану ілімі факультатив ретінде оқытылып жүр.

Жалпы, аталған салалар бойынша жазылған еңбектер легі жеткілікті, бұл күні А.Байтұрсынұлының мұрасы бойынша 50-ге жуық кандидаттық, 20-дан аса докторлық диссертациялар қорғалды. Әлбетте, бұл жазылған ғылыми зерттеулер біліктілігі жағы-

нан өз салалары бойынша толық меңгерілген тақырыптар екені даусыз, ендеше ахметтану курсы ЖОО-да пән ретінде оқытатындай зерттеу жұмыстарының қоры жинақталды. Алаш арыстары ақталғаннан кейін шығармалары қайта басылып, әдебиеттану ғылымына «Алаш әдебиеті» деген үлкен арна қосылды. Осыдан бастап А.Байтұрсынұлының ғұмырбаянын, шығармашылығын тану, оны келер ұрпаққа таныту аясында тілші, әдебиетші, тарихшы, педагогика т.б. мамандар ғылыми-зерттеу жұмысын қорғап, нәтижесінде жекелеген монографиялық еңбектер жарық көруде. Әлбетте, олардың зерттеу нысандары ғалым замандастарының мақалалары.

Атап айтсақ, М. Дулатұлы, Т. Шонанұлы, Е. Омаров, С. Сейфуллин, М. Әуезовтей әдебиет алыптарының мақалары бүгінгі ұрпаққа ғалымның өмірнамасын, шығармаларын жан-жақты танытуда негізгі дерек көзі. Демек, ахметтану, оның әдеби, ғылыми шығармашылық мұрасын таныту – ол өзі өмір сүрген кезеңнен бастау алатыны басы ашық нәрсе.

Әдебиеттер

1. Самойлович А. Литература турецких народов // Литературы Востока. Вып. I. – Петербург, 1919.; А.Б.Байтұрсынов. Кратк. биогр. справка. Подпись: А.С. // Литературная энциклопедия. (Отв. ред.: В.Фриче). – Москва, 1930., Том 1., С. 305-306; Казакский (Байтұрсуновский) алфавит // Литературная энциклопедия. (Отв.ред.: Луначарский). Т. 5., – Москва, 1931., С. 23.
2. Поливанов Е. Новая казак-киргизская (Байтұрсуновская) орфография // Биолетень Среднеазиатского государственного университета. Вып. 7. – Ташкент, 1924., С. 35-43; Яковлев Ф. Математическая формула построения алфавита // Культура и письменность Востока. Книга I. – Москва, 1928., С. 41-64; Кононов А. Байтұрсунов Ахмед Байтұрсунович // Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период). – Москва: Наука, 1974.-342 с., С. 115.
3. Қожақеев Т. Қым-қуыт іздер. – Алматы: Санат, 1999.-400 б., Б. 328-330, 355-358; «Лайықты қошемет» (Ахана жасалған құрмет жайында. Мақаланы дайындаған: Қамзабекұлы Д) // Социалистік Қазақстан, 12 қаңтар 1991; Қамзабекұлы Д «Ақаңның алдында» // Қазақ әдебиеті №11, 12 наурыз, 1996; Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы: Білім, 1997.-272 б., Б. 88-100, 99-107,171-200.
4. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002.-528 б., Б. 12-35.
5. Омаров И. Ученая деятельность А.Байтұрсунова // Труды Общества изучения Киргизского края. Выпуск 3, Оренбург, 1922.
6. Шонанұлы Т. Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында. Наурыз, 1923 жыл (Дайындаған: Байғалиев Б) // Жұлдыз №2, Б. 123-128, 1992.
7. Байғалиев Б. Ахметтің кейбір өлеңдері мен аудармалары // Жетісу, 13 қаңтар 1989; Коммунизм таңы, 21 қаңтар 1989; Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999.-568 б., Б. 39, 250-261.

Алғашқы «Айқаптың» авторы



Сыртанов Барлыбек
(1866-1914)

Бұрынғы Жетісу облысының Қанал уезінде туған. Ерний гимназиясын бітірген соң, Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетін араб-парсы тілдері бойынша бірінші дәрежелі дипломмен тәмамған. Жетісу облыстық басқармасында жауапты қызмет атқарған. «Айқап» журналында «С.Б. Алашинский» деген бүркеншік атымен мақала, хабарлар жазған. «Дала уалаятының газетінде», «Алатау баласы» деген лақап атымен мақалалар жариялаған.

Автор туралы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к.

About the author: Al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Philological Science.

Об авторе: доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби, к.ф.н.



Кенже КҰРКЕБАЕВ

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУДЫҢ «АЛАҢ ДА, АЛАҢ, АЛАҢ ЖҰРТ» ТОЛҒАУЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК КЕСТЕ

Андатпа. Бұл мақалада XV – ХУІІІ ғасырдағы жыраулар поэзиясына шолу жасала отырып, атакты Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауындағы сөздердің функциональдық жұмсалымы талқыланады.

Мақалада жыраулар поэзиясының тілдік ерекшелігі философиялық терең ой мен дидактикалық мазмұнға, сан алуан экспрессия мен эмоцияға, өсиет-нақыл сөздер мен афоризмдерге, соны тіркестер мен синтаксистік параллелизмдерге, дыбыс үндесулері мен ішкі ұйқастарға, ырғақтық топ пен лингвопоэтикалық интонацияға толы екендігі көрсетіледі.

Kenzhe KURKEBAYEV

LINGUOPOIETIC MOTIFS IN THE WORKS OF ZHYRAU

Abstract. In this article, the author examines versatile functional use of words in the product Kaztugan zhyrau «Алаң да алаң, алаң жұрт» .

The article considers linguistic features zhyrau as deep philosophical content, didactic foundation works fullness of poetry and emotional expression of different shades, the presence of aphorisms and sententious phrases, as well as psychological and syntactic parallelism, the harmony of sounds and their Linguistic poetry intonation.

Кенже КҰРКЕБАЕВ

СВОЕОБРАЗИЕ СРЕДСТВ ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТИ В ТОЛҒАУ ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ «АЛАҢ ДА АЛАҢ, АЛАҢ ЖҰРТ»

Аннотация. В статье рассмотрено своеобразие поэтики Қазтуғана жырау. Определены основные темы его философских толғау, сделан лингвопоэтический анализ некоторых лексем, определяющих их содержание, дана интерпретация образа-символа жұрт.

Жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмір тарихын өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген лингвопоэтикалық асыл мұрамыз.

Жыраулар поэзиясы XV ғасырдағы Қазақ хандығы құрылғаннан бастап қалыптасып дами бастады. Жыраулар шығармаларының асыл өзегі ақыл-өсиет пен ел мұраты. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары – туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиеттерді насихаттау. Жыраулар поэзиясы – халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтары мен елдің сол дәуірдегі саяси-әлеуметтік тұрмыс тіршілігін, ой-санасы мен ақыл ойын, дүниетанымдық болмысын көркем де бай құнарлы да бейнелі тілмен айшықтайды.

Жыраулар поэзиясының тілдік ерекшелігі философиялық терең ой мен дидактикалық мазмұнға, сан алуан экспрессия мен эмоцияға, өсиет-нақыл сөздер мен афоризмдерге, соны тіркестер мен синтаксистік параллелизмдерге, дыбыс үндесулері мен ішкі ұйқастарға, ырғақтық топ пен лингвопоэтикалық интонацияға толы.

Жыраулар мектебінің осындай көрнекті өкілдерінің бірі – Қазтуған Сүйінішұлы.

Қазтуған Сүйінішұлы (шамамен 15 ғасырда өмір сүрген) – жырау, жорық жыршысы, қазақ эпосын жасаушылардың бірі. Қазтуған жыраудың артынан өмір, болмыс туралы, атамекен, туған ел жайлы және әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырдан құралған мол мұра қалған. Бірақ жыр толғауларының көпшілігі сақталмай тек бізге жеткен шығармаларынан қазіргі кезде «Бұдырайған екі шекелі», «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Белгілі биік көк сеңгір» деп аталатын үш толғауы ғана бар. Алайда аталған үш шығарманың өзінен-ақ Қазтуған жыраудың қазақ әдебиет тарихынан

берік орын алғанына көз жетіземіз. Жыраудың қиялының ұшқырлығы мен кендігі, суреттеу тәсілдерінің байлығы мен әсемдігі орта ғасырларда қазақтың ақындық өнерінің жоғары дәрежеде әрі өзіндік сипатқа толы болғанын айғақтайды.

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт.
Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менім ордам қонған жер,
Жабағалы жас тайлак
Жардай атан болған жер,
Жатып қалып бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер,
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
Ботташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас,
Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт!..

Толғау мәтініне лингвистикалық талдау тұрғысынан келсек, Қазтуған жыраудың бұл толғауындағы көпвекторлы қолданысқа ие сөздер мен тіркесімдер қатарына жұрт, алаң жұрт тілдік бірліктерін жатқызуға болады. Поэтикалық мәтінінде жұрт, жер тірек сөздерінің семантикалық болмысы автор идеясының тұжырымы мен қорытындысын айқындап тұр.

Сөз мағынасының тіркесімділігі тұрғысынан алғанда алаң жұрт тіркесінде алаң сөзі өзінің тура етістік мағынасындағы «беймазалану, әбігерлену, алаңдау» мәніндегі функциональдық қолданыста емес, керісінше ұжымның сол дәуірдегі тілдік санасындағы контекстік тіркесімділікке сәйкес «қолайлы, жайлы, берекелі» мағынасында жұмсалып тұр.

Яғни Қазтуған жырау қолданған алаң жұрт тіркесінің функциональдық қолданысы мен контекстік мағынасы бұл өлең мәтінінде Еділ мен Жайықтың арғы түпқазығы түркі жұрты үшін, ал бүгіндегі мұрагері қазақ халқы үшін құтты қоныс, қимас Атамекен екенін философиялық терең ой мен поэтикалық сөз образы арқылы шебер қиюластырып атамекен, туған жер, қонысқа жайлы, көгорай, шалғынды жер мағынасында қолданған.

Жұрт сөзінің толғау мәтініндегі тармақ соңындағы қайталануы сөз образға ой екінін түсіріп, ұйқас құрауға ұйтқы болып, антитезалық параллель мағынасында білдіріп тұр.

Осы мәтіндегі тірек сөз ретінде жұмсалған жұрт сөзінің тілдік табиғатын академик Р.Сыздық былайша топшалайды: «Жұрт. Аса Жұрт. Астана жұрт. Ауыр жұрт. Байтақ жұрт. Ескі өлең-жырларда жұрт сөзінің осындай қолданыстары жиі кездеседі. Бұларда жұрт – терминдік қызметте, яғни «ел, белгілі бір этникалық құрам және оның көшіп қонып жүретін мекені, белгілі атымен аталатын халық». Демек, жұрт осы күнгі халық сөзінің синонимі [1, 48].

Сонымен қатар жұрт атауы сөздік қорымызда мағынасын айқындай түсуде ел сөзімен қосарланып келіп ел жұрт түрінде де кездеседі.

Қазтуған жыраумен қатар жалпы жыраулар поэзиясында алаң жұрт тіркесімен қатар аса жұрт көнерген тіркесі де жиі ұшырасады. Сол заманда аса жұрт тіркесінің семантика-

сы «туысқан адамдар қауымы», «өз жұрты» мағынасын білдірсе керек. Өйткені көне және орта түркі жазба жәдігерліктерінде аша (қазақша аса) сөзі «туысқан» деген мағынаны білдірген. Оның айқын дәлелі ретінде аша атауын түркітанушы ғалым К.К.Юдахин қырғыз тілінің солтүстік диалектісінде «туысқан адам, отбасы мүшесі» дегенді білдіретін араб тілінен келген сөз деп көрсетеді [2, 74].

Аса жұрт тіркесін қазақтың жауынгер ақыны Махамбетте те осы семантикалық қолданыста жұмсаса керек. Мәселен,

Аламанға жол бердік,
Аса жұртты менгердік.

Жыраулар поэзиясында жұрт сөзінің алаң жұрт, аса жұрт қолданысымен қатар астана жұрт көнерген тіркесі аз да болса ұшырасады.

Бұл көнерген сөздің этимологиясын академик Р. Сыздық Л. Будаговтың, В. Радловтың пікірлеріне сүйене отырып, астана жұрт дегеннің мағынасы парсы тіліндегі астан /астана сөзінің «табалдырық, есік» деген мағынасынан «әміршінің сарайы» деп ауысқан алғашқы семантикасы деривацияланып, «сарайға (хан ордасына) қараған жұрт», яғни белгілі бір әміршінің (ханның, сұлтанның, патшаның, бектің) қол астындағы («табалдырығындағы») ел, жұрт дегенді білдірсе керек. XIX ғасырдағы кейбір екі тілдік сөздіктерде қазақ тіліндегі астана жұрт деген тіркесті «көп, сансыз көп халық» деп түсіндіруі жаңсақтық деген тұжырым жасайды [1, 48].

Қалай дегенмен де бүгінгі тілдік қолданыстан пассив қабатқа өткен астана жұрт тіркесіндегі астана атауы жеке тұрып оңтүстік және батыс аймақтарындағы жергілікті тіл ерекшеліктерінде түрлі семантикалық мәнге ие екен белгілі. Мыс

1. Астана (Жамб; Жам., Св) есік табалдырығы.

2. Астана (Гур., Маңғ., Түркім.: Ашх) халық, ел, жиын [3, 74].

Сонымен қатар астана атауының бүгінгі тілдік қолданысы жұрт сөзімен тіркеске түспей жеке тұрып Қазақстан Республикасының «бас қаласы, мемлекет орталығы, елорда» мағынасында белсенді қолданса ие екені белгілі.

Атақты Қазтуған жыраудың бұл жыр жолдарында өлең мәтінінің негізгі ұйтқысы болып қолданылған жұрт, жер сөздері есімше тұлғалы туған, қонған, кескен, жуған сияқты етістік сөздерімен тіркеске түсіп суретті баяндау, ұйқас құрауға бейімділік, терең психологиялық күй, динамикалық екпін сияқты семантикалық қолданыстарды жан-жақты ашып тұр.

Яғни, есімдер сияқты етістіктер де көркем сөз тілінде, әсіресе өлең мәтінінде поэтикалық-стильдік қызметке ие. Жалпы «Етістік тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы ең кең грамматикалық категория. Етістіктің күрделілігі мен қарымдылығы оның аса өрісті лексика-семантикалық сипатымен, бай лексика-грамматикалық формаларымен, көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты», – [4, 122] деп тұжырымдалуы шынында да Қазтуған жыраудың бұл поэтикалық мәтінде тірек сөзбен тіркесімділік қабілетінің кең ауқымдығы, іс-қимыл мағынасының әр тараптылығы, қуатты эмоционалдық фон тудыруы, ырғақ пен ұйқас құрау ерекшеліктерінің өзіндік көріністерін айқындап тұрған іспетті.

Мәселен, өлең мәтініндегі жуған жұрт, туған жұрт, кескен жұрт, қонған жұрт, түскен жұрт сөз тіркестеріндегі етістіктің есімше – ған тұлғасы затқа құбылысқа тән сапалық белгіні қимыл, процесс мағынасында дәйектеп, анықтауыштық қатынаста іс-әрекеттің өткен шақ мағынасын да болғанын меңзеп тұр. Сонымен қатар, өлең мәтініндегі – ған тұлғасының лексика-грамматикалық мағынасы автор тара-

пынан өткен жақсы, берекелі, жайлы күндердің сағынышы мағынасында қолданысқа ие болған.

Ал толғау мәтініндегі Балығы тайдай тулаған, Бақасы қойдай шулаған деген өлең жолдарында етістіктің есімше тұлғалы – ған формасы балық пен тайдың тулауын, бақа мен қойдың шулауын салыстыра сипаттаған теңеу жасаудың өнімді тәсілі *-тай -мей, -дай -дей* форманттарымен мәтін ішілік функциональдық қызметке түсіп толғау мәтінінің философиялық терең тұжырымы мен көркемдік табиғатын аша түскен.

Тұжырымдай айтқанда көркем мәтіндегі *-ған, -ген* есімше тұлғасы жұрт, жер тірек сөздерімен семантикалық тіркесімділікке түскенде сапалық қимылдық мәні затқа құбылысқа тән сапаны қимыл, процесс ретінде береді. Есімше тұлғалы етістік сөз табы ретінде қимыл, процесстік мағынасын да айқындап, өткен шақтық мағынасын да сақтап, анықтауыштық процесс мағынасын да көрсетеді.

Қазтуған жыраудың бұл толғауында бүгінгі тілдік қолданысымызда пассив лексемалар қатарына енген мал шаруашылығы, қару-жарақ, әкімшілік атаулар мен түрлі сапалық қасиеттерді таңбалайтын жабағы, жабы, атан, тайлақ, ақала орда, ботташық, қылшан, кежі, салуалы, кір-қоң, сияқты көнерген сөздер кездеседі.

Көнерген сөздердің қолданысы туралы Ғ. Мұсабаев: «Сөз историзмге айналу үшін өткен тарихи кезеңдерде қолданылғаны шарт емес, соңғы кезде тілдегі қолданылудан шығуы шарт. Мұндай жағдайда бұл заттардың атаулары қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамынан шығып қалады да, көне заманда жазылған әдебиеттерде ғана сақталуы мүмкін», – дейді [5, 318].

Осыған орай Қазтуған жырау толғауындағы қылшан сөзі бүгінгі тілдік қолданыстан мүлдем шығып қалған осындай көнерген сөздердің

бірі. Бұл сөзді 1910 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Шайыр» кітабында «оқ сауыт» мағынасында түсіндіреді. Логикалық тұрғыдан толғау мәтініндегі қылшан сөзінің тіркесім құрамындағы (контекстік) мағынасын да осы тұрғыдан алуымызға болады. Тіл тарихы тұрғысынан алғанда қылшан лексемасы жыраулар поэзиясында жиі кездесетін осы мағынадағы қорамсақ атауынан да бұрынғы орта түркілік кезеңде ұшырасатын түркілік ортақ атау болуы әбден мүмкін.

Қазтуған жырау толғауында кездесетін кейбір көнерген сөздердің семантикалық түсініктемесі ҚТС – нде төмендегіше берілген.

Жабағы

1. Қой мен түйенің көктемде қырқып алған ұйысқан қысқы жүні.

2. Тайдан кіші, бес-алты айлық ересек құлын.

3. Қой жүнінің астына шүберек мата салып, сырып тіккен жабдық.

4. Тоқымның іштігі. [6, 187]

Жабы

1. Қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы.

2. Өмірі мінілмей жүрген, қашаған асау түйе

3. Жабыраңқы, уайымды, мұнды [6, 187].

Ботташық

1. Шатырша гүлдер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік [6, 106].

Тұжырымдай айтқанда, ұлттық бояуы қою, өршіл романтикаға сусындаған, афористік толғаныс пен көркемдік тіркестерге аса бай Қазтуған жырау шығармашылығы әлденеше ғасырлар бойы қазақ ақындарына үлгі, өнеге мектебі болғаны ақиқат.

Әдебиеттер

- 1 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004. – 148 б.
- 2 Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М.: Наука, 1965. – С.74
- 3 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 74 б.
- 4 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1964. – 122 б.
- 5 Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 318 б.
- 6 Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, Дайк-Пресс, 1999. – 187 б.

References

- 1 Sызdikova R. Sozder soileidi. – Almaty: Arys, 2004. – 148 b.
- 2 K.K.Yudahin Kirgision-russian slovar. – Moskba: Nauka, 1965. –S. 74.
- 3 Kazak tilinin aimaktik sozdigi. – Almaty: «Arys» 2005. – 74 b
- 4 Iskakov A. Kazirgi kazak tili. – Almaty, 1964. – 122 b
- 5 Musabaev G. Kazak til biliminin maseleleri. – Almaty: Abzal-ay, 2014. – 318 b.
- 6 Kazakh tilinin sozdigi. – Almaty: Daik-Press, 1999. – 187 b.

Автор туралы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы.

About the author: KazNU named after al-Farabi, senior lecturer.

Об авторе: старший преподаватель КазНУ имени аль-Фараби.



Абай САДУАҚАСОВ

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР НАСИХАТЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада маркетинг арқылы қазақтың ұлттық мәдениетін насихаттау қарастырылған. Маркетингтің көмегімен шетелдік колонершілерге қазақтың колонер бұйымдары мен зергерлік бұйымдарын насихаттау қажет.

Авай SADUAKASOV
THE PROMOTION OF NATIONAL CULTURE

Abstract. This article focuses on the promotion of Kazakh national culture through marketing. With the help of marketing is necessary to promote foreign tourists Kazakh handicrafts and jewelry.

Абай Садуакасов
НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПРОПАГАНДЫ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА КАЗАХОВ

Аннотация. В статье рассмотрены возможности продвижения казахской национальной культуры с помощью маркетинговых инструментов, предложены пути взаимодействия некоторых субъектов арт-рынка (к примеру, изделий декоративного искусства и ювелирных украшений) и маркетинговых коммуникаций.

Қазір біз ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Ғылым мен техниканың, ақпараттық технологиялардың дамыған дәуірі. Сонымен қатар ХХІ ғасырдың жаһандану үрдісі белең алған кезең деп атайды. Бұл құбылыстың жекеленген ұлттар үшін қауіптілігі де жоқ емес. Мысалы, өткен ғасырларда өмір сүрген Майя өркениеті испандық жаулап алушылар конкистадорлардың екпініне шыдамай жойылып кетті, сол сияқты Мысыр еліндегі Фараондар өркениетін де айтуға болады.

Қазіргі таңда бір өркениетті ел екіншісін күштеп жауламағанымен, ұлттық ерекшелігінен, мәдениетінен, тілінен, дінінен айырылған елдер алпауыттардың ықпалында кетеді. Былайша айтқанда бір мәдениеттің екінші бір өркениетке ықпалы, сол арқылы басымдылық танытып, кірігуі. Сондықтан қазақ халқының да ұлттық мәдени ерекшелігін заманға сай әдістәсілдермен, нарықты зерттейтін маркетинг ғылымымен насихаттау қажеттілігі туындап отыр. Маркетинг деген термин АҚШ экономикалық әдебиеттерінде ХІХ-ХХ ғасырлардан бастап қолданыла бастады. «Маркетинг» сөзі ағылшынша «market» (нарық) сөзінен шыққан және дәлмедәл мағынасы нарықпен байланысты кәсіпкерлік әрекетті білдіреді [1.9]. Маркетинг концепциясының негізгі мәні тұтынушылардың мұқтаждықтарын қанағаттандырумен тығыз байланысты. Бұл ғылымның өмірге келу себебі де тауарлардың молынан өндірілуінен, оларды сатып алушыға өткізу ісінің қиыншылықтарға кездесіп, күрделене түсуінен. Ал, біздің елімізге бұл ғылым кеңес үкіметі ыдырап, егемендігімізді алғалы бері ене бастады. Іміз нарықтық экономика сатысына өткелі бері бұрынғы кеңес тұсындағы экономикалық байланыстар үзіліп, жаңа қарым-қатынас жасау қажеттілігі туындады, бұрынғыдай тауарды тапсырыспен емес, нарықты зерт-

тей отырып нарық сыйымдылығына, сұранысына, сегментіне қарай шығару керек болды. Осы орайда әр ел әлемдік нарықта өз тауарларымен, өзіне тән тауарлық белгілермен (бренд) ерекшеленеді. Мәселен, Швецария-мүлтіксіз дәл сағатымен, Жапония-компьютерлік технологиялары және көліктерімен, Араб елдері – мұнайымен белгілі. Ал, Қазақстан осы қатарда ұлттық ерекшелігімен, салт-дәстүрі, ұлттық өнерімен және осыған байланысты тауарларымен де белгілі болуы керек.

Тарихи деректерге жүгінетін болсақ ХVІ-ХVІІ ғасырларды қазақ арасында құрылысшылық, теміршілік, зергерлік, аяқ киім тігу сияқты қолөнер түрлері қатты дамыған. Қазақ даласы темір және мыс кендеріне өте бай. Қазақтар өз елі мен жерін сыртқы жаудан қорғау, халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін ең алдымен құрал-жабдықтары мен сарбаздың бес қаруы сай болуы керектігін ұмытпады. Сондықтан темірден түйін түйетін хас шеберлердің атақ-абыройы жоғары болды. Шеберлер (ұсталар) темірден әр түрлі ауыл шаруашылық саймандарын, әскери құрал-жабдықтар мен ат әбзелдерін жасады. Тауар өндірісі мен ақша қатынасының күн санап кеңеюіне байланысты ұсталар мен қолөнерші зергерлер ендігі жерде өз өнімдерін базар жағдайына бейімдеп шығара бастады [2.354]. Міне осы кездің өзінде елімізде сауда-саттықтың, маркетингтің нышаны болғанына көз жеткізуге болады.

Қазақ ішінде темір ұсталарынан басқа, біз атап өткендей, алтын-күмісті ұқсатумен айналысатын шебер зергерлер болды. Олар осындай асыл металдардан білезік, жүзік, сырға, кемер белбеу, ер-тұрман жасады. Олар жүгенді, ауыздықты, ердің қастарын, тебінгілерді, үзеңгі мен үзеңгі бауларды, өмілдірік-құйысқандары алтын-күміспен әшекейлеп, ол әшекейлерге асыл тастардан көз орнатты. Осында зергерлік бұйымдар мен әшекейлер

әлі күнге дейін өз қадірін жоймай, қайта арттырып келеді және мұндай бұйымдардың құны бірнеше мың АҚШ долларымен бағаланады.

Еліміз қоныстанған жерлердің көбі орман-тоғайлы келетіндіктен ағашшылық қолөнер кәсібі де едәуір дамыған. Ағаш шеберлері ағаштан арба, төсек, сандық (әбдіре), келі, шелек, астау, шөміш, тостаған, саптаяқ, қасық т.б. жасаған. Сондай-ақ, бағзыдан көшпелі тұрмысты негіз еткен халықтың қолында бар байлығы ең алдымен тері, жүн болатын. Сондықтан қой жүні мен терісін ұқсату кәсібі отбасылық қолөнер кәсібінде айрықша орын алды. Қой, қасқыр терілерінен әр түрлі тондар, ішіктер тікті. Ірі қара мал терілерінен етік, тұлып, тері қобдиша, шелек тігіп, тартпа, айыл, камшы, жүген т.б. жасады. Асыл жүнді аң терілерінен бөрік, тымақ, сондай-ақ ішік тікті.

Қой жүнін ұстап пайдалану әйелдерге байланысты отбасылық қол өнеркәсібінің ең маңызды саласы-тын. Жүннен әр түрлі киіздер, арқан-жіптер, бау-шулар жасады.

Қазақ халқы үй-ішінің сәнін арттыра түсу үшін өздерінің барлық зейін-зердесі мен ақыл-парасатын жұмсады. Түскиіз-текеметтеріне, кілем-кілемшелеріне, ыдыс-аяқтарына көз тартарлық ою-өрнектер сала білді. Мұның өзі олардың дала мәдениетіне қосқан үлесі болып табылады. Сонымен қатар қазақ әйелдерінің кесте тігуі, дүниелерге ою-өрнек салуы-бәрі дерлік қазақ халқының ұлттық ерекшелігін көрсететіні сөзсіз.

Ұлттық өнердің не екені жайлы басын ашып сипаттадық. Осыған байланысты бүгінгі күні туындаған мәселелерді пысықтайтын болсақ, олар төмендегідей болмақ:

- Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында ұлттық қадір-қасиетімізді, түркі халықтарының ішінде Қазақ екендігімізді, тілімізді, салт-

дәстүрімізді насихаттау (ең бірінші өзімізге-өзіміз насихаттап мақтан тұту) қажеттілігі тұр.

- Жаһандану үрдісі белең алып тұрған кезеңде батыстың немесе басқа елдің бұлауында кетпеу. Шетелдіктердің назарына тұрғылықты халық – Қазақ екенін түсіндіріп, тарихымызды қысқаша баяндап, олардың санасына ұлттық қолөнер бұйымдарын ұсыну, сату арқылы мағлұматты берік ұялату.

- Ұлттық өнерімізді шетел азаматтарына насихаттау арқылы мемлекетіміз – Қазақстан Республикасын әлемдік аренада таныту (мемлекетіміздің рәміздерімен таныстыру).

- Ұлттық өнерімізді, қолөнершілерімізді мемлекет, жергілікті әкімшілік тарапынан қолдау.

Осы бұйымдар мен зергерлік заттар бүгінде күнделікті тұрмыс-тіршілікте аз қолданылатыны белгілі, сондықтан бұл заттарды ескерткіш-сыйлық ретінде сатып алушы сегмент көбінде біздің елімізге келген саяхатшылар (туристер) болып табылады. Бүгінгі күні дүниежүзі бойынша туризм пайда түсіру жағынан мұнай өндірісі және машина жасау салаларынан кейін үшінші орында тұр. Көптеген елдердің экономикалық жағдайын көтеріп тұрған да осы туризм саласы. Туризм дегеніміз тек қана демалуға келген адамдардың жиынтығы ғана емес. Оған Қазақстан территориясында мәдени-саяси байланыстарды орнатуға және конференциялар мен халықаралық саммит, семинарлар мен жәрмеңкелерге қатысуға келген адамдардың барлығы жатады. Сондай-ақ араларында танымдық, діни мақсаттармен, сонымен қатар спорттық жарыстарға келгендер де болады.

Яғни, бізге ұлттық өнерімізді насихаттайтын объектіміз белгілі болды. Маркетингтік тілмен айтқанда сегмент айқындалды. Енді осыған байланысты қандай маркетингтік әдіс-амалдарды қолдануымыз керек?

Жоғарыдағы айқындалған мәселелерге байланысты тұтынушыларға тиімді әсер ету үшін мынадай маркетингтік (жылжыту) коммуникация жүйесін қолдануға болады:

- Жарнаманы;
- Арнайы сатуды;
- Өтімді ынталандыруды;
- Қоғаммен байланысты.

Жарнама дегеніміз белгілі тапсырыс берген демеушінің атынан тауарды тартымды көрсетуге және оны сатып алушыға қарай жылжытуға бағытталған ақылы әрекеттер [1.135]. Маркетингтік коммуникацияның жарнама әдісін қолдану арқылы біз бірінші, ұлттық өнерімізді насихаттайтын аудио-бейне жарнама роликтерін дайындауымыз керек. Олар әуежайдан бастап ұшақтың ішінде, қонақ үйде, музейлерде, театрда, ірі дүкендерде, «Медеу» мұз айдынында, «Көк-төбе» сынды жерлерде ұлттық музыкамен көркемделіп көрсетілуі қажет. Жарнамаға тапсырыс берушілер Мәдениет және ақпарат министрлігі, жергілікті әкімшіліктер болуы керек және оған отандық ірі қаржыгерлер мен корпорацияларды тарту қажет. Екінші, жарнама буклеттері, парақшалары, әдемі плакаттар, үлкен билбордтар, ою түріндегі лайтбокстар жасалып, қаланың әсем жерлеріне безендіріліп іліну керек. Ал, рәміздері бар буклеттер ұшақта, қонақ үйлерде тегін таратылуы тиіс. Үшінші, қызмет көрсету сервисінде жұмыс істейтін ұшақтағы әуесеріктерден (стюардессалар) бастап музей, театр, қонақ үй т.б. барлық қызметкерлердің киім үлгісі қазіргі заман және жұмыс орнының талабына сай болуы және ол ұлттық ою-өрнекпен ұлттық нақышта безендірілуі қажет. Төртінші, сату орындарындағы жарнама ұлттық ою-өрнек нақыштарымен жасалу қажет. Оған:

- Витрина;
- Тауар қорабы;
- Зат таңбасы;

• Назар аударуға арналған жазулар, таңбалар (ою-өрнек, анрнамента) жатады.

Келесі маркетингтік коммуникациядағы – арнайы сату әдісі. Арнайы сату әдісі сатушы мен сатып алушы арасында тікелей қарым-қатынас орнатады. Арнайы сату әдісінің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- Сатушы мен сатып алушы тауарға байланысты өзара қарым-қатынас туралы арнайы кездесу өткізеді;
- Қарым-қатынас содан кейін тұрақты қалыптасуы мүмкін;
- Кездесу өз әсерін беріп тауар сатылуы мүмкін.

Басқа әдістерге қарағанда арнайы сату әдісі күрделірек болып, оңайға түспейді. Өйткені бұл әдісті қолдану үшін арнайы сауда агенттері дайындалады әне арнайы сату жоспары жасалады. Бұл әдісті көбіне осы біздің тауарларымызға қатысты арнайы қызығушылық танытқан адамдарға қолдануға болады. Осы арнайы сатуда дүкендердің орналасқан орындары да басты рөл атқарады. Олар жоғарыда айтылған мәдени орталықтарда, әуежайда, темір жол бекеттерінде және сән-салтанат өтетін орындарда орналасқан жөн.

Тауар өтімін ынталандыру әдісі. Өтімді ынталандыру үшін келесі шараларды жасау абзал:

- Тауарға деген тартымдылықты күшейту – ол үшін тұтынушылар арасында лоторея, купондар таратылады және бағаны төмендету арқылы оларды қызықтыру;
- Сатып алуға байланысты шақыруларды көбейту;
- Сатып алуға тұтынушыларды талаптандыру – ол үшін тұтынушыға құнды болып табылатын жеңілдіктер, кепілдемелер, бағаны төмендету әдістері қолданылады;
- Өтімді ынталандыру үшін сауда саласындағы делдалдарды ынталандыру. Делдалдарды ынталандыру

үшін мына әдістер қолданылады: баға жеңілдіктері, бірге жарнама жүргізу, сауда жарыстарын ұйымдастыру, тауарды тұтынушыға тегін жеткізу;

- Өткізумен айналысатын фирма жұмысшыларын ынталандыру. Жұмыс сапасын жақсарту мақсатымен уәждеме қолданылады. Мысалы, ақшалай, заттай сыйлықтар, қосымша демалыс уақыттарын беру т.б.;

- Тікелей тұтынушыларды ынталандыру. Мұнда тұтынушыларға баға жеңілдіктері, купондар, кепілдемелер беріледі, тауармен ресми таныстырулар өткізіледі.

Маркетингтің келесі әдісі-қоғаммен байланыс (PR).

Қоғаммен байланыс дегеніміз – ол фирма туралы қоғамның жақсы пікірін қалыптастыру мақсатымен кәсіпорынменен оның тауарлары туралы коммерциялық жағымды ақпарат тарату болады. Қоғаммен байланыс фирманың табысты әрекеті тәуелді болатын ізгі қарым-қатынастарды орнатуға бағытталады және фирманың беделін қамтамасыз ету мақсатымен жүргізілетін кез келген коммуникациялық іс-әрекеттерін қамтамасыздандырады. Өйткені ұлттық өнерімізді дамыту әрекетінің земісті болуы өзінің қызметкерлерінің іскерлігіне, клиентураға, үкіметке, қоғамға, тұрғылықты халықтың басым тобына тәуелді болуы әбден мүмкін. Сайып келгенде қоғаммен байланыс дегеніміз қолөнершілер немесе кәсіпкердің бейнесіне не оны қалыптастыратын факторларға тікелей қатысы бар әрекеттерді қамтиды.

Бұл қызмет аясындағы барлық күшжігердің басты міндеті ұлттық өнерге деген сенімді және түсінушілік ахуалды қалыптастыруға бағытталады. Сондықтан қоғаммен байланыс саясатының негізгі мақсаттары мыналар болады:

1. ішкі саясатты жүзеге асыру: ұлттық өнер тағдырына оның қызметкерлерінің жауаптылығын, оған қатыс-

тылық сезімін қалыптастыру, өз ұлттық өнерімізді, оның өнімдерін мақтан тұту сезімін дәстүрлі қалыптастыру;

2. сыртқы саясатты жүзеге асыру: тұтынушыларды қол өнершілер өндіретін өнімдермен таныстыру, олардың сапасын көрсете білу;

3. ұлттық өнердің беделін көтеру: ұлттық өнердің бейнесін, жақсы атағын, яғни жұмысшылар өздері өндіретін тауарларды ардақтау.

Коммуникация жүйесіндегі басқа әдістерге қарағанда қоғаммен байланыстың мынандай ерекшеліктері бар:

- Жарнамаға қарағанда ресми таныстырулар, баяндамалар тұтынушыларға шынайы сенімді көрінеді;

- Тұтынушылар кеңінен қамтылады – сатушыларға, жарнамаға сеніңкіремей жүргендерге жариялау әрекеті кең көлемде жақсы нәтиже береді;

- Көзге тартымды да жағымды келеді.

Қоғаммен байланыстың негізгі нысандары мыналар:

- БАҚ-тағы редакция материалдары;

- Көрмелердің беделді бөлімдері;

- Кино және бейнефильмдер;

- Басылым туындылары;

- Ұлттық өнер, қолөнершілер өкілдерінің маңызды және әйгілі қоғамдық оқиғаларға қатысуы;

- Тауарларды ресми таныстыру, конференцияларға, семинарларға ұлттық өнер иелерінің қатысуы және баяндама жасауы;

- Спорт жарыстары, қоғамдық оқиғалары, музыка концерттері, білім бағдарламалары, ғылыми зерттеулері және басқа да демеуші әрекеттері.

Осыған байланысты нақтылы істелетін маркетингтік іс-шаралар БАҚ-та қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ұлттық өнерге қатысты PR-материалдар жариялау қажет, ұлттық өнер тақырыбында халықаралық көрмелер мен конференциялар ұйымдастыру, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі мен өнерін на-


сихаттайтын тарихи фильмдерді көрсету, түсіру, халықаралық тілдерде қазақ халқы, өнері, тарихы туралы түрлі-түсті етіп сапалы суреттермен безендірілген кітап, журналдар шығару, қолөнершілердің шеберханаларында мастер-кластар өткізу шараларын жасау керек.

Бұл шаралар бір күндік жасалатын шара емес, стратегияға негізде-

ліп ұдайы жасалатын шара. Сондықтан еліміздің мәдениетін, өнерін дамытуда бұл маркетингтік іс-шараларды Қазақстанның алыс-жақын шетелдердегі елшіліктері де жүргізіп отыруы өте қажет. Осындай маркетингтік іс-шараларды қолданатын болсақ, ұлттық өнеріміз әлбетте дамиды, кері кетпейді. Дамып қана қоймай табыс әкеледі, байлықтың көзіне айналады.

Әдебиеттер

1. Нысанбаев С.Н. Садыханова Г.А. Маркетинг негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 200 б.
2. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы, 2001. – 552 б.
3. Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдептану. – Алматы: Мектеп, 2001. – 228 б.
4. Қазақ халқының салт-дәстүрі. – Алматы: «Рауан», 1993. – 220б.



Об авторе: доктор филологических наук, профессор Казахского национального университета им. аль-Фараби.

About the author: Doctor of Philology, Professor of the al-Farabi Kazakh National University.

Автор туралы: ф.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының профессоры.



Людмила ЕКШЕМБЕЕВА

ОБРАЗЫ БИЛИНГВИЗМА В МОЕЙ МОНОЛИНГВАЛЬНОЙ ЖИЗНИ (лирические фантазии)

Аннотация. В статье Л.В. Екшембиевой речь идет о разных видах владения ею русским и другими языками на разных этапах жизни. Интернациональная семья, учеба и другие виды творческой деятельности в Хакасии и Казахстане позволили ей освоить топонимический, образный, методический и научный билингвизм. Но, по ее глубокому убеждению, именно контекстный билингвизм является ее лингвальной сущностью.

Ljudmila EKShEMBEEVA

IMAGES OF BILINGUISM IN MY MONOLINGUAL LIFE (lyrical fantasies)

Abstract. The article by L.V. Ekshembieva is talking about different types of her proficiency in Russian and other languages at different stages of life. An international family, study and other types of creative activity in Khakassia and Kazakhstan allowed her to master toponymic, figurative, methodological and scientific bilingualism. But, according to her deep conviction, it is contextual bilingualism that is her lingual essence.

Людмила ЕКШЕМБЕЕВА

МЕНІҢ ДАРА ЛУҒАТТЫ ӨМІРІМДЕГІ ҚОСТІЛДІЛІК БЕЙНЕСІ (лирикалық қиял)

Аңдатпа. Л.В. Екшембиеваның мақаласында өмірдің әртүрлі кезеңдерінде орыс және басқа тілдерді меңгерудің әртүрлі қырлары туралы айтылады. Хакасия мен Қазақстандағы ұлтаралық отбасы, оқу мен шығармашылық қызметтің басқа да түрлері оған топонимикалық, бейнелі, әдістемелік және ғылыми қостілділікті меңгеруге мүмкіндік берді. Бірақ, өзінің терең сенімі бойынша, нақ контекстік қостілділік оның лұғаттық мәні болып табылады.

Билингвизм как явление в социуме многогранно. В определении социолингвистического словаря (academic.ru) выделяются разные виды владения родным и еще одним языком: лингвистический, социокультурный (аккультурация индивида), когнитивный, нейрофизиологический и психологический; групповой и индивидуальный; пассивный и активный; симметричный и асимметричный и много-много других видов и подвидов. А я его увидела в определенных образах и контекстах моей жизни и попыталась их осмыслить, показать, в системе каких картинок и образов билингвизм вошел в мое сознание задолго до научного осознания его сущности.

Очень часто человек, владеющий одним языком, оказывается билингвом поневоле, *контекстным билингвом*. И пусть такое понимание сложно отнести к научному, однако жизнь человека протекает в многообразии социальных контекстов, где пассивный контекстный билингвизм становится нормой.

Абсурдная мысль? Да, но это наша реальность. По крайней мере, реальность моего поколения, уже не послевоенного, но живущего в Союзе в шестидесятые годы XX столетия. Рожденная в интернациональной семье, познавала мир через язык матери – русский язык. Он доминировал в семье. Да и не только в семье – в стране. Однако отдельные образы и ситуации в моем детстве жили благодаря хакасскому языку, языку моего отца.

Тче, чача – так он обращался к своей тетушке, которая ему заменила мать и жила в нашей семье. И мы, дети, ее тоже звали *тетя*, но по-русски. А она нас – *палам*. Таковы реалии! Из разговоров отца с тетушкой мы знали, что такое *ипек, туз, сут; нас ахырча, харын ахырча* и многое другое.

Был ли это билингвизм? Вряд ли. Но в конкретных ситуациях понимание и реакция свидетельствовали об

успешности общения. Что это как не *контекстный билингвизм*?

В начале шестидесятых отца пригласили работать в Манский район Красноярского края. Там, в разных таежных поселках, мы прожили около десяти лет. *Нарва, Унгут, Лейба, Колба, Баджей, Кияй, Тюлюп, Жержул* – вот только некоторые топонимы этого района. И это в российской Сибири! Уже и язык-источник установить за редким исключением практически невозможно! Но все живущие в этом районе не воспринимали эти названия как нерусские. Не зная истинного значения слов, они точно знали, что это и где находится. Может быть, это можно назвать *топонимическим билингвизмом*?

А в поселках жили преимущественно сосланные (бывшие кулаки и неблагонадежные). Это их дома, построенные в 30-х–40-х годах, чтобы выжить в Сибири, и сформировали поселки. Строились по землячествам. Так, в поселке Нарва были Белоруссия, Эстония, Литва. И там жили мои друзья. И мы то играли в Белоруссии, то бегали в Эстонию! В Литве родители брали рассаду экзотических для Сибири растений для огорода. В Унгуте была немецкая слобода, целые улицы и переулки украинцев, забайкальцев, греков, калмыков, белорусов, латышей, литовцев, эстонцев. «Широка страна моя родная...»!

В шестидесятые годы основным языком общения в школе, магазине, на улице, в клубе был русский язык. Мои ровесники практически все говорили без акцента, но я слышала сильный акцент в речи их бабушек и дедушек и даже некоторых их родителей. И акценты-то были абсолютно разные! Сейчас бы я это не назвала акцентом. В науке есть понятие интерференции и степени освоенности.

Вот в этом многообразии языков и акцентов проходило наше детство. В поселке ссыльных это был *билингвизм поневоле*. Но в шестидесятые годы он

уже стал акцентом памяти о политическом насильственном билингвизме.

Таковы ассоциации из детства, связанные с билингвизмом.

Время учебы в педагогическом институте в Абакане и любовь к танцам, реализованная в студенческие годы в народном ансамбле «Жарки», стало для меня временем *творческого билингвизма*. Особенно в ансамбле.

Наш балетмейстер Сара Даниловна Славина, тоже из сосланных, была бывшей балериной Рижского театра оперы и балета. Впервые в культуре хакасского народа она поставила сценические народные танцы по фольклорным сюжетам, создала коллектив, который был участником международных молодежных и творческих фестивалей в Москве в 1958 году и в Кишиневе в 1971.

В ансамбле мы все были билингвами, а некоторые и полилингвами: певцы пели на хакасском, русском, украинском, итальянском языках; танцоры выполняли команды балетмейстера на языке балета, созданного французом Раулем Фейе, общались между собой на русском и хакасском языках. Я не говорила на хакасском, но в контексте общения главные смыслы понимала. Возможно, благодаря моему детскому контекстному билингвизму.

Контекстный билингвизм остался моей лингвальной сущностью на всю оставшуюся жизнь. Почти 50 лет живу в Казахстане, понимаю по-казахски в определенных контекстах, особенно хорошо дома на кухне! Будучи Главным ученым секретарем университета 8 лет, понимала основное содержание официальных документов на казахском языке.

В науку пришла через *образный билингвизм*. Изучала образ женщины-богатырши в тюркоязычном героическом эпосе хакасов, алтайцев, шорцев, казахов, киргизов. Работала по подстрочникам и научным изданиям. На защиту представила положение об этапах эво-

люции образа богатырши, о временной и культурной преемственности его поэтической сущности в национальных эпосах, восходящей к хакасской Пора-нинжи, мифической женщине-богатырше. С языками лучше не стало, но приобрела бесценное – образный билингвизм: способность распознавать в процессе общения лингвокультурную основу образов, смыслов, традиций, что делает общение успешным.

Русский язык стал языком профессии на долгие годы. Но без билингвизма и здесь не обошлось! Более 20 лет преподавала и преподаю русский язык как иностранный. Моими студентами были представители народов всех континентов земли, носители разных языков и культур. Общение в аудитории всегда было успешным. И если не языки, то информацию о культуре народа, его традициях познавала в общении со студентами и использовала ее в образовательном процессе.

Более того, под моим научным руководством был создан учебный комплекс по обучению казахскому языку иностранных граждан (1997 г. Грант Фонда Сороса). А вдруг это *методический билингвизм*?

И последний образ – научный билингвизм. Работая над докторской, изучила научную литературу по когнитивной лингвистике, конечно в переводе, но представленную различными национальными школами Европы и Америки. И если не языки, то их научные идеи и методология помогли мне успешно разработать свою научную платформу. Они воздействовали на меня, и общение наше было успешным: я приобретала новые знания, а ученые – нового единомышленника, как и положено в науке.


Я построила свое эссе на инструментальной сущности билингвизма как способности человека использовать другой язык для успешного общения. Образность билингвальных ситуаций

обеспечивает успешность общения. И это основная цель, и язык является только средством кодирования смыслов, обеспечивающих это общение. А успешность общения обеспечивается прежде всего знаниями о мире, о народе, его культуре; знаниями контекста общения, системы образов и традиций, научных знаний и использованием их в личной практике общения.

Возможно, именно поэтому родились те образы билингвизма, которые сопровождали меня в моей монолинг-

вальной жизни: контекстный, топонимический, политический насильственный (поневоле), творческий, образный, методический, научный. Критериями их образной репрезентации стали специфика контекста, причины, способы выражения смыслов и, конечно же, сфера использования.

Примечание: статья напечатана в научном журнале Вестник РУДН. Серия Polylinguality and Transcultural Practices (2020 Том 17 № 1 108–111)





Елена ЗЕЙФЕРТ

Об авторе: доктор филологических наук, профессор Российского государственного гуманитарного университета, поэт, прозаик и переводчик, литературовед, литературный критик, член Союза писателей Москвы и Союза переводчиков России.

About the author: doctor of Philology, Professor of the Russian State Humanitarian university, poet, translator, literary critic, member of the Moscow Writers' Union and the Russian Translators' Union.

Автор туралы: филология ғылымдарының докторы, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің профессоры, акын, аудармашы, әдебиет сыншысы, Мәскеу Жазушылар одағының және Ресей аудармашылар одағының мүшесі.

ШПРУХ В ПОЭЗИИ РОССИЙСКИХ И КАЗАХСТАНСКИХ НЕМЦЕВ

Аннотация. В названиях российско-немецких стихотворений нередко встречаются номинации «Vierzeiler» (Четверостишия) и «Achtzeiler» (Восьмистишия). Их источник — немецкий жанр шпрух, в редких проявлениях также бытующий в российско-немецкой поэзии. Доминантой шпруха, способствующей его сохранению в российско-немецкой поэзии, является моралистический императив. Стремление к косвенной передаче знания жизни, сопряженное с российско-немецкой проблематикой, формирует новые формы Vierzeiler и Achtzeiler, рожденные на основе шпруха.

Elena ZEYFERT

SPRUH IN THE POETRY OF RUSSIAN AND KAZAKHSTAN GERMANS

Abstract. The naming of a Vierzeiler («Tetrastich») and an Achtzeiler («Octastich») can be often met in the titles of Russian-German poems (F. Bolger Achtzeiler; Vierzeiler). The author of the article considers their important source to be the German genre of Spruch which is in some manifestations present in the Russian-German poetry (E. Katzenstein Sprüche zum Nachdenken (Sprüche for reflection)). A Spruch dominant idea which contributes to its preservation in the Russian-German poetry is its moralistic imperative. Thanks to this element Russian-German literary men, mass writers in general, have the opportunity to transfer wise advice directly to younger generations. The pursuit to implicitly convey life knowledge, connected with reflection of the Russian-German problematics, forms new kinds of Vierzeiler and Achtzeiler which were born on the basis of Spruch.

Елена ЗЕЙФЕРТ

РЕСЕЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН НЕМІСТЕРІ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ШПРУХ

Андағна. Ресей-неміс өлендерінің тақырыптарында «Vierzeiler» (Рубан) және «Achtzeiler» (Серізаяк) үлгілері жиі ұшырасады. Олардың қайнар көзі – ресей-неміс поэзиясында сирек болса да кездесетін немістің шпрух жанры. Шпрухтың ресей-неміс поэзиясында сақталуына ақлақ сарыны ықпал еткен. Өмір жайлы баянды ресей-неміс болмысына орай беруге деген ұмтылыс шпрух негізінде туындаған Vierzeiler мен Achtzeiler соны қалыбын қалыптастырды.

нужные политические трансформации. «Игру престолов» тоже все смотрели. И там тоже есть последствия. Жестокий мир – это справедливый мир. Люди, которые стоят за него, считают, что не надо помогать другим, мир справедлив, бедные сами виноваты, что они бедные. Так говорят исследования. Но это одновременно говорит нам о том, что нами будут править в будущем с помощью телесериалов, вводя таким способом нужные представления.

– С расширением информационно-коммуникационных технологий все больше «ставок» делается на глобальную автоматизацию и роботизацию. То, что раньше можно было прочитать только в фантастических рассказах, в ближайшее десятилетие станет нормой. Скажите, автоматизация и роботизация решат насущные проблемы человечества?

– Они решат производственные проблемы, но не творческие. Последние все равно будут решать человеческие мозги. Это как массовое производство, когда удается произвести много одинаковых простых продуктов. Чем продукт изощреннее, тем сложнее его произвести массово. Отсюда условная простота массовой культуры. Читается многими то, что является простым, таковы сюжеты, к примеру, о супергероях. Правда, сегодня, когда коммерчески выгодными могут быть и малые количества продукта, настала возможность сложных сериалов для малой аудитории, поскольку все равно можно достичь его окупаемости.

– Есть опасения, что с внедрением искусственного интеллекта исчезнет множество привычных для нас профессий, таких как бухгалтер или психолог. Какие и почему, на ваш взгляд, профессии будут нужны обществу и государству?

– Любое стандартное действие можно передать автомату. В будущем сохранятся только творческие профессии, где нужны нестандартные мозги. При этом интересно, например, что Китай сегодня забрал у дипломатов оценку внешнеполитических проектов, передав их искусственному интеллекту. Япония научила искусственный интеллект распознавать мимику главы своего Нацбанка, чтобы предсказывать падение котировок. ЦРУ считает, что их программа искусственного интеллекта может дать прогноз о социальных беспорядках в любой стране мира за 3-5 дней. Когда-то американские военные имели компьютерную программу в Афганистане, которая обрабатывая 800 параметров, давая прогнозы. Одним из таких параметров была цена на импортные фрукты на базаре, поскольку, когда на дорогах стреляют, такие фрукты становятся дефицитом.

– Ваше имя знают многие специалисты в области PR из постсоветских государств. Стоит отметить, что по Вашим книгам обучаются в университетах Казахстана и странах СНГ. На что надо обращать внимание при подготовке специалистов по связям с общественностью в развивающихся странах?

– Последние лет пятнадцать я слово PR не употреблял, сместившись в иные сферы, в те же информационные войны. Это все по сути, невидимые войны, поэтому от них нет защиты. Телереклама, к примеру, мы видим, но не думаем от нее защищаться, потому что в этот момент она как бы и не работает. Но когда мы придем покупать, например, зубную пасту и застынем перед рядом вариантов, в нашей голове всплывет то, ради чего реклама промелькнула перед нашими глазами, когда мы занимались чем-то другим.

При подготовке специалистов по PR следует уделять внимание хорошему

изучению целевой аудитории, поскольку вся цепочка воздействия сильнее всего зависит от точного знания цели. Советская пропаганда, например, стала тормозить, когда люди, например, перестали быть одинаковыми, как в довоенное время. Она тоже должна была стать разной, разговаривая с каждым почти индивидуально. Хорошее знание аудитории – залог любой успешной коммуникации.

– Между тем понять свойства аудитории становится с каждым днем сложнее. Появилась, к примеру, онлайн-аудитория, интересы которой меняются практически ежедневно. Как вести себя в такой ситуации специалистам по связям с общественностью?

– Базовые интересы не меняются так быстро. Они составляют основу человека, а он всегда тот же. Но одновременно сегодня гораздо легче управлять массовой аудиторией через соцмедиа. Это продемонстрировали и американские президентские выборы 2016 (в 2020 не было такого мощного внешнего влияния) и Брекзит. Оказалось, что людей можно выводить на протесты, даже сидя в другой стране. Тут работает то общее, что есть в этой группе людей, то, в чем они противостоят другим.

– Резюмируя сказанное об информационных войнах, виртуальной реальности, роботизации можете спрогнозировать, что ожидает человечество в ближайшем будущем?

– Человечество ожидает лучшее будущее, поскольку многие материальные проблемы, из-за которых мы страдаем сегодня, будут решены. Однако многие факторы показывают, что спокойная жизнь ведет к определенной деградации мозгов. Сегодня уже есть падение IQ у человечества, падение числа выдаваемых патентов на новые изобретения. Холодная война заставляла напрягаться, в том числе мозги работали интенсивнее. Была потребность развивать науку и образование. В будущем жить станет и легче, и веселее. Но вряд ли интереснее серьезно, поскольку все вокруг заменит виртуальная реальность, так что радость будет во многом искусственной...

– Спасибо за виртуальную беседу, надеемся, что Вы, Георгий Георгиевич, сможете вскоре посетить наш университет КазНУ им аль-Фараби. Желаем Вам и коллегам новых успехов в 2021 году.

**Интервью записал
Бахтияр Нурумов,
докторант КазНУ им. аль-Фараби**



About the author: Al-Farabi Kazakh National University, candidate of biological sciences.

Автор туралы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология ғылымдарының кандидаты.

Об авторе: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, кандидат биологических наук.

Шолпанай АМАНЖОЛОВА

БӨКЕЕВТЕР ӘУЛЕТІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫ СУРЕТТЕР ТАРИХЫ

Аңдатпа. Қазақтың біртуар ақыны, Жәңгір ханның немересі Шәңгерей Бөкеев қазақтан шыққан тұңғыш фотограф екенін біреу білсе, біреу білмейді. Әлемде фотография өнерінің пайда болғанына 180 жыл болса, осыдан 120 жыл бұрын Шәңгерей өзінің фотоаппаратымен тұңғыш суреттерін түсірген. Бұл кезде әлемде көптеген халықтар фото-өнердің не екенінен мүлдем бейхабар еді. Әдетте «қазақтар фото-өнерді Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін игерді» дейтін сынаржақ пікір бар. Міне, Шәңгерей ақынның бір топ суретін жариялап отырмыз. Кейбірі баспа бетін алғаш рет көріп отыр.

Sholpanay AMANZHOLOVA BUKEUVIAN ENVIRONMENT AND HISTORY OF VALUE PICTURES

Abstract. Someone knows that one of the great Kazakh poets, the grandson of Zhangir Khan, Shangerey Bukeyev is the first Kazakh photographer. 180 years have passed since the world of photo art appeared, 120 years ago Shangerey took his first photo on camera. At that time, many countries of the world did not know at all what photography art was. There is a widespread belief that the Kazakhs mastered photography after the Second World War. Here is a group of photos of Shangerey. Some photos are published for the first time.

Шолпанай АМАНЖОЛОВА БУКЕЕВСКАЯ ДИНАСТИЯ В ФОТООБЪЕКТИВЕ ИСТОРИИ...

Аннотация. Автор статьи, правнучка акына Шангерей Букеева, внука Жангир хана, рассказывает историю своей семьи, представленную в фотографиях. Шангерей Букеев, 120 лет назад получив от российского императора Николая Первого в подарок фотоаппарат, стал первым профессиональным фотографом-казахом. Автор статьи говорит о реставрации многих бесценных фотографий, являющихся бесценными историческими артефактами, о работе, проделанной обществом «Фотоо́нер» во главе с преподавателем КазНУ им. аль-Фараби Асылханом Абдрайымұлы и дизайнером-реставратором Нураном Айымбетовым по восстановлению архивных фотографий.

Түркі халықтарына қазақ даласының ұлы ақыны ретінде танылған Шәңгерей Бөкеев 1847 жылы тамыз айында дүниеге келген. Ата-тегін таратып айтсақ: Шәңгерей – Сейіткерей – Жәңгір (қазақтың соңғы ханы) – Бөкей – Нұралы – Әбілқайыр. Ал Әбілқайыр хан – Шыңғыс ханның бір ұрпағы.

Шәңгерей Бөкеев өмір мен өлім, махаббат, табиғат сұлулығы, арнамыс жайында жырлаған. Оның өлең-жырлары мен әндері түркі халықтарының құндылықтарын асқақтата жырлауымен де құнды.

Сейіткерей мен Еремекжанның шаңырағында дүниеге келген Шәңгерей ерте жастағы өлеңдерінің бірінде былай деген: «Қой жылы тамыз ішінде шығып ана қарнынан, мүлкі болдым паң дүние».

Сейіткерейдің тұңғыш ұлы Мұхаметкерей Жәңгір ханның көзі тірі кезінде, архивтік деректерге сүйене отырып нақтырақ айтсақ, 1845 жылы (9 тамызға дейін) дүниеге келген. Мұхаметкерей Сейіткерейұлы – менің әжем Софья Дәулетқызы Бөкейханованың Үлкен атасы. Оның анасы Айша (күйеуге шыққаннан кейінгі тегі – Құсепғалиева) – Мұхаметкерей Сейіткерейұлы Бөкеевтің қызы. Софья әжем, Айша шеше және оның бала кезінен Шәңгерей мен Хадиша Бөкеевтердің (ерлізайыптылардың балалары болмаған) отбасында тәрбиеленген әпкесі Зәуреш апаның арқасында біршама фотосурет сақталып қалды. Оларды сақтау оңай емес-тұғын. Шындығында, қауіпті болатын. Олар сол фотосуреттерді төңкеріс, Азамат соғысы, тәркілеу, сталиндік лагерь және жер аудару жылдарынан аман алып шықты. Мен ол кісілердің бұл ісімен мақтанамын. Өйткені сол жылдары көптеген адамдар қамауға алынған өз әкелерінен, балаларынан, күйеулерінен бас тартып жатты. Фотосуреттерді өртеп жіберді. Ең сорақысы сол – өз туғандарынан безді.



Шәңгерей Бөкеев. 1887 жыл

Ал менің ардақтыларым рух мықтылығы мен мұқалмас қайсарлықтың үлгісін көрсете білді. Олар – нағыз ақсүйектер, «рух ақсүйектері». Айша шешемді мен ешқашан көрген емеспін. Ол соғыстың бас кезінде көз жұмған. Күйеуі Дәулетшах Құсепғалиев «Алаш» партиясын құрушылардың бірі, партияның батыстық бөлімі басшылығының мүшесі және уездік дәрігер ретінде қырықжылдық тәжірибесі болған. Содан кейін ол кісі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Келес ауданының Абай-Базар ауылына жақын маңда орналасқан еңбекпен түзеу лагерінде ерікті-жалдамалы дәрігер болып жұмыс істеген. Бұл лагерьде Құсепғалиевтердің үлкен қызы Ғайнижамал да болған. Ол кезде оның алты баласы болған. Кішісі сол жерде дүниеге келген. Ғайнижамал халық жауы отбасының мүшесі ретінде жауапқа тартылған. Ол кісі Казак мединститутының бірінші директоры Исенғали Қасаболатовтың жұбайы болатын. Дәулетшах көке мен Айша шеше үйсіз-күйсіз қызы мен оның кішкентай балаларына қолдарынан келгенше көмектесіп тұрған.



Шәңгерей Бөкеев. 1905 жыл

Біз Зәуреш апаны Терек деп атайтынбыз. Ұзақ өмір сүріп, 1957 жылы Ташкентте дүниеден өтті. Екінші күйеуі Мұхамедрақым Қарабаевты екінші рет қамауға алғаннан кейін Зәуреш апа Софьяның үйінде тұрады. Оның күйеуі Ғабдол-Хакім Бөкейханов та қазақ интеллигенциясының басына түскен зобалаңнан тыс қала алмады.

Зәуреш апа маған «Бесік жырын» айтып беретін. «Әй-әй, елімнің иісін-ай, әй-әй, жусанның иісін-ай» деп әндететін. Ол маған түнде қаңғырып жүретін түлкі туралы балаларға арналған өлең, қараңғы түскенде жоға-

*2-ші қатар, сол жақтан
2-ші Айша-ана.
Айша Шәңгерейдің немере
інісі, Батыс Алашорда
қайраткері, дәрігер
Дәулетше Күсепқалиевтің
қызы. 1916 ж.*



лып кететін отыз қыз жайындағы санамақ айтып беретін. Мен соларды өз балаларыма және немерелеріме айтып өсірдім.

Софья әжем фотосуреттерді көк суреті бар қағаз қорапқа салып, ешкімге көрсетпей, ескі сандықтың түбінде сақтаған. Қорап бұл күнде жарамсыз болып қалды, ал сандық әлі күнге дейін үйде тұр. Ол мен үшін сенім мен шындықтың көзі секілді. Фотосуреттерді алғаш рет Ташкенттен қоныс аударғанымызға көп жыл өткен соң кездейсоқта көріп қалдым. Ол кезде мен жоғарғы сыныпта оқитынмын. Көп сұрақ қойылды, бірақ оларға дұрыс жауап ала алмадым. Менің «Сіздің осынау әуезді, ерекше фамилияңыз қайдан шыққан?» деген сұрағыма ол кісі мынадай жауап берді: «Менің күйеуім Ғабдол төңкеріс жылдарына дейін Бөкей ордасы деп аталған жерде дүниеге келген. Сол жер атауынан біздің фамилиямыз келіп шыққан».

А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағынан қазақ музыкасы-



1894 жыл, қазан айы



Шәңгерейдің ағасы Мұхамедкерей ұлы Ақышпен Усадьба жанындағы қымызбен емдейтін Қымызordaда. Қазір онда қымызбен емдейтін шипажай орналасқан. Қазірде онда Шәңгерейдің құсбегісі Қартқожақтың ұрпақтары қымыз ашытады.

ның білгірі және дәулескер күйші Ғабдол ата Бөкейхановтың Бөкей ханның тікелей ұрпағы екенін білгенде таңғалғанымды көрсеңіз. Содан бері менде «үлкендердің әңгімелері мен естеліктерін зейін қоя тыңдасаң, көп нәрсені білесің» деген қағида қалыптасты.

Тамаша сақталған, ең ескі фотосуреттердің алғашқысында егделеу, етегі ұзын (сірә, күзен терісінен тігілген) тон киген, кескін-келбетінен ақсүйектік аңғарылатын ер адамның бейнесі бар. Фотосуреттің артқы жағына Софья әжем қарындашпен Мұхамет-Керей ата деп жазып қойған. Қолтанбасынан бала кезінде жазғаны көрініп тұр. Оның сол жағында әдемі өрнекті кілем үстінде төрт-бес шамасындағы ұлы Ақыш отыр. Мұхаметкерей ата мен Ақыштың жасын біле отыра, фотосурет XIX ғасырдың екінші жартысында – 70-жылдардың ортасында түсірілген деп нақты айтуға болады (1-фото).

Ал екінші суреттің сапасы нашарлау. Суретке үңіле отырып мығым денелі, жауырыны тік, сәнмен қойған сақалы және мұрты бар, асыл тастармен әшекейленген белдік тағынған жас жігітті көруге болады. Суреттің артқы жағына анам Фатима Ғабдолқызы Бөкейханова «Шәңгерей Бөкеев, анам Софья Бөкейханованың атасы, Мұхаметкерейдің бауыры» деп жазылған. Мен бұл суретті қалпына келтіруге бірнеше рет талпыныс жасап көрдім. Қай-қайсысы да нәтижесіз болды. Тек фотосуреттің түсірілгеніне 180 жыл толу қарсаңында ғана заманауи технология мен «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Әбдірайымның ерен еңбегінің арқасында ақынның бұған дейін белгісіз болып келген суретін көре алдым.



*Екі әйел. Зәуреш Мұхамедкерейқызы,
Әйнәк Ергалиева (Ишанғалидың зайыбы)*

Шәңгерей атаның өзі де тамаша фотосуретші болған. Оны еліміздің тұңғыш фотосуретшісі деп атауға толық негіз бар. Естеліктер бойынша ол кісіге фотоаппараты Николай патша сыйға тартқан екен. Өзім Бөкей хандығының 100 жылдығы Петербургте кең көлемде тойланған 1901 жылы сыйға алған деп жорамалдаймын. Жалпы алғанда, Шәңгерей атаның

фотосуреттері ХХ ғасырдың басында түсірілген. Ол суреттерге қарай отырып ақынның қалай және қайда өмір сүргенін, оның өмір салтын, айналасы, отбасысы, пікірлестері мен ізбасарлары жөнінде мағлұмат ала аламыз.

Осы орайда «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің фотоөнер саласы бойынша Шәңгерей Бөкеев атындағы сыйлық тағайындау жөніндегі бастамасын қуана құптаймын.

Жалпы, ақын жаңа идеялар мен технологияларға қызығушылығы зор адам болған. Оның Торғын өзенінің шығыс жақ жағалауында орналасқан кең үйінде әртүрлі жаңа бұйымдар болған. Мәселен, фонограф, рояль, үлкен фотоаппарат, соған қатысты түрлі құрал-жабдықтар. Ақын осылардың қай-қайсысын да жиі қолданған. Тіпті Шәңгерей атаның велосипеді де болған. Ол оны өзі айдаған және балаларды велосипед тебуге үйреткен.



Ақын, Жәңгір ханның немересі Шәңгерей Бөкеевке бару. 1 қатарда (солдан оңға қарай); Айша Күсенғалиева – Мұхаметгерейдің қызы; Файнижамал-Айшаның қызы, Зарубин И.Е.-нің әйелі; дәрігерлер Зарубин И.Е. және Кашин – Күсенғалиевтің әріптестері; 2-ші қатарда (сол жақтағы спарава); Ишанғали-хатшы Ш.Бөкеева, Күсенқалиев Даулетши Юсупова-әкесі Бөкейхановамен, Бөкеев Мұхаметгереймен және оның ұлы-Ақши Бөкеевпен. Орал өңірі Борсы мекен жайында. 1905. Ш.Бөкеевтің түсірген суреті.



Жәңгір хан мектебінің оқушысы Бөкейханов Ғабдулхаким (2-ші қатардан 2-ші сол жақта (, Бөкейханов Нұрмұхамед-әкесі Бөкейханов Г, Жәңгір ханның жиені (2-ші қатарда 3-ші сол жақта); Ишанғали, Шангерей Бөкеевтің хатшысы (оң жақта 2-ші қатарда); (Солдан оңға қарай 1 жол); Бақаш Бөкеев (Қасымов) – Шангерей Бөкеевтің немересі, Бақытжан Қаратаев – 2-ші Мемлекеттік Думаның депутаты; Жаханиа Сейдалин – «Алаш» партиясының мүшесі.

Шангерей Бөкеевтің үйінің кіреберісінде.

Орал өңірі Борсы мекен жайында. 1905. Ш.Бөкеевтің түсірген суреті.



Жымпитыдағы (қазақ жеріндегі тұңғыш) аурухана. сол жақта дәрігер Дәулетше Кусеңқалиев жұбайы мен қызы. Ғайныжамал қызымен 1914-16 ж

Автор туралы: қазақтың көрнекті ақыны. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

About the author: Kazakh poet, Laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan.

Об авторе: казахский поэт, Лауреат Государственной премии РК.



Жүмекен НӘЖІМЕДЕНОВ

АСПАНДА КҮН БАРДА, ӘЛЕМДЕ СЫР БАРДА...

Аңдатпа. Қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбасымен келген ақынның философиялық толғаныстар мен психологиялық тебіренсіздерден туған кестелі де қарапайым өлендері оқырманды өзіне бірден баурап алады. Адам жандүниесінің тартысқа толы бұлқыныстары мен өмір өрнектері, табиғат суреттері ақын дүниетанымымен астасып жатады. Орамды ой, сергек сезім әр өлеңінде кестелі тілмен еркін өріліп отырады.

Jumeken NAZHIMEDENOV

WHILE THE SUN SHINES IN THE SKY, THERE IS A MYSTERY IN THE WORLD ...

Abstract. Full of philosophical reflections and psychological searches, the works of the master who came to Kazakh poetry with his own handwriting immediately charmed the readers. His poetry is filled with comprehension of conflicting emotions and laws of nature, worldview search. Deep thoughts and vivid feelings are as if embroidered on the canvas of each of his poems.

Жүмекен НАЖІМЕДЕНОВ

ПОКА НА НЕБЕ ЕСТЬ СОЛНЦЕ, А НА ЗЕМЛЕ - ТАЙНА....

Аннотация. Поэт вошел в казахскую литературу как самобытная, яркая и сложная личность, со своим неповторимым стилем, особым философским восприятием жизни. Его лирика, преисполненная философских и психологических размышлений и наблюдений, сразу же приобрела своего читателя. Стихи о природе и родном крае, о жизни и искусстве пропитаны житейской мудростью в сочетании с трагичностью восприятия.

ҰСТАЗ

Мұз жамылып жатпасын деп қыста мен –
жылы жел боп маңдайымнан сүйіп ең.
Бір ғажайып құзар-шыңды нұсқап ең,
Өзіміздің Алатаудай биік ол...

Сен бір үлкен өзен едің мол сулы,
толқыныңның жалы жатыр Ай қағып,
Мен – жас бұлақ, үйретіп ең толқуды,
келем әлі белгісіздеу сайда ағып.

Шомылып мөлдір өзенге,
сергіп те қап ем оянып,
жауапты бір кезеңге,
Келіп те қаппын таянып.

Ғажайып қырлар гүлденген,
қызылды-жасыл боялып.
Бояуы кеппеген күндерден,
Қуанып қалдым ой алып.

Болмайтын сынды тоқталсам,
жетпейді ақыл-қиялым:
Күйдірем нені – от болсам,
су болсам – қайда құямын?

Уақыт қуып барады –
асығып келем, асығып.
Сырыңдай мына даланың
ашылып келем, ашылып.

АЛМАТЫ

Жатыр жақпар... Қарағайды аралайды жел ескен,
Жапырақтар, жапырақтар сыбыр-сыбыр кеңескен.
Тау сулары таусылмады, сыңсып тұрып ағады,
Қыз толқындар бірін-бірі шымшып күліп барады,
Айдалада ақбоз мінген Алатау бір ақ батыр,
Айналада тал-қайыңдар, тал қайыңдар сапта тұр.
Қызыл гүлдер «үзілдік дер» баяула жел, баяула,
Қызыл гүлдер, қызыл гүлдер ұйқыда ма, ояу ма?
Бар табиғат – бір тіршілік, бір тіршілік баяғы,
Тартады ұрлап тамырдан нәр шіркін шыбық баяғы.
Тастың өзі нұр шашады, бүгін-дағы, кеше де
Біздің мынау Алматыда, күн жайлаған көшеде.
Тас балқытқан талма түсте – балқимыз біз күнге ұсап,
Қызуынан алма пісті – айқасқанда мың құшақ.
Трамваймен жүре алмаймын, жаяулаймын – көп
қызық,

Қөп қызықты қапылыста алмайыншы өткізіп!
Жұлдыз көрмей күндіз көрдім, күндіз көрем әрине,
Түнде көрсем үндемес ем түсім ғой деп бәрі де.
...Жүз толқындар бірін-бірі тұншықтырып ағады,
Қыз толқындар бірін-бірі шымшып күліп барады.
Міне, біздің Алматы осы, Алма төсі бұлтиып,
Алма-төске жас бұтаның саусақтары түр тиіп.
Жүрші, жаным, қыдырайық, неғыласың жалғыз қап,
Алатаудың ақ қарынан әперейін балмұздақ!

АНАУ КЕЛГЕН КІМ БОЛДЫ ЕКЕН, БІЛІП КЕЛШІ КІМ ЕКЕН...

Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен?
Батырлық па?— Өз төрімде күтіп алам, түнетем.
Байлық болса қулау болар, тура қара көзіне.
Кім де болса алдамасын, алданбасын өзі де.
Қайғы болса артында оның қуанышы бар шығар,
бірі кірлеп, бірі жуып кеудем менің аршылар.
Бақыт болса, денем әлсіз көтере алман (өз ойым)
арман болса өмір-бақи арқалайын, төзейін...
Адалым боп арнап келсе – барым әзір, көңіл хош,
түсір жылдам, атын байла, қырауын қақ, тонын шеш.
Шындық болса кілем төсе, дастарқаным жаямын,
жалғандық па – тулақ таста, сүртіп шықсын аяғын!

АСПАНДА КҮН БАРДА, ӘЛЕМДЕ СЫР БАРДА ...

Аспанда күн барда, әлемде сыр барда
адамдар маңдайын жуған тер құрғар ма!
Беремін барымды, аламын жоғымды
екі қол, бір кеуде өзімде тұрғанда.

Дайын сөз, теңеумен, бояумен бір түне!
Ойға орта кеуделер жарайды күлкіге.
Арманда, жұрт, ойлан, орманда нұр тайған
Аю ма, қасқыр ма, білмеймін түлкі ме?

Торғай да, тоғай да көнбейді ырқына
Көк бұлақ, өлме сен көнбесең – бұрқыра!
Өлім деп нені айтқан – ұқпаймын, жоқ қайғым.
Әлде ол өмірдің тоздырған жұрты ма?

Аспанда күн барда, жерде ауа барында
ақ бұлақ, ақ құлап, арында, арында.
Аласа шынында шыңың да, жарың да –
Аламын бәрін де, жұртым тек тарылма!

АЯЗ – ЖЕҢГЕМ

Аяз, аяз!
 Бозарды бет шымырлап,
 үлпек қарда ізім қалды қыбырлап.
 Қыс келгенін, мұз басқанын даланы,
 суық жел тұр құлағымға сыбырлап.
 «Бұрынғыдай иығыңды керме!» – деп,
 өн бойыма ызғар шықты өрмелеп:
 кешке жақын жанай өтіп көрме деп,
 боз қырау тұр қыз әйнегін перделеп. .
 Аяз-жеңгем қориды сол қызды анық,
 Өзім түгіл
 Көзімнен құр қызғанып;
 Күйеуі бар – ұмытқан ғой құдайды –
 Құлағымды жазықсыз
 Қызартқанша бұрайды...

АҚ САУСАҚ БИЛЕЙДІ,
БИЛЕЙДІ...

Ақ саусақ билейді, билейді
 кәдімгі ақ мата үстінде.
 Көк жіпті сұр ине сүйрейді,
 көк ала кестелер түсті де –
 Кестелер кенеттен тіріліп,
 ну орман өсті де жетілді.
 Көк жиек сол нуға сүрініп,
 асып кеп құлаған секілді –
 Көл ұйықтап көгалдың шетінде,
 мандайын жартасқа тірепті.
 Осын-ау айдынның бетінде
 Тастар да толқыды, дір етті.
 Кестелер көк ала, ақ ала...
 тағы бір қарашы, байыптым.
 Төбемде ұшқандай шағала,
 жағасын еске алдым Жайықтың...
 Кестелер, кестелер тірілген!
 Жарымның қолына қарадым:
 кестені жап-жаңа тігілген
 кер-дала жамылып барады.
 Кестелер көгеріп түсті де,
 сұр ине көк жіпті сүйрейді.
 ...Осылай туған жер үстінде
 Саусақтар билейді, билейді.

БАЙРОҢҒА

Уа, керемет!
 Буырқана туды өлең
 Сол ғасырда өсек-ғайбат гулеген.
 «Азаматтар» азап атты, тас атты,
 атқан тастан Байран букет жасапты.

Осы екен ғой, осы екен ғой ой деген,
 Осы екен ғой ақын болып сөйлеген!
 Көз алдымда от күреген алақан...
 Ойхой менің британдық дана атам!

Кіп-кішкентай Британия аралын
 тарсындың сен, жер шарына қарадың.
 Арыстандай ағылшындық жүрекпен
 асындың сен грек қару-жарағын...

Толкын болып құладың сен бір керім,
 Шалшық болды теңізім деп жүргенің.
 Алыс жаға көрінбек ед, көрінбек...
 Бітті ақыры даңқты бір өлім боп.

Чайльд Гарольд көз салмайды кемеден,
 Чайльд Гарольд, Чайльд Гарольд – көп
 өлең.

Қайда, қайда, махаббатың ұлы жан,
 «Жүрегімді мұнда көмдім»– деген ең.

Болашаққа деген ізгі бір тілек,
 арман, үміт күн кешіп ед бос қаңғып.
 Сөз алғанда сен аңсаған бостандық,
 Өз арнаңда өлең ақты күркіреп.

Өмір – мәңгі, мәңгілік ғой, жыр, бәйгің!
 Мәңгілікке айналғанның бәрі лұғат.
 Өр рухтың, қиял, мұңның,
 табиғат
 бәрін қосып жасапты ғой бір Байрон.

БАЙЫП ҚАЛДЫМ,
ҚИЯЛҒА ДА ЖАРЫДЫМ...

Байып қалдым, қиялға да жарыдым,
 бәрібір сол тарқамады бір құмар.

Біреу менің,
мен біреудің жарымын –
Не жөнім бар мұны сізге сыр қылар?

Қай жүйрікті жаяу қуып жетемін,
Маған өмір босағасы тиіпті.
Сүйем деймін, сүю менің не теңім,
Өзім бола алмаған соң сүйікті!

БАЛА БІТКЕН ШАТТАНДЫ...

Бала біткен шаттанды,
Төменде – олар, төрде – біз,
Кебежені ақтарды
Табак алып жеңгеміз.

Есік алдында жазық бар,
жазықта екен киіз үй.
Жағал теке қазыққа,
Қасып тұрды мүйізін.

Табалдырық тақтайлы,
Көздер соны күзетші:
әрлі-берлі аттайды ақ
балтырлар, біз өкше.

Аяққапқа ұмсынып,
үлдірікке бір барып,
қыз қарайды қымсынып,
біз қараймыз ұрланып.

Көрісу ғой әуелгі,
сөз таппадық «емге» біз.
Дей бергенде «ал, енді...»
сезіп қойды жеңгеміз.

Айықты ойлар біріндеп...
ымырт жапты алқапты.
Үй сыртына дүбірлеп,
келіп қалды салт атты.

Иттер тосты жолынан,
ит үре ме «үр» десе.
Ал, үйде қыз қолынан,
түсіп кетті бір кесе...

БАУРАЙ БҰЛТЫ ЖАҢА КӨШТІ БАЯУЛАП...

Баурай бұлты жаңа көшті баяулап,
Медеу-сайдан самал есті жаяулап.
Көкжиекке барып қапты Ай аунап,
Осы бір кез, осы бір шақ аяулы-ақ.
Бал-балауса, байтақ өлке, кең мекен,
Бала гүлді кім оятты, жел ме екен?
Сен кетпеші шыңды тастап, ақша бұлт,
Кету керек болса түбі – мен кетем!
Жатыр ашық дария-дала далиып,
Далиғанды – дарқандық деп таниық!
Бұлттар жүзді қаршыға боп қызыл төс,
Бұлттар жүзді қыран болып ақ иық.
Неғып тұрсың, сыбдырамай қара ағаш,
Жүгір, самал, жапырағын ала қаш!
Неғып тұрсың, махаббатшыл дүние,
Келе жатыр сәуле-сұлу жалаңаш.
Сәнге тастап қос бұрымын шолпы өріп,
Су-бұлақты шым жібекпен көмкеріп;
Алып келіп уылыжыған аспанын
Төбемізге қоя салды төңкеріп...
Осы бір сәт қызарды да жанды жүз,
Осы бір сәт түсті жерге жалғыз із.
Күн көзімен жалт етті де, құшты кеп,
Алатаудай кәрі шалды әлгі қыз.

БАУРЫНА АП ТАУ МЕН ҚЫРДЫ ТҮН ҚЫЗҒАНДЫ...

Баурына ап тау мен қырды түн қызғанды,
тыныштық талды айнала қамады кеп.
Теңізде ашық жатқан жұлдыздарды
Толқындар ұмтылады жабамын деп.

Талықсып ескен самал баяулайды,
сайларға бозғыл сағым қалады ұйып.
Кәрі аспан төсегінде ай аунайды,
жабысып жамбасына жабағы бұлт.

БІР КӨКТЕМ ПАЙДА БОЛДЫ МАҢАЙЫМДА...

...Бір көктем пайда болды маңайымда,
Су іштім көлді шайқап, балдырын ап.
Күз өткен, қыс та кетті...

Самайында
Ақ шашы кәрілердің қалды бірақ.

Айнала сағымданды, сикырланды,
Тау жатты қара бұлтты қақтап еміп.
Түн кетті – төсегімнен ұйқы ұрланды,
самал жел қыдырып жүр баққа келіп.

Келеді желмен бірге ән дүрмегі,
Мен ғана үйде отырмын күйбең-күйбең.
Жалғыздық көрмесін деп тағдыр мені
өлең деген бір қызға «үйлендірген».
Ол менің көп мінімді сездіреді,
Отырмын тар бөлмені ыза кернеп.
Үрлейді лебімен мезгіл өзі:
«Дәл қазір жанбасаң да қызға бер!» деп.

Табиғат теңізіне сыр батырып,
ой алсам оңай сөзбен – бәрі ұнатты.
Басыма өссе де орман бір қапырық
көкейім сыр мен шуға жарымапты.

Жүрегім тап-таза бұлақ тұнып,
Күй ақты сай-жырамды толтырғалы.
Жартысын сенімімнің лақтырып,
кайтадан қағып алды толқындары.

Еліктеу табиғатқа жаңалық па,
Көлбеңдеп көл еркесі көгімде жүр.
Мен саған ұқсамаймын,
маған ұқса –
Ұқсастық керек болса тегінде бір!...

БҰЛ НЕ САҒАН! ТҮК ЕМЕС...

Бұл не саған! Түк емес,
Шындық емес, сыр емес.
Көргендерің өңінде,
түсте көрсе – бір елес.
Бердім саған келісім,
Сен де келіс мен үшін.
Шалшықта, әне, жүзіп жүр
Қалпағым мен кебісім.
Бөлісемін қайғымды
Күйбеңіммен жай күнгі:
Күйіп өлген кісі жоқ –

Күлмей-ақ қой кісінеп.
Соған бола мен егер,
азап шексем – сене бер.
Кебіс жүзген шалшықта
жүзе алмады кемелер.
Сенің жалғыз жүрегің,
Менің жалғыз білерім:
екеуімізде екі жол,
бірақ бәрі – бір өмір.
Кеттім дедің – кете бер,
өттім дедің – өте бер.
Өкінішім болса егер
өзім бармын көтерер!

ДАЛА

Дала, дала, сайран дала, сал-дала,
Кейде саған қараймын мен таңдана.
Көз тігейін көкжиектен әрірек –
Дала, дала сағымыңмен алдама.
Сағымыңды, мұнарыңды желге айдат,
Шықтым, шықтым неге болсын, бел
байлап.
Көрем, көрем қанша жасырғаныңмен
бәрін, бәрін, бәрін мен...
Жүріп келем қара жолда асығып,
(Осы жолдың аяғы – арман, басы – үміт)
Мен дайынмын
Тауық болып теруге
өз тағдырым тары болса шашылып.
Алдым – алаң, қалжыраған жоқ денем,
Жұмсақ ауа леп еседі өкпеден.
Тұрды жолда от боп жанып бір тал гүл,
Менің бір тал үмітімдей көктеген.
Қиял – қанат көтерілем, қонамын,
Жарып шыққан осы өлкенің өзегін,
Кейде өзімді бір шыбық деп сеземін,
Қонған шақта
Мен де топырақ боламын...
Дала, дала, тағдырыңа ортақпын,
Күй-жырынды, сыйлығыңды мол таттым.
...Ай адасып салды бұлтта «жортақты»,
Мен де адасып,
енді ғана жол таптым.

Автор туралы: жазушы, философ, кинодраматург, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

About the author: writer, philosopher, screenwriter, Laureate of the State Youth Award «Daryn», Honored Worker of Kazakhstan.

Об авторе: писатель, философ, кинодраматург, Лауреат государственной молодежной премии «Дарын», Заслуженный деятель Казахстана.



Дидар АМАНТАЙ

ЖАСЫЛ ТЫНЫШТЫҚ

Андатпа. Д. Амантай бірнеше роман, повесть, сонымен қатар, көптеген әңгіме, новелла, эссе, философиялық трактаттардың авторы. Шығармаларына жанрлық көптүрлілік тән, кейде бір туындысы бірнеше жанрдың басын қосып, біртұтас жаңа жанр тұрғысында байқалуы мүмкін. Жұртшылық назарына ұсынылып отырған екі шығармасында осы аталған сипаттың белгілері бар. Жазу мәнеріне ақындық проза талаптары тән. Классикалық/модернистік/постмодернистік әдебиет өкілі.

Didar AMANTAY GREEN SILENCE

Abstract. Didar Amantay is the author of several novels, novellas, multiple stories, essays and philosophical treatises. His creativity characterized by multi-genre consistency of style, poetry, elegance. Laconicism is the author's credo. The above is present in two works presented to the attention of readers. Writing style according to the requirements of poetic prose. Representative of classical/modernist/ postmodern literature

Дидар АМАНТАЙ ЗЕЛЕНАЯ ТИШИНА

Аннотация. Дидар Амантай – писатель, кинодраматург, философ, сценарист, в настоящее время является одним из самых популярных писателей, пишущих на казахском и русском языках, многие называют его постмодернистом. Д. Амантай – автор нескольких романов, повестей, множества рассказов, новелл, эссе и философских трактатов. Его творчеству присущи многожанровость, поэтичность и изящность. Лаконизм – кредо автора. Рассказ и эссе, представленные вниманию читателей, написаны в русле постмодернистской поэтики.

ЖАСЫЛ ТЫНЫШТЫҚ

– Енді, жазба – ештеңе өзгермейді.

– Жарайды.

Орман іші – жап-жарық. Күн сәулесі таңертеңгілік мезгіл, ұзын-ұзын, серек ағаштар арасынан кедергісіз құйылып, таңғы салқында жаураған бойымызды жылыта жөнеледі.

Жер мойны қашық Жетіқарақшы, Ақтерек, Жиренсақал, ағаштан қиған мұнаралы Құнанбай қажы мешіті – көне Қарқаралыдан жеткен азан уақыты – нұр шұғыла аңдыздап төбемізден жауған ашық тұстардан қарауытады. Іргемізден Шаңкөз, Бұғылы, Тағылы шың-құздары көрінеді.

Тау етегі – топ қайың, шаған жапырақты үйеңкі, үзік-үзік сымбатты ірі теректер, әлдеқалай, ойдым-ойдым көлшік, иірім айналған солқылдақ бұта, қызыл шілік, ойпат, қырат, үстірт, негізінен, зәулім қарағайлар, қылқан жапырақты, тегіс биік, заңғар, алып орман-тоғайдың ажар-көркі, кейбір тұсы қалың, жоғарылаған сайын – сұйық, сидам, сирек, текше-текше қатпар тастар, жақпар-жақпар, сүйекті, тақыс бұтақты, қызыл күрең түсті тобылғылы жер, түбіндегі, қаптап, қаулап өскен жыңғыл, шенгел тәрізді бұлтық-бұлтық жабайы бұталар, сорапты қуалап, жарып өткенде, етекпен жұлқи тартып, жібермей, қарға адым ілгері бастырмайды, киімдеріміз сояудай тікенектеріне ілініп, жүрісіміз мандымай қойды.

Кенет ертегі желісі күрмеуіне, уақиға жалғасына ұқсап, қарсы жақ, маңдай алдымыздан жол ашылды. Сүрлеу көп, жаңа түскені, терең қазылғаны сирек, бірін-бірі кесіп, шимайланып, жонға көтеріледі. Қиялай өрлеп, сайға құлайды. Жоғарыдан қайта көз салғанда, биік шоқыдан ылдилап, сілемденіп, сұлап жатады, сосын, бұраландап, созылыңқырап барып, қыр асып кетеді, таусылмайды, көбісі айқын емес, көмескі, кей жерінен, тіпті,

үзіліп қалады. Ескі сокпақ қайда апара жатқаны белгісіз.

– Қазір ешкім жазбайды.

– Мүмкін.

Төңірек тып-тыныш. Әредік ағаштардан жұпар иісі аңқыған бұршақ-бұршақ, ірі-ірі жаңғақтар құлап түседі. Бізді бір алабөтен жұмбақ күйге бөлейді. Көң топыраққа бірінен соң бірі жүйткіп келе жатып тырс-тырс домалап құлайды. Құлағаны қызық, кейде тұрып-тұрып бәрі бірдей, бір мезгілде, қатарынан күмп етеді. Кешеуілдеп жеткені қарағай қабығын, шайыр діңін жағалай, төмен құлдилап, қапелімде жолайырықта сағызына ілініп, желімденіп, жабысып тұрады, салмағы басып, үзіліп түскенде, қалтырап баяу сырғиды, көп ұзамай, екілене жауған нөсердің адасқан жалғызілікті тамшысы тәрізді қаңғалақтап ағып бара жатады. Екпіндей, ентелеп ұмтылған күйі ағаш тамырларын ұрады, бұтақтарға соғылып барып, ұшып жерге тигені, әлсіз дыбыс шығарады. Біз жайбарақат басып елік адым озғанда, жұпар иісі аңқыған бұршақ-бұршақ жаңғақтар соңымыздан тырсылдап қалып жатты.

Маңайда – басқа шу жоқ.

Оқта-текте, дәл іргемізден, аяқастынан – самал жел пайда болады. Шашыңызды қозғап, маң-дайыңыздан сүйіп, бет ұшынан өпкенде, кешегі, ескі танысыңыздай, ғайып бейнесі көзіңізге жылы ұшырап көрінетіндей әсерде қалдырады, кенет, шұғыл сырт айналып, желкеңізден қытықтап, желпілдеп ойнап, тыныштықта, тосын, ізім-қайым жоғалады, алайда, таза, мүлдем жойылып кетпейді, қайыра қоңыр салқын лебі қапталдан, әредік теріс жүргенде, ту сыртымыздан жайлап еседі. Бейтарап, марғау жолда біз нысана-мұрат, бағыт-бағдардан жаңылып, анда-санда еріксіз теріс бұрыламыз. Жөн тауып, кері қайтқанша, қарсы алдымыздан әлсіз самал қайта соғып, жібек орамалдың шеті бетімізге жұмсақ тигендей, жүзімізді майда сипайды.

– Жазба, қажет емес.

– Жақсы.

Дүние жым-жырт. Кенет, етектен жоғары көте-рілгенде, іргеден, тау сауырынан құлаған өзен шуылы естілді. Көбік шашып, сарқырап, айдыны төбеден қарағанда, күмістей жылтырап, мүмкін, айнадай жарқырап, екпіні қатты ағынмен, иірім, тоғандарды бұзып, кедергі, үйінділерді қиратып, дүрілдей, тасқындап ағып жатқан шығар. Біз кідірмей, ілгері оздық. Өзен гүрілдеп барып басылды. Сылбыр аяндап, бірқалыпты жүріп, алыстап кеттік.

Төңірек қайыра тыныштала қалды. Орман ішінде жай сөйлесеңіз де, тарғыл дауысыңыз жаңғырып естіледі. Әлсіз шыққан дыбыстың өзі, құлаққа ұрған танадай тыныштықты бұзып, бір сәт дүбірлі дүние қайта оянып, орман іші сабырынан айырылады, түз тағысы, тау-тасты мекендеген аң-құс, бәрі тегіс, бір-біріне елеңдеп, жан-жағына елегізіп, дабысқа еліктеп, дабырдың, дүбірдің шуына еліріп – азан-қазан шулап кетеді. У да шу соңы дүрбелеңге ұласып, алды-артына қарамай, дүркірей қашып, дүрсілдей шапқан, асыға жортқан жан-жануарға толады, байтақ әлем қозғалысы көңілді тосын алапат әсерге бөлейді. Шу азайып, ырду-дырду басылғанда, әрқайсы өз орнына оралады, ұясына қайтады, ініне кіріп, көзден жасырынады. Кейде шілік арасынан бөдене, қырғауылдар қалың қауды жарқ-жүрқ қопарып, жолға көлденең шыға келіп, адасып, көк шалғынға қарай қашып, жүгіріп бара жатады.

Күн жылы, мамыражай шақ, жаз маусымы, нағыз өмір сүретін уақыт. Екеуміз тауға қиялай шықтық. Төбесіне жеткенде, тоқтап тыныстап алдық. Алыстан үркердей топтанып үзік-үзік шағын ауылдар қарауытады. Шет үйлері бытырап, тарыдай шашылып, манайында окшау-окшау үркесоқ жатыр. Екі ауылдың арасы қысқарып, бір-біріне жақындап, астасып кеткендей. Жан-жақ, қыр дала, қадау-қадау

елді мекендер кішірейіп, тегіс алақанда жатқандай көрінеді.

Бұл Қарқаралы өлкесі, алтын бесік, менің ту-ған жерім. Жарықтық қандай ыстық десеңізші, сағынышым тарқамай, қайта-қайта қымбатты алапқа қарай бергім келеді.

Кеткенде, бала едім. Енді қазір жер ортасына келдік. Екі жастың бірін тауысып қалдық. Өнер деп өмір сүрдік, әдебиет деп бейнет кештік. Тұрлаусыз дүние екен, пәтуасы жоқ, түбіне жетсек те, біз оқып-тоқыған, санамызға, көкірегімізге түйген ілім-білім – баянды бақытқа, ізгілік-қайырым – шапағатқа, ізденіс пенделік қуанышқа жеткізбеді.

Ризықтың Отаны – қара орман еліңіз, қазақ жұртыңыз – алаштың атамекені.

Елге қайтсаңыз, Алматыны жоқтайсыз, оңтүстік астанаға барсаңыз, туған жеріңіз еске түседі.

Сірә, сағыныш – құдыреті күшті Төңірдің қанжығамызға байлап берген олжасы. Олжа деп байландық, бірақ, шерге айналып кеткендей, қайғысы көп, Алматыдан қайтіп кетесіз, туған жеріңізді қалай қиясыз. Біз биіктен ауылға көз алмай қарап тұрдық. Қанша қарасаңыз да, дауылпаз ақын, тылсым әлем, жарық дүние жыршысы, Аманжолдың Қасымы жырға қосқандай, бір сәт тоясыз ба.

Өмір бір жақты бағытынан көз жазбайтын жүйрік көлік тәрізді. Әйтеуір, таңның атысы, кештің батысы жанталайсып, бәріне үлгеруге талпынған, асыққан, беймаза жұрт. Соңғы аялдаманы көрмеген соң, тегіс жылдам, уақытпен жарысамын деп жақындай түседі.

Сыңсыған қарағайлы орман тыныш қалпы, қалжырап, маужырап жатқандай көрінеді, зер салып, қас қада-саңыз, сұлулығынан көз тұнады. Ол ешқайда асықпайды. Оның өмірі ақырын өтеді. Ат ауыстырып мінгендер мұратына тез жетеді, бірақ, ғұмыр дегеніміз тыныштық, алаңсыздық, жайбарақаттылық емес пе, көңілі тоқ адам көп сөйлемейді, сосын,

әдетте, көлгірсімейді, ну орман тәрізді жайнаған тіршіліктің жасыл шуылын тындап, міз бақпай, үнсіз тұра береді.

Тыныштықтың бояуы – тіршіліктің түсі – көк жасыл. Сенімділіктің белгісі, өмірдің сыны, жан жаннаты, көңілдің үміті, сазы – анда-санда жел тұрып, жасыл желектің алып ағаштарын жайқаған, шайқаған дыбысы.

Әдетте, жасыл дыбыстың шуы жоқ, көп ғасырлар бойы естілер-естілмес, алмағайып ән салып тұрғаны болмаса...

– Ештеңе жазба, бір адамдай жаздың, жетеді.

– Иә.

Екеуміз төмендей бастадық. Тыныштықты қақ жарып, жүріп келе жатырмыз. Орман үнсіз, аспан үнсіз, піл сауырлы қара жер үнсіз. Оқта-текте самал есіп, жел толқытқан жасыл дабыс қана бар. Дүниенің таңғажайып тыныштығын көркем кітаптардан оқығанда, туған жерді аралаған ұзақ сапар жадыңызға оралады.

Ешқандай бөтен дыбыс жоқ: көлденең әңгіме, көмескі сарын, жат күлкі, жалған көз жасы, бөтен қасірет-қайғы, бейтаныс қуаныш-шаттық, бөлек әнжыр... тегіс тып-типыл.

Бәрі тым-тырыс. Әлемнің жасыл үнінде тіршіліктің жұмбақ құпиясы тұнғандай... қым-қуыт ғаламзаттың бастауы да – сонда.

Біз алаңсыздықты жырлаймыз. Расында-ау, тыныштықтан асқан бақыт бар ма өзі.

Орман алқабынан жанымыз тебіреніп, көңіліміз толқып шықтық. Қасқыр құйрық қарағайлар келер жылы жол түсіп жатса, туған жерге тағы ат басын бұрсақ, еш өзгермеген қалпы, сол күйінше қалғып-мүлгіп қарсы алатынына сеніміміз зор.

Тілеуқор жұрт, киелі отан, қайран, Сарыарқа... пішен науқаны, орақ мезгілі басталды, алаш елі қашанда дұғамызда, ұлы ормандар ұйқысынан оянбасын, жүрекжарды сөздің ақ тілегі анық, шалқар дала, бетпақ тұз, ұшан-

теңіз сақара ортасында шалқыған, кең-байтақ орман ішінде, біз қаладан шарқ ұрып іздеп таппаған, шаһар-қорғандардан көрмеген, адамның асыл бақыты, таңсық та тамаша – тыныштық өмір сүреді.

10.03.2019 / 19.04.2019

САМАЛДАН ЖІБЕК БАЙЛАҒАН эссе

Қарға адым жерде – Сіз.

Бірқалыпты кетіп бара жатасыз. Таңғажайып дүние – мәнін де, сәнін де, әнін де – жаратушы Құдай Тағала көп көрмесін, қарақ бала, сұлу жүзіңізден тапқандаймын.

Сіз қарамайсыз. Жолыңыз – даңғыл, біз – бөгет емеспіз. Сізге асығу қажет, алдыңыздан Сіз аспаған талай асулар күтіп тұр. Серуен құрғанда, шындардан құздарға, шыңырау биіктерден таулардың ұшар басына қарғитын пайғамбарлардың көлеңкесіндей Заратушталар ілгері озып бара жатады. Ілімнің бәрі – ілкі. Білім – жаңарады, қашанда – жаңа. Ойыммен әлекпін, өмір де ойын, махаббат – тіпті, дерт, жалған, ақиқат – өнер, музыка, философия, содан соң – дін, дәлірек – иман.

Тосын жалт қарағанда, мен теріс айналамын. Жарқ еткен жанарыңыз ғана – есте. Жер мойны қашықта – көз ұшында жоғаласыз.

Үйдемін. Далада – ақсақ ойылып түсетін ала қанат қар. Көшеде – автомобильдер. Сығылысқан халық, тасқындап құйылып жатқан нөпір. Қала, қыстың көзі – қырауда еді, жазғытұрым келді. Жұрт – шашын астында, жол үстінде.

Терезеден тысқа, тыстан күн байыған қызыл іңірге, қызыл іңірден шексіз ғарышқа қараймын. Маусымда, қаңтарылған Үркердің ауып бара жатқаны есімде, Сүмбіле жерге түсіп...

Саратанда жаз жайнағанда, айналайын, Темірқазық, қозғалма.

Енді, Наурыз туды. Уақыт – дос емес, жау – жылдам. Ұмытыңыз, ала жаздай іздеп едік – Сізді. Әсет айында, мүмкін, ақшам жамыраған шақ, әлде, ымырт жабылған мезгіл, ала көлеңке қараңғылықта Сіз көшені жаңғыртып тықылдатып жүріп келе жатқандайсыз. Көңілім – дүдәмал, үмітім – үкісіз. Күдер үзген кез еді.

Нақ өзіңіз, жүзіңізден нұр, нұрдан жүрек қылын шерткен саз, саздан қападар мұнды жарған маңдай, маңдайыңыздан бақыт көрінеді.

Маңдайымыз жарылды. Кеудеңізден қасқалдақ қанат қағып, көк ала үйрек ұшып шыққандай, төңіректі зор дауыс баяулата салған ән басады. Үн, жасық үміт, самалдан жібек байлаған, білезіктен ұстап үйге жетелейді. Сіз – ғаламтордасыз. Өркениет табысы, мәдениет сахнасы, адамзат жады. әлемді шарлап, ғарышты аралап, шаһарларды адақтап, Сіз қайда жүрсіз?

Мен – қаладамын. Таңнан шықсам да жалқымын. Күндіз жүрсем де ешкім жоқ. Түнге кірсем де – қарсы алдымда – жалғыздық. Қара басым қалқып...


Қалта телефоныңыз бар екен. Хабарламалар тасқыны жадына сыймай, жан-жағына шашылып, төгіліп, көміліп жатыр. What is up?

Не болды, деймін.

Кім менің босағама жалғыздықты байлап кетіп... үйімді Еділбектің мұнарасындай тұман қамаған. Қайғы ма екен. Сіз тура қазір нөмірімді теріңіз. Джон Стейнбекті оқып отырмын – “Зима тревоги нашей”.

Уильям Фолкнерді оқығаным да қырық жыл болды. Милорад Павич, Орхан Памук, Томас Пинчон, Джон Бэнвилл, Амос Оз, Шмуэль Йозеф Агнондар сөрелерден көз салады. Сіз звондаңыз – қоңырауыңызды күтемін. Көзім ілініп кетсе, яғни, онда уақыт елең-алаң, таң атып қалды деген сөз, бірақ, дауысын ашып қойдым, дыбысы қатты шығады, Сіз звондасаңыз – оянуым тиіс.

2019 жыл





Жарияланған мақала мен автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Журналдың жаңадан ұйымдастырылуына байланысты қаржылық қоры жоқ, авторларға қаламақы төленбейді. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Редакцияға түскен барлық мақалалар сілтеме алынатын халықаралық журналдарға қойылатын талаптарға сәйкес сарапталады.

Published articles and opinions of the authors do not reflect the opinion of the editorial board. In connection with the new registration, the magazine does not have financing fund, authors' fees are not paid. The editorial board doesn't respond to the received letters. Manuscripts are not returned.

All submitted articles are reviewed in accordance with the requirements of the cited international journals.

Опубликованные статьи и мнения авторов не отражают мнение редакции. В связи с новой регистрацией журнал не имеет фонда финансирования, авторам гонорары не выплачиваются. На поступившие письма редакция не отвечает, рукописи авторам не возвращаются.

Все поступающие в редакцию статьи рецензируются в соответствии с требованиями к международным цитируемым журналам.

Көркемдеушілер тобы:

Алдашева Айгүл, Айымбетов Азамат

ИБ № 14131

Басуға 20.12.2020 жылы қол қойылды.

Пішімі 70x100/16. Көлемі 12,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №16222. Таралымы 1000 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.